

ӘБДІРӘСІЛОВ ЕРБОЛ

ҚАЗАҚ  
ТЕРМИНОГРАФИЯСЫНЫҢ  
ЖҮЙЕСІ

Астана, 2005

ББК 81.2-4

Ә 14

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі  
Тіл комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды

Жауапты редакторы:

**Шерубай Құрманбайұлы,**

филология ғылымдарының докторы, профессор

Пікір жазғандар: **Байынқол Қалиұлы**

филология ғылымдарының докторы, профессор

**Мырзаберген Малбақов**

филология ғылымдарының докторы, профессор

**Ә 14 Әбдірәсілов Е.**

Қазақ терминографиясының жүйесі. - Астана, 2005. - 208 б.

ISBN 9965-23-108-7

Монографияда қазақ терминографиясының құрылымдық, жүйелік мәселелері қарастырылады. Лексикография мен терминологияның аралығынан шығып, терминологиялық сөздіктердің құрылымы мен жүйесін, терминологиялық сөздік жасау мәселелерін қарастыратын сала ретіндегі қазақ терминографиясын қалыптастырудың негізділігі дәлелденіп, оның зерттеу нысаны болып табылатын негізгі мәселелер талданады. Терминологиялық сөздіктерді шығаруға қойылатын талаптар мен тәжірибелік қазақ терминографиясының тарихы сөз болады.

Жұмыс салалық ғылымдар терминологиясын зерттеушілерге, олардың терминологиялық сөздіктерін құрастырушыларға, тіл мамандарына, терминографияның теориясы мен тәжірибесі, тарихы қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

И 4602030000 00(05)-05

00 (05)-05

ISBN 9965-23-108-7

© Әбдірәсілов Е.

© 1 С - Сервис

## АЛҒЫ СӨЗ

Ғылыми қауым үшін қазіргі шығып жатқан және осы уақытқа дейін шығып келген қазақ тілімен байланысты терминологиялық сөздіктердің төңірегіндегі өзекті мәселелердің жинақталып, ресми және ресми емес сипаттағы сын-пікірлерге ұшырауы, олардың ғылыми қауым мен көпшіліктің терминдер туралы ақпараттарға деген қазіргі кезеңдегі сұраныстары мен талаптарын қанағаттан дыра алмай отыруы айтылмай, жазылмай жүрген мәселе емес. Өзекті болып есептеліп жүрген осындай сұрақтардың қатарына терминологиялық сөздіктердің қолданыс таппай жүргендігі, терминологиялық сөздіктердің қолданыс тап пау себептерінің айқындалып, түсіндірілмеуі, терминологиялық сөздік құрылымындағы жүйесіздік, терминдердің сөздік құрылымдарында дұрыс берілмеуі, терминдердің дұрыс аударылмай берілмеуі, қолданыста қалыптаса қоймаған экспериментті сипаттағы терминдердің аударма нұсқаларының берілуі, кірме терминдердің сөздіктерде берілуіндегі қиындықтар, екі бағанында да кірме термин берілген жағдайда термин мағынасы-дефинициясының ашылмай, түсініксіз болып қалуы, кірме терминнің қай тілден еніп, сол тілден тікелей аударғанда қандай мағына білдіретіндігі көрсетілмей жатуы сияқты т.б. толып өзекті мәселелерді жатқызуға болады.

Бұл мәселелер жиынтығы, ең алдымен, қазақ тіл білімінің тарихында терминдерді жүйелеу ісін, сонымен байланысты терминологиялық сөздіктерді шығару ісін соңғы кезеңде ғана жаппай қолға алуымызбен байланысты түсіндіріліп, бірден қолға алынған мұндай істердегі кемшіліктердің болатындығы заңдылық екендігі ескерілгені де жөн.

Дегенмен, аталған мәселелер төңірегінде қазақ ғылымы ғылыми негізделген зерттеу, талдау жұмыстарын қажет ететіндігі де түсіндіріп жатуды қажет етпейді. Өзге тіл білімдеріндегі терминологиялық сөздіктерді шығару, терминдерді реттеу, бірізге түсіру, үйлестіру жұмыстарының теориясы мен тарихына зер салсақ, бұл мәселелер терминография саласының ауқымында қарастырылып, терминологиялық сөздіктердің құрылымы мен жүйесіне қатысты теориялық, тәжірибелік мәселелер түрлі дәрежеде өз шешімін тауып жатады. Терминография - терминологиялық сөздіктер шығару ісіне қатысты теориялық, әдістемелік, тәжірибелік мәселелермен айналысатын, өзге тіл білімдерінде жеке сала ретінде қалыптасып келе жатқан ғылыми салалардың бірі. Ал қазақ ғылымының тарихында терминологиялық сөздіктер шығару ісі лексикографиялық сөздіктерге қойылатын талаптар деңгейінде шығарылып, терминдерді сөздіктің түрлерінде беру барысында термин табиғатының өзіндік ерекшеліктері ескерілмей, қазақ терминографиясы теориясының тарихында анықталмай, тиісті дәрежеде зерттелмей келгендігі де дау туғыза қоймайтын шындық.

Ақылдың аңдауына жүгінсек, қазақ терминографиясының тарихы жоқ емес, бар. Қазақ ғылымында

терминография тек лексикография қағидаттарын негізге алған тәжірибелік терминография сипатында ғана дамыды. Терминдердің сөздігін шығару арнайы мәселе ретінде теориялық терминография тұрғысынан қарастырылмай келді. Оның өсері кейінгі жылдары көптеп шығарылған терминологиялық сөздіктер сапасына өз әсерін тигізбей қойған жоқ.

Осы себептерді негізге ала отырып, бүгінгі қазақ терминографиясында көрсетіліп өткен маңызды мәселелер мен сұрақтарды аңдап, байқай отырып, теориялық терминография тарихында өзге тіл білімдерінде қалыптасқан іргелі еңбектер мен зерттеулерге сүйене отырып, қазақ терминографиясының құрылымдық, жүйелік, тарихи мәселелеріне талдау жасап көруді, терминографиялық еңбектер болып есептелетін терминологиялық сөздіктердің сапасына қатысты мәселелердің өз шешімін табуына үлес қосуға болады деген қорытынды жасауға болады.

Осы мақсаттарды екере отырып, қазақ терминографиясының ғылым саласы ретінде қалыптасуына алғышарт болатын терминографияның жүйелік ұғымдарына, яғни метқұрылымына, оның қарастыратын зерттеу нысандарына, жалпы сөздіктің құрылымдық ерекшеліктеріне, қазақ тәжірибелік терминографиясының тарихына тоқталып, талдау жасауға ұмтылыс жасалды.

# 1. ҚАЗАҚ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

## 1.1. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері

Қазіргі уақытта қазақ тілінің терминологиясында терминдерді қалыптастыру үрдісі жүзеге асырылуда. 90 - жылдардан бері қазақ тілінде терминдер жасауға мән беріле бастады. Қазіргі қазақ терминологиясы-қазақ тіліндегі терминдерді үйлестіру, бірізге түсіру бағытындағы көлемді жұмыстарды талап етіп отыр. Соңғы кезеңдегі терминология саласына қатысты ғылыми жұмыстардың көптеп жазылуы да соның айғағы.

Қазақ терминдерін жасауға, оларды үйлестіруге байланысты жұмыстардың бірден үлкен қарқынмен жүргізілуінің және ондағы шешуді қажет ететін өзекті мәселелердің көбеюінің, сол бағытта соңғы аз уақытта көптеген ғылыми жұмыстардың жазылуының өзіндік себептері жоқ емес.

Біріншіден, қазақ терминдерін реттеудің қажеттілігіне, оның маңыздылығына көп уақыт бойы баса мән берілмей келді.

Екіншіден, қазақ терминологиясының өзекті мәселелерін зерттеп, шешіп берген ғылыми еңбектер тым аз болды. Қ. Жұбановтың<sup>1</sup> және басқа ғалымдардың бірқатар ғылыми мақалаларымен қатар, 90 жылдарға дейін тек Ө. Айтбайұлының ғылыми монографиясы қолданылып келді<sup>2</sup>. Басқа еңбектер терминология саласының жекелеген

<sup>1</sup> Жубанов Қ. *Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые государственной терминологической комиссией // Исследования по казахскому языку. - Алматы: Ғылым, 1966.*

<sup>2</sup> Айтбайұлы Ө. *Қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы. Алматы, 1988. - 206 б.*

мәселелерін қарастырған ғылыми мақалалар ретінде ғана жарияланып, ондағы кейбір мәселелер негізге алынып, кейбірі ескерілмей келгендігін мойындауға тиістіміз. Бірақ бір ғана монографиялық еңбектің және идеологиялық уақыттың ықпалымен жарық көрген азды-көпті мақалалардың жазылуы қазақ терминологиясындағы барлық өзекті мәселелерді шешуге жеткіліксіз еді. Мұндай тұжырым жасауға итермелейтін себеп - 90 жылдарға дейін жарық көрген мақалаларда қазақ терминдері мен оларды жасау, реттеу мәселелерін қазақ тілінің тіл ретіндегі ішкі құрылымдық, танымдық, ұлттық табиғатымен байланыстыра қарастыру жағы зерттеу нысандарынан сырт қалып отырған. Терминдердің калька немесе тура аударма жолымен жасалып, болмаған жағдайда, көбінесе кірме терминдердің сол қалпында алынып келуі де осы тұжырымға дәлел бола алады. Оның үстіне, қазіргі кезеңдегі терминологияның даму қарқыны мен онда пайда болып оғырған жаңа бағыттағы ғылыми мәселелер тізбегі терминологиядағы ауқымды да жаңа заман талабына сай мақсаттар мен міндеттерді шешуді талап етуде.

Үшіншіден, қазақ тілінде терминдер жасауға соңғы онжылдықта ғана үлкен мән беріле бастады. Бұл қазақ тілінде жасалған көптеген терминдердің қалыптасып, қолданыс табуына ықпал етумен қатар, терминологиядағы шешуді қажет ететін өзекті мәселелердің де пайда болуына, олардың қатарының көбеюіне итермеледі. Осыған байланысты қазіргі тіл біліміндегі терминологияға қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының көбеюі де заңды деп білу керек. Олардың өзі қазақ тіліндегі терминдер табиғатын,

оларға байланысты қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелерді шешіп беруге жеткілікті деп айту орынсыз. Солардың бір тобы қазақ терминологиясының бір саласы ретінде қарастырылатын қазақ терминографиясына қатысты.

Сонымен, қазақ тіліне мемлекеттік деңгейде үлкен мән берумен байланысты оның терминологиясы соңғы уақыт- тарда үлкен қарқынмен зерттеліп, қазақ тіліндегі терминдер қалыптаса бастады. Терминологиялық сөздіктер санының да арта түскендігін, әр салаға қатысты терминологиялық сөздіктер жарық көріп үлгергендігін байқау қиын емес. Бұл бір жағынан, терминологияны жаңа бағытта қолға алумен байланысты туындап отырған жұмыстардың терминологиялық сөздіктер шығару ісіне де ықпалын байқатса, екінші жағынан, қазақ терминологиясында терминологиялық сөздіктер шығару ісін жолға қоюға деген үмтылыстың белгісін көрсетіп отыр. Ал, бұл бағыттағы жұмыстар негізінен өзге елдердің тіл білімінде терминологияның бір тармағы болып есептелетін сала терминографияның дамуымен тікелей байланысты. Терминография ұғымына арнайы және жан-жақты тоқталатын боламыз. Дегенмен, түсінікті болу үшін терминографияның терминдерді реттеп, бірізге түсіріп отыратын терминологиялық сөздіктерді қарастыратынын, терминдерді үйлестірудегі басқа да өзекті мәселелер жүйесін зерттеу нысаны етіп алатын сала екендігін айта кеткен артық болмайды. Осыған байланысты қазақ тіліндегі терминдерді үйлестіру жұмыстарымен байланысты терминография саласындағы жинақталған өзекті мәселелер де шешуді, терминографияға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етіп отыр. Өйткені терминологиялық



сөздіктердің де сапасына, құрылымы мен ерекшеліктеріне, құрамындағы терминдерінің жарыспалы қолданысына, әр сөздікте әр түрлі берілуіне байланысты терминологиялық сөздіктердің құрылым-құрылысын зерттейтін қазақ терминографиясында бірқатар өзекті мәселелер пайда болды. Дегенмен, терминография саласын зерттеуге ден қоюдың, оның басқа тілдердегі қалыптасуының тағы өзіндік себептері жоқ емес. Ал, қазақ тіл білімінде бұл саланы қалыптастыруды қолға алуымыздың қазақ тіліндегі терминология саласының дамуына байланысты өзіне ғана тән себептері тағы бар. Бұл себептерге қазақ тіл білімінде терминография саласына қатысты алғаш мақала жазған ғалым Ш. Құрманбайұлы да өз тұрғысынан тоқталып өтеді<sup>1</sup>.

Терминографияның тіл біліміндегі жеке сала ретінде қалыптасу себептері, оның зерттеу нысандарының пайда болуы өзге тіл білімдерінде кеңінен сөз болады. Бұл мәселені біз де өз көзқарасымыз тұрғысынан талдап көруді дұрыс деп таптық. Терминографияның сала ретінде орнығуына түрткі болып отырған негізгі себептердің ғылы ми тұрғыдан ашып көрсетілуінің де маңызы бар.

Бұл ең алдымен, қазақ терминографиясын қолға алудың қажеттілігін, оның ғылыми негізділігін аша түсу үшін маңызды болмақ. Сонымен бірге қазақ терминографиясында қарастырылатын мәселелер мен терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптарды теория мен іс жүзінде қолданудың дұрыстығын түсініп, осы бағыттағы зерттеу-ұйымдастыру жұмыстарын жүргізе түсу үшін де оның маңыздылығы мен ғылыми негізділігін дәлелдеп көрсету орынды болып табылады.

<sup>1</sup> Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминографиясының мәселелері. // *Ізденіс-Поиск*, 2002.

Сонымен, қазақ тіл білімінде терминографияны қолға алудың қандай себептері бар? Қазақ терминографиясын қолға алып, қалыптастырудың ғылыми негізділігіне көз жеткізудің аясындағы мәселелердің негізі осы сұрақпен және оған алынар жауаппен тікелей ұштасып жатыр.

Біріншіден, терминологиялық сөздіктерді түзу барысында лексикографиядағы жинақталған тәжірибені пайдалануға болса да, терминологияның дамуына байланысты терминдерді сөздіктерде беру ерекшеліктері үнемі лексикографиялық талаптармен, ерекшеліктермен сәйкес келе бермейді. Ғалымдар көрсетіп жүргеніндей, жалпы филологиялық сөздіктер мен арнаулы сөздіктердің ерекшеліктері бұрын бір ғана лексикографияның аясында қарастырыла берсе, қазір терминологиялық сөздіктерді бұл үрдіспен шығару олардың сапалылығын қамтамасыз ете алмай отырғандығын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Оған дәлел - қазіргі қазақ тіл білімінде шығарылып жатқан түрлі салалық, сериялық терминологиялық сөздіктердің қолданысқа ие бола алмай, қолданушылардың талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыра алмай отыруы.

Екіншіден, керісінше, лексикографиялық зерттеу еңбектердің нәтижелері, ерекшеліктері терминологиялық сөздіктер жасау ісін толығымен, жан-жақты, өз деңгейінде қамтамасыз ете алмайды. Яғни, лексикографиядағы теориялық еңбектердің, ондағы теориялық қағидалардың барлығын терминологиялық сөздіктер жасауда негізге ала беруге келмейді. Лексикографиялық еңбектердің нәтижелері терминдерді сөздіктерде сапалы берудің ерекшеліктерін ескере бермейді. Бұл - тоқталып өткен

терминографияны қолға алудың қажеттілігінің бірінші себебінің екінші жағы. Бұл себептер бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Бұл арада лекеикографиядағы қажетті деген талаптар мен ұстанымдардың терминографияда да пайдаланылатындығын жоққа шығаруға болмайды. Терминографияның лексикографиядан ерекшеленетін, басқа өзіндік зерттеу нысандары бола тұрса да, бұл сала лексикографиядан мүлдем өзгеше деген біржақты түсінік тумауы тиісті және олардың өзара тығыз байланысты екендігін ұмытпау керек.

Үшіншіден, терминологиялық сөздік түрлері соңғы кезеңдерде қарқынды түрде дамуда. Осыған байланысты терминологиялық сөздіктердің өзіндік ерекшеліктерін ашу үшін алдымен олардың лексикографиялық еңбектерден айырмашылықтарын оларды сапалық жағынан жақсарту үшін негізге алынуға тиісті өзіндік талаптары мен принциптерін анықтау қажет болып отыр.

Төртіншіден, терминографияның лексикографиядан айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтаумен қатар әр салаға қатысты терминологиялық сөздіктердің әрқайсысының салалық-тұрғыдан анықталуға тиісті ерекшеліктерін, олардың бір-бірінен өзара айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ашып көрсету де терминографияны қолға алуға негіз болатын басты себептердің бірі болып табылады. Бұл себеп терминографияның лексикографиядан іргесін ажыратып көрсету үшін ғана емес, терминологиялық сөздік сапасын жақсартуда тетік болатын әдіс-тәсілдерді нақты көрсетіп, терминдердің қолданысын реттеу жұмыстарымен байланысты.

Бесіншіден, терминографияда терминологиялық сөздіктердің түрлерін жіктеп көрсетіп, оларды топтастыруда негізге алынатын басты белгілерді анықтап беру қажет.

Алтыншыдан, әр сөздік түріне, нақтырақ айтқанда, әр сөздік түрінің құрылымына қойылатын талаптарды анықтау қажет. Ғалымдардың көрсетуі бойынша сөздік түрінің ішкі микроқұрылымдық талаптары олардың мақсаты мен қызметіне тікелей байланысты. Мысалы, аударма сөздік қызметі - аударып беру болғандықтан онда қосымша материалдардың, түсіндірме мысалдардың көп қамтылуы міндетті емес. Осы сияқты әр сөздік түрін түзуге байланысты ерекшеліктердің болатындығы түсінікті жағдай. Алайда, терминологиялық сөздік түрлері құрылымдық ерекшеліктері жағынан қазақ тіл білімінде талдана қоймаған.

Бұл себептердің барлығы Ш. Құрманбайұлының еңбегінде көрсетілген "терминологиялық сөздіктерде әр саланың ғылыми ұғымдар жүйесінің ерекшелігін беру", терминологияның дамуына байланысты "терминографияның да лексикографиядан біртіндеп іргесін ажырата бастауы", "жалпы филологиялық сөздіктер мен арнаулы сөздіктердің өзіндік ерекшеліктерінің" жеке қарастырылуы сияқты терминографияның жеке сала ретінде қарастырылуына әсер еткен негізгі факторларға топтасады<sup>1</sup>. Ғалым атап көрсеткен факторлар - терминографияны қолға алуға әсер етіп отырған негізгі себептер болып есептелуі тиісті. Және өзге елдердің тіл білімінде кезінде терминографияны арнайы сала ретінде қарастыруға ықпал

<sup>1</sup> Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминографиясының мәселелері. // *Ізденіс-Поиск*, 2002.

еткен, әрі қазіргі қазақ терминографиясын қолға алуға ықпал етіп отырған басты қозғаушы күш - сөздіктерде терминдерді сапалы етіп беруге ұмтыла отырып терминологиялық сөздіктерді жақсартудың жолдарын қарастыру, соған сәйкес жаңа сөздік түрлерінің құрылымын жасап, қолданысқа ұсыну екендігі басты мәселе.

Аталған өзекті мәселелер терминологиялық сөздіктердегі кемшіліктермен, сөздіктерде терминдерді берудегі қателіктермен де тікелей байланысты. Бұл - қазақ терминографиясын қарастыруды туындатып отырған қозғаушы күштердің, негізгі себептердің бірі екендігі де түсінікті. Қалай болғанда да, терминологиялық сөздіктерде кездесетін кемшіліктерді көрсетудің терминография теориясын қалыптастыру үшін өзіндік маңызы бар. Сондықтан олардың мынандай түрлерін көрсетуге болады:

- Бірнеше сөздік қызметінің бір сөздікте берілуі. Айталық, түсіндірме сөздікті әрі аударма сөздік ету немесе аударма сөздікті әрі тақырыптық сөздік етіп түзу. Бұл сөздік түзу ісін қиындатады, әрі мұндай сөздікті пайдалану қолайсыздық тудырады;

- Терминологиялық сөздікке терминдерді сұрыптап алуда қателіктер кездеседі. Көптеген терминологиялық сөздіктердің құрамында қамтылған терминдерден сөздік түзушінің субъективті ұстанымға және сөздікке кездейсоқ алынған терминдер ретін аңғаруға болады;

- Бір сөздік түріне жататын терминологиялық сөздіктердің құрылымында бірізділік сақталмайды. Әр сала мамандары жасаған сөздіктерін өз талғамына сай түзуге тырысады. Осыған орай сөздіктің әр түріне қатысты қатаң сақтауға тиісті заңдылықтар мен талаптар белгіленбеген.

Нәтижесінде, белгілі бір саланың әр автор шығарған терминологиялық сөздіктері әр түрлі нұсқада шығарылып жүр. Бұл терминологиялық сөздіктердегі жүйеліліктің сақталмауына, қолданыстағы бірізділіктің болмауына итермелейді;

- Терминологиялық сөздіктердің құрылымында қажет тұста керекті шартты белгілер мен сілтемелер берілмейді;

- Терминологиялық сөздіктердің мазмұны мен құрылымы оның басты мақсаты мен қызметіне сәйкес келе бермейді. Мысалы, көптеген аударма сөздіктерде терминдер дұрыс аударылмай жатады, кірме терминдер қазақ тіліндегі бағанасына сол қалпында беріле салады. Бұл кірме терминдер қазақ тілінде мүлдем қолданылмасын деген сөз емес, тек кірме терминдер арнайы бөлім ретінде берілуі қажет. Мұндай кемшіліктер аударма терминологиялық сөздіктің негізгі қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді;

- Терминдерді сұрыптауда, оларға анықтама беруде бірізді үлгі мен принциптер сақталмайды. Кейбір ғылым саласының терминологиялық сөздіктерінде бірнеше термин бір нұсқада аударылып беріледі, немесе бір терминнің әр түрлі аудармасы кездеседі. Бір ғана терминнің бірнеше аударма нұсқасының болуы, олардың әр түрлі сөздікте әр түрлі аударылып берілуі терминологиядағы синонимділікті, терминдердің қолданысындағы жарыспалылықты тудырады.

- Қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктерде терминнің жасалу жолдарын, морфологиялық құрылымын беру тәсілдері калыптаспаған;

- Сөздік материалдары мен безендірілуінде бірізділік сақталмайды.

Осыған ұқсас орыс тіліндегі терминологиялық сөздіктердегі кемшілік түрлерін орыс терминографы С.В. Гринев та өз еңбегінде атап көрсеткен<sup>1</sup>. 90 жылдарға дейін орыс терминографиясында да терминологиялық сөздіктер түзу ісінде негізге алатын ғылыми еңбектер мен құжаттар жоқтың қасы болған. Тек С.В. Гринев<sup>2</sup> пен Ю.Н. Марчук<sup>3</sup> еңбектерінің пайда болуы орыс ғылыми терминографиясын әрі теориялық, әрі тәжірибелік тұрғыдан дамытуға ықпал етті. Аталған кемшіліктердің терминологиялық сөздіктерде жіберілмеуі үшін тәжірибелік терминографияда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен оларға қойылатын талаптар ғылыми тұрғыдан негізделіп көрсетілгені орынды. Бұл жан-жақты талдауды және реттеуді, теориялық терминографияның ғылыми-теориялық негіздерін, өзіндік жүйесін қалыптастыруды қажет етеді.

## **1.2. Қазақ терминографиясының жүйесі және оның зерттеу нысандары**

Терминография жөніндегі еңбектер қазақ тіл білімінде осы уақытқа дейін жоқ болып келгенімен, бұл терминмен байланысты осы саладағы алғашқы мақалалар мен зерттеулер жарық көріп үлгерді. Терминографияның терминологиялық сөздіктер жасау мәселелерімен

<sup>1</sup> Гринев С.В. *Введение в терминографию*. 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995. - 0.10-11.

<sup>2</sup> Гринев С.В. *Введение в терминографию*. 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995. - 161 с.

<sup>3</sup> Марчук Ю.Н. *Основы терминографии*. - М.: ЦИИ МГУ, 1992. - 76 с.

айналысатын тіл білімінің саласы екендігі осы еңбектерде жан-жақты айтылып өтті<sup>1</sup>. Терминология саласының негізінде, лексикографиямен байланысты қалыптасқан саланың атауы ретінде өзге тіл білімдерінде қолданылып жүрген "терминография" терминін қабылдау үрдісі тілшілердің еңбектеріндегі мәліметтерге сүйенсек, іргелес орыс тіл білімінде 1970 жылдардың өзінде-ақ қолға алына бастапты. "Терминография" терминін орыс тіл білімінде 1971І жылы А.Д. Хаютин ұсынса, 1972 жылы "терминограф" терминін Э.А. Натансон ұсынып, 1975 жылы аталған терминдерді Рей деген ғалым қабылдап, өз еңбегінде қолдана бастапты<sup>2</sup>. Сол кезеңнен бергі уақыттың өзінде де "терминография" терминін орыстардың өзі 1980 жылдардың аяғы, 1990 жылдардың басында ғана жиірек қолданып, бұл терминді біршама қалыптастырып, терминологиялық сөздіктерге қатысты мәселелерді көрсетілген терминмен аталған сала аясында қарастыра бастады. Оған дейін "терминологиялық лексикография", «ғылыми-техникалық лексикография» терминдері балама терминдер ретінде қолданылып келді. Тіпті тіл біліміндегі осы саладағы зерттеу еңбектерге мән берсек, әлі күнге дейін бірде «терминография», бірде «терминологиялық лексикография» немесе «ғылыми-техникалық лексикография» терминдері араласып қолданылып жүр<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминографиясының мәселелері. // *Ізденіс-Поиск*, 2002; Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. *Общая терминология: Вопросы теории*. - М. 2003. - С.15.

<sup>2</sup> Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. *Общая терминология: Вопросы теории*. - М., 2003. - С.14-15.

<sup>3</sup> Гринев С.В. *Введение в терминографию*. 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995. - С. 4.



Соған қарамастан, **терминография** - соңғы уақыттарда жалпы тіл білімі деңгейінде терминологиялық сөздіктерді зерттейтін ғылым саласы ретінде қалыптаса бастады. Әлемдік тіл білімінде аталған термин жеке сала атауы ретінде соңғы бірнеше онжылдықта орнықты қолданылып келеді. Сонымен, орыс ғалымдарының көрсетуі бойынша орыс тіл білімінде терминография, терминограф терминдері 1975 жылдан бері қолданыс тапқан. Кейбір еңбектерде *терминография* терминінің орнына терминологиялық лексикография термині де қолданылып келді. Содан бергі кезеңде орыс тіл білімінде терминографияны жеке сала ретінде қалыптастыруға, өзіндің қарастыратын зерттеу нысандары мен мәселелерін, мақсаты мен міндеттерін белгілеп беруге, ғылымдағы орнын көрсетуге ұмтылған ғылыми еңбектер жарық көріп үлгерді.

Аталған термин қазақ тіл біліміне іргелес орыс тіл біліміндегі қолданылып жүрген нұсқасы бойынша алынып отырғандығы белгілі. Бірақ, бұл терминология саласына тікелей қатысты сала болса да, қазақ терминологиясында бүгінгі күндері ұлттық терминдер қалыптастыру бағытына басым мән беріліп отырса да бұл терминді осы өзге тілде қалыптасқан нұсқасымен қабылдаған орынды. Бұл бұрынғы үрдіс бойынша термин жасау ісін жалғастыру деген біржақты пікір тудырмауы тиіс. Терминдер негізінен ұлт тілінде жасалуға тиіс болғанымен, оның да өз реті, қажет жерінде кірме терминдерді де алуға болатындығын, ал қазіргі қазақ терминологиясында көтеріліп жүрген мәселелер қазақ тілінде жасап, қалыптастыруға болатын

терминдердің өзін жасауға шектен тыс мән бермей кеткендіктен екендігін түсіну керек. Әзірге "терминография" термині осы ұғымды беруде сәтті жасалған термин болып отыр. Бұл әрі термин жасау шығармашылығындағы жүйелілік, бірізділік принциптеріне де сәйкес келеді. Қазақ терминологиясында қолданыс тауып жүрген лексикография, орфография, стенография сияқты т.б. терминдердің жасалу жүйесіне сәйкес келетіндігін, барлығының бір терминжасам тәсілімен жасалғандығын, жүйелілікті сақтау үшін терминография терминін де сол күйінде қабылдап қолдану орынды екендігін Ш.Құрманбайұлы өз еңбегінде жан-жақты талдап көрсетеді.

Ендігі жерде қазақ тіл білімінде де осы саланы қалыптастырып, терминографиялық еңбектер жазудағы яғни, терминологиялық сөздіктер жасаудағы ерекшеліктер зерттеліп, жан-жақты айқындалуы тиісті. Өйткені терминологиялық сөздіктердің айналасындағы шешуді қажет ететін қиындықтардың көбейе түсуіне байланысты терминография саласына қатысты зерттеу еңбектер қазақ тіл білімі үшін де қажет. Мұндай жұмыстар арқылы терминографияның тіл біліміндегі орны мен ролін айқындап қана қоймай, "терминография" терминін тіл білімінде қалыптастырып, оның жеке сала ретінде орнығып, дамуына, терминологиялық сөздіктерге қатысты өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал етуге болады.

Бұл тұрғыдан қазіргі кезге дейін терминологиялық сөздіктерді жасау барысында тек лексикографиялық еңбектерге сүйенетініміз, терминологиялық сөздіктерді түзуде басшылыққа алатын, өзіндік ерекшеліктері мен ескеруге тиісті принциптерін көрсетіп беретін арнайы

құралдың жоқ екендігі жасырын емес. Сондықтан қазіргі қазақ тіл білімінің терминография саласына қатысты зерттеулерді қажет етуі заңды екендігін түсінген жөн. Қазақ тілімен байланысты терминологиялық сөздіктердің сапасын жақсарту ісі де осындай жұмыстарды қажет етіп отыр.

Негізінен терминология мен терминографияның да, соған і сәйкес терминолог пен терминографтың да мақсаты - терминдерді реттеу, үйлестіру, қалыптастыру. Тек терминология термин табиғатына қатысты барлық ауқымды мәселелерді қарастырса, терминография қалыптасқан терминдерді терминологиялық және филологиялық сөздіктерге жинақтап, жүйелеп, үйлестіруге қатысты мәселелерді қамтиды. Лексикографияның лексикологиядағы теорияларды негізге алатыны, лексикологияға сүйенетіні сияқты, терминография да терминологияның теориялық мәселелерін негізге алып, терминологиядағы талаптарға сәйкес терминдерді терминологиялық сөздіктерде беруге ұмтылады. Терминография терминологиямен тығыз байланысты.

Қазақ тіл білімінде де бұл бағыттағы зерттеулердің қажеттілігі айқын сезіле бастағандығын жоғарыда айтып өттік. Терминологиялық сөздіктердің құрылым-құрылысы мен онда сақталуға, негізге алуға тиісті принциптер мен талаптарды көрсетіп беретін арнайы жұмыстардың жоқ екендігін, бұл мәселеге мән берілмей келгендігін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, осыған дейін терминологиялық сөздіктерді жасаудың мәселелері практика жүзінде қарастырылмай келді деп айта алмаймыз. Қазіргі қазақ тіл білімінде терминографияға қатысты ғылы-

ми еңбектер мүлдем жоқ деуге де болмайды. Осы уақытқа дейін шығарылған терминологиялық сөздіктердің қай-қайсысы да терминографиялық еңбектердің қатарына жатады. Сондықтан қазақ тіліндегі терминологиялық сөздіктердің терминография теориясына қатысты еңбектерді негізге алмай, орыс тіліндегі және басқа тілдердегі терминологиялық сөздіктердің құрылымына сүйене отырып, сондай-ақ, бергін келе қазақ тілінің өзіндік терминологиялық сөздіктер жасау тәжірибесін байыта отырып, тәжірибелік тұрғыдан дамығандығын айтуымыз керек. Бұл қазақ терминографиясын тәжірибелік тұрғыдан жан-жақты дамытуға жеткілікті болды деп те айта алмаймыз. Осы негізде терминографияны тәжірибелік терминография және теориялық терминография деп жіктеп қарастыруға болатындығын аңғара аламыз. Демек, қазақ тіл білімінде тәжірибелік терминография дамығанымен, теориялық терминографияға қатысты еңбектер жазылмады. Ал қазіргі тәжірибелік терминографиядағы терминологиялық сөздіктердің қиындықтар мен кемшіліктерге кезігуі теориялық терминографияны қалыптастыруды, соған сүйенуді қажет етеді. Өйткені, тәжірибелік саланың үнемі теориясыз дами беруі мүмкін емес. Бұл орайда теориясыз тәжірибе шектелетіндігін де ұмытпаған дұрыс. Бірақ терминография теориясы тәжірибелік терминографияға сүйенетіндігін, және керісінше, тәжірибелік терминография теорияға түсіруді қажет ететіндігін де жоққа шығармау керек. Терминографияның екі саласы бір-бірін толықтырып отыратын, бір-бірімен байланысты ішкі салалар. Сондықтан қазіргі қазақ

тіліндегі терминологиялық сөздіктерде кездесетін қиындықтардың көптігін теориялық терминографияның қажеттілігімен, ондағы шешуді, анықтауды керек ететін мәселелердің жинақталып қалғандығымен түсіндіру керек.

Терминографияға катысты еңбектерде сондай-ақ, терминография тарихын анықтаудың да маңызды екендігін І атап көрсетеді. Расында; терминография тарихын анықтау терминография тәжірибесін теориялық тұрғыдан да а байыта түсуге мүмкіндік береді. Әсіресе, тәжірибелік терминографиядағы терминологиялық сөздіктердің кемшіліктері мен жетістіктерін, ұтымды тұстарын айқындау терминографиядағы сөздіктердің сапасын жақсартуға ықпал етеді. Бұдан байқайтынымыз, қазақ терминографиясының тарихын теориялық терминография тарихы және тәжірибелік терминография тарихы деп топтап қарастыруға болады. Алайда, тәжірибелік қазақ терминографиясының тарихыда қарастыратын, анықтайтын мәселелер мол болғанымен, теориялық қазақ терминографиясының тарихы соншалық бай емес екендігін де мойындауымыз керек. Ал тәжірибелік қазақ терминографиясының тарихы, ондағы кемшіліктер мен жетістіктер, жекелеген терминологиялық сөздіктердің қазақ терминографиясындағы орны, оларды құрастырушы ғалымдардың еңбектері арнайы қарастыруды қажет етеді.

ҚАЗІРГІ қазақ терминографиясында осындай жағдай қалыптасып отыр. Сондықтан қазақ тіліндегі терминологиялық сөздіктердің құрылым-құрылысын, түрлерін, олардың мақсаты мен қызметін, терминологиялық сөздік түрлеріне тән ерекшеліктерді, олардың ұқсастықтары мен

айырмашылықтарын, сөздікке терминдерді сұрыптау принциптерін, сөздік түрлерін жасау әдістемесін анықтайтын терминография саласында зерттеулер жүргізу қажет. Терминографияның зерттелуі терминографияда сөздік түрлерін түзуде негізге алатын тапаптарды, ұстанатын бағдарларды, белгілі бір сөздік түрін түзудің әдістемелік негіздерін белгілеп беруі тиісті. Аталған өзекті мәселелердің жиынтығынан терминографияны өзіндік зерттеу нысаны мен қарастыратын өзекті мәселелері, мақсаты мен міндеті, зерттеу әдістері бар жеке ғылым саласы ретінде қарастыруға, дамытуға болатындығын түсінген дұрыс.

Сонымен, терминдерді сөздіктерде берудің өзіндік ерекшеліктерінің болатындығы терминологиялық сөздіктер жасаудағы тәжірибелерден белгілі болып жүр. Сонымен қатар терминологиялық сөздіктер жасаудың қиындықтары мен оны берудің тиімді жолдарын анықтаудың қажеттілігі туындап отыр. Сол себепті, жаңа сала ретінде терминографияның тіл біліміндегі зерттейтін өзге де негізгі мәселелеріне - зерттеу нысандарына тоқталған жөн. Кез- келген сала сол саланы қайткенде қалыптастыру керек деген қажеттіліктен қалыптаспайды. Керісінше, белгілі бір өзекті мәселелерді шешу негізінде, сол шешімін табуды қажет ететін сұрақтарға жауап іздеудің, тиімді жолдарын қарастырудың және соның негізінде атқарылатын істердің қажеттілігінен барып қалыптасады. Сондықтан қазақ терминографиясы да бұл уақытқа дейін қолға алынбағандықтан, оның мәселелері лексикография саласының аумағында қарастырылып келгендіктен зерттейтін сұраулары

жеткілікті сала болып табылады. Терминографияның біз белгілеп алғалы отырған зерттеу нысандарының өзі жоғарыда тоқталып өткен терминографияның жеке сала ретінде бөлініп зерттесуіне ықпал еткен сәбептермен тығыз байланысты.

Терминографияның алдында, басты зерттеу нысандарының бірі - қазіргі кезде кеңінен жарық көріп жатқан терминологиялық сөздіктердің түрлерін анықтау. Өйткені, қазақ тіл білімінде лексикографиядағыдай терминологиялық сөздіктердің де түрлері көбеюде. Оның үстіне, терминографиядағы сөздік түрлерін анықтау арқылы олардың әрқайсысын дайындауда иегізге алынатын принциптерді жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдерін де анықтап алуға болады. Бұған ұқсас пікірді орыс тіл білімінің терминография саласында еңбектеніп жүрген ғалым С.В. Гриневтің де мақаласынан кездестірдік<sup>1</sup>. Бұдан шығатыны, барлық тілдердегі терминографияның басқа мәселелерін шешу үшін терминологиялық сөздіктердің түрлерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу – бірінші сатыдағы маңызды зерттеу нысаны екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл нысанды зерттей отырып, әр сөздік түрінің терминдерді берудегі мақсатын, ерекшеліктерін, мақсатына орай оларды дайындаудың әдіс-тәсілдерін де белгілеуге болады. Терминографиядағы бұл мақсат әрі терминологиялық сөздік түрлерінің параметрлерін яғни, өзіндік өлшемдерін анықтап, олардың құрылымына қойылатын талаптарды белгілеп береді. Демек, терминографиядағы сөздік түрлерін

<sup>1</sup> Гринев С.В. *Принципы теории терминологии // Теория и практика научно-технической лексикографии. Сб. статей. - М.: Русский язык, 1988. - С. 6.*

жүйелей отырып, терминологиялық сөздіктердің әрқайсысының ерекшеліктерін ашу сияқты терминографияның келесі зерттеу нысандарын зерттеуді жүзеге асыра аламыз. Яғни, бұл екі зерттеу нысандары бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл бағыттағы зерттеулердің сөздік жасаушы мамандардың, ғалымдардың терминологиялық сөздіктерді жасаудағы ісін, оларды дайындау сатысын жеңілдетері және терминологиялық сөздіктер сапасын арттыратыны сөзсіз.

Терминографияның келесі зерттеу нысандарының бірі - терминографияның лексикографиялық еңбектерден айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау арқылы терминографиялық еңбектердің өзіндік табиғатын айқындай түсуге ұмтылу. Бұл бағыттағы зерттеулер терминографияның лексикографиядан іргесін бөліп, жеке сала ретінде орнығуына, сол арқылы терминографиядағы сапалы сөздіктердің жарық көруіне тиімді болған болар еді.

Терминографияны қолға алу барысында әсіресе, терминологияның дамуына байланысты терминдерді сөздіктерге іріктеп алу мәселесіне байланысты, оларды сөздіктің мақсатына сай жүйелі беруде негізге алынатын принциптерді де белгілеп беру қажет. Бұл тұрғыдан терминология саласындағы өзгерістер мен ғалымдардың термин жасаудағы ұстанымдарын да негізге алып, терминдік ұғымдардың сөздіктерде берілуін терминологиядағы принциптермен байланыста қарастыру керек.

Терминографиядағы зерттеу жұмыстарының бір бағыты терминографиялық еңбек пен терминографтың арақатынасына қатысты толып жатқан мәселелерді ашып



көрсетіп, терминографқа маман ретінде қойылатын талаптарды басқа қырынан айтқанда, терминографтың терминологиялық сөздік жасау барысында сақтауы тиіс ережелерді, оның сөздік жасаушы ғалым ретіндегі жеке көзқарасының сөздікке әсер ету деңгейін белгілеп беру сияқты мәселелермен байланысты болуы керек.

Терминографиялық еңбекті орындаушы негізгі тұлға - терминограф. Терминологиядағы терминологқа қойылатын өзіндік талаптың болатындығы сияқты терминография теориясында да терминографтың рөлі мен маңызы басты мәселе болып табылады. Өйткені терминографиялық жұмыс - терминологиялық сөздіктің белгілі бір түрін құрастыра отырып, терминограф та сол салаға сәйкес қабілет пен икемге ие болуы шарт.

Терминологиялық сала мамандарын дайындап, терминологиялық жұмыстарды іске асырудың қажеттілігі хақында қазақ тіл білімінде де, жалпы тіл білімінің шеңберінде де айтылып, тіпті дамыған, терминологиялық жұмыстарға жауапсыз қарамайтын елдерде арнайы мектептер мен ұйымдар жұмыс істеп келеді. Негізі терминограф та терминологиялық бағытта білім алып, терминологияның теориялық, практикалық мәселелерінен хабардар болуы қажеттілігі міндетті талап.

Сондықтан қазіргі қазақ терминографиясының теориялық мәселесі тұрғысынан терминограф мамандардың да әрі терминологиялық, әрі терминографиялық, үшінші жағынан лексикографиялық бағыттарда дағдылануы, дайындалуы орынды болған болар еді. Қазіргі терминограф, ол - кез-келген ғылым салаларының маманы, тілші-филолог, тіпті

өздігінен сөздік құрастырушылар болып жүр. Бұл терминограф ретінде сөздік құрастырушылардың қай- қайсысы да біздің қоғамда терминограф бола алады деген сөз. Алайда, мұның дұрыс та, бұрыс та жақтары бар екендігін талдап көрсеткен орынды. Дұрыс жағы сөзсіз терминографиялық еңбектердің көбеюі, пікір ауқымының кеңеюі, терминографиялық еңбектер шығару тәжірибесінің артуы. Бұрысы - теориялық тұрғыдан қарастырсақ, кез-келген тұлғаның терминограф бола алуы орынды бола қоймайды. Олар жарыса қолданылатын сөздіктер арқылы терминологиялық сөздіктерді пайдаланушыларды шатастырса, екінші жағынан сапасыз сөздіктер санын көбейтеді. Сондықтан кез-келген сала маманының білім деңгейі негізінде айтылып жүрген терминологтың мамандануы секілді, терминографтың мамандануы да қазіргі қазақ терминтану ғылымындағы қажетті шарт.

Біздің байқауымызша, терминологиялық аударма сөздік жасау барысында қай тілдің материалының қандай кезекпен орналастырылуы терминологиялық сөздік жасау ісіндегі өзекті мәселе болуы тиіс. Бұл сұраққа тек терминографтар ғана емес, лексикографтар да үлкен мән беруі керек және алдағы тарауларымыздың бірінде арнайы қарастырылады. Сондықтан, бір қарағанда көзге көрінгісіз бұл сұрақ жан-жақты зерттеу нысанына айналуы тиіс.

Сондай-ақ, әр салаға қатысты терминологиялық сөздіктерді шығару ісін реттейтін жүйе қажет. Ол үшін терминологиялық сөздіктер шығару жұмысын үйлестіретін орталық қажеттігін атап өткен жөн

Қазақ терминографиясында сонымен бірге терминографиялық еңбектердің ерекшеліктері, даму тарихы да басты

назарда болуы тиіс. Сондай-ақ, терминдердің жалпы филологиялық басқа сөздік түрлерінде берілуі де терминографияның қосымша әрі маңызды зерттеу нысаны болып, оның теориясының дамуына ықпал ететін мәселелердің бірі болуы тиісті.

Жинақтай келе, қазақ терминографиясында қарастырылуы тиісті өзекті мәселелердің жеткілікті екендігіне көз жеткіземіз.

### **1.3. Терминография және лексикография**

Терминография - терминологиялық сөздіктер жасаумен айналысатын ғылым саласы ретінде қарастырылып жүр. Алайда, бұл сияқты түсініктемелер терминография терминінің ғылыми дефинициясы мен оның сала ретінде қарастыратын зерттеу нысандарын толық ашып көрсету үшін жеткіліксіз. Мысалы, терминография тек терминологиялық сөздіктер мен оның айналасындағы мәселелерді ғана емес, жалпы терминдердің сөздіктерде берілуін, оның ішінде әрі терминологиялық сөздік түрлерінде, әрі филологиялық әр түрлі сөздіктерде берілуін, сондай-ақ терминдерді жеткізу мақсатын көздейтін баспа ісімен және электрондық құралдармен байланысты мәселелердің барлығын қарастырады. Ал, орыс, батыс тіл біліміндегі еңбектерде терминография терминдердің ғана емес, осы терминдер сияқты арнайы лексика бірліктерінің сөздіктерін жасау мәселелерімен айналысатын сала ретінде түсіндіріліп жүр.

Осы сияқты терминографияға қатысты өзекті мәселелерді айқындап, оның зерттеу нысандары мен

мәселелерін көрсете отырып, қалыптасып келе жатқан жеке сала ретінде терминографияның табиғаты аша түсуді қажет етеді. Нақтырақ айтқанда, терминографияны жеке сала ретінде қарастырудың, қалыптастырудың негізді- негізсіздігі ғылыми тұрғыдан дәлелденгені орынды.

Ал басқа тұрғыдан алғанда, қазіргі бар ғылым салалары мен олардың ішкі салаларының көпшілігі арнайы дәлелдеуді қажет еткен жоқ және қажет етпейді де. Өйткені ғылым саласының қажеттілігі оның айналасындағы шешуді, зерттеуді керек ететін мәселелердің жинақталуына, зерттеу нысандарының айқындалуына байланысты, әрі соған сәйкес жүргізілген зерттеу нәтижелеріне байланысты пай да болып, қалыптасып, дамиды. Бұл тұрғыдан келгенде, қазіргі терминологиялық сөздіктердің сапасы, ондағы көптеп кездесетін кемшіліктердің шешілмей отыруы, терминологиялық сөздік түрлері мен оларды жасаудың әдіс-тәсілдерінің айқындалмай отыруы, қазақ тіл біліміндегі терминологиялық сөздіктер жасау тарихының қарастырылмай отыруы сияқты т.б. көптеген мәселелер және оларды зерттеудің қажеттілігінің өзі-ақ терминографияны, әсіресе, қазақ терминографиясын арнайы сала ретінде қарастырудың орынды екендігін дәлелдей алады. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі терминологиялық сөздіктерді түзу барысында басшышыққа алатын арнайы бір әдебиеттің болмай отыруының өзі де терминографияның аясындағы зерттелуге тиісті мәселелердің жеткілікті екендігін айқындай түсіп, сапалы терминологиялық сөздіктер жасауды қиындатады.

Дегенмен, терминография мәселелеріне арналған кейбір еңбектер мен ғылыми мақалаларда "терминографияның"

орнына "терминологиялық лексикография", "ғылыми-техникалық лексикография" терминдері де қолданылып келгендігін жоғарыда айтып өттік. Біздіңше, мұндай қолданысты терминографияның жеке сала ретіндегі қалыптасу сатысындағы, "терминография" терминінің қолданысына дейінгі және терминографияның өзіндік өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылмай тұрғанға дейінгі кезеңдегі қолданыстың нәтижесі деп бағалау керек. "Терминографияның" тіл біліміндегі орнын нақтылай түсу аталған терминдердің қолданысын бірізге түсіріп, "терминография" терминін сала атауы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік бермек. Ал аталған "терминография" терминін аудармай алудың орынды екендігі, арнайы қалыптасқан бір үлгі бойынша жасалғандығы туралы терминолог-ғалым Ш. Құрманбайұлы өз еңбегінде жан-жақты талдап көрсетеді<sup>1</sup>.

Бұл арада, сондай-ақ, "терминологиялық лексикография"терминінің де қолданысы терминографиялық жұмыстар үшін қажет екендігін айтып өткен жөн. Себебі, терминографиядағы бұл бағыт бойынша терминологиялық сөздіктер жасау мәселесі қарастырылмайды, керісінше,терминдердің лексикографиядағы филологиялық сөздіктерде берілуі, ондағы мәселелер мен ерекшеліктер айқындалады. Сондықтан терминдердің терминологиялық емес сөздіктерде берілуі де терминографияның маңызды зерттеу нысандарының бірі екендігіне мән беруіміз керек.

Тіл біліміндегі терминографияны түсіндіретін анықтамаларға мән берсек, ғалымдар терминографияны әр түрлі

<sup>1</sup> Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасы терминденуінің кезеңдік сипаты. - Астана: Елорда, 2002. 106-б.

тұрғыдан түсіндіруге ұмтылатынын байқауға болады. Анықтамалар мен ғылыми түсініктемелердің бірінде терминографияны оның лексикографиямен арақатынасы тұрғысынан түсіндіруге ұмтылса, енді бірінде терминология мен лексикографияның байланысы тұрғысынан түсіндіруге ұмтылады. Сондай-ақ, терминографияны лексикология мен лексикография сияқты терминологиямен байланысты сала ретінде көрсететін пікірлер де бар.

Сондай түсініктемелерден нақты мысалдар келтірсек, мысалы, орыс терминографы С.В. Гринев: "Терминологическая лексикография или, как ее принято в последнее время называть, терминография возникла как раздел лексикографии. Последняя обычно определяется как наука и практика составления словарей. В соответствии можно определить терминографию как науку и практику создания специальных словарей", - деп көрсетеді<sup>1</sup>.

Осы сияқты пікірді өз еңбегінде Ю.Н. Марчук та айтып өтеді<sup>2</sup>. Ал, украин ғалымы В.В. Дубичинский терминографияға: "Терминография представляет собой науку о теории создания специальных терминологических словарей. Эта дисциплина комплексная, объединяющая терминоведение как науку о терминах и лексикографию как искусство создания словарей», - деген түсініктеме береді<sup>3</sup>.

Аталған пікірлерден ғалымдардың тұжырымдары бір жерден шығып жататындығын, тек олардың әрқайсысы

<sup>1</sup> Гринев С.В. *Принципы теории терминографии // Теория и практика научно-технической лексикографии. Сб. статей.* - М.: Русский язык, 1988. - С. 6.

<sup>2</sup> Марчук Ю.Н. *Основы терминографии.* - М.: ЦИИ МГУ, 1992. - С. 17.

<sup>3</sup> Дубичинский В.В. *Основные принципы и понятия терминографии // Лексикология. Терминоведение. Стилистика. Сб. науч. трудов, посвященный юбилею В.М. Лейчика.* - Москва-Рязань, 2003. - С. 79 с.

терминографияны әр қырынан түсіндіруге ұмтылатындығын байқауға болады. Расында, терминография терминология мен лексикографияның бірлігі негізінде қалыптасқан, әрі терминологиямен, әрі лексикографиямен тығыз байланысты, бірақ өзіндік зерттеу нысаны мен қарастыратын мәселелері жеткілікті сала екендігін түсінуге толық негіз бар.

Қалай болғанда да, жоғарыда көрсетілген терминдердің қолданысынан, әрі көрсетіліп өткен анықтамалардан терминографияны лексикографиямен байланыстырушы немесе оларды бір-біріне қарама-қарсы қоятын бағыттардағы пікірлер мен ұстанымдарды байқауға болады. Осы арада терминографияның дамуына, қажеттілігіне байланысты ғылымда терминография \_ лексикография антитезасының байқалатыны да шындық. Бұл антитезаны лексикографияның негізінде терминография сияқты жаңа тіл білімі саласының қалыптасып келе жатқандығының айқын көрінісі ретінде бағалауға болады. Бұл олардың арасындағы өзіндік зерттеу нысандарының айқындала түсіп, негізгі мәселелері мен мақсаттарының басым көпшілігі ортақ болып келетіндігіне қарамастан, өзіндік қарастыратын мәселелері бар екендігін айғақтай түсіп, салалардың бір-бірінен іргесін ажыратудағы қажеттіліктен туындаған ғылыми алғышартты нақтылай, дәлелдсй түседі.

Өйткені терминографияны жеке қарастыруға байланысты "Терминографияның лексикографиядан айырмашылығы қандай?", "Терминографияның да қарастыратын мәселелері де сөздік жасау ісімен байланысты болса, онда терминологиялық сөздіктер жасау мен оған байланысты өзекті мәселелерді де неге лексикографияның ақ аясында

қарастыра беруге болмайды?", «Терминографияны, терминологиялық сөздіктер жасау ісін жеке қарастырудың мәні, маңызы неде?» деген сияқты сұрақтардың туындайтындығы сөзсіз.

Ең алдымен бұл сұрақтарға жауап алу, "терминография" терминінің қолданысы мен оның жеке сала ретіндегі өзіндік ерекшеліктерін ашып беру үшін ғылыми тұрғыдан тиімді. Екінші жағынан, аталған сұрақтарға жауап іздеу терминографиялық зерттеулердің қажеттілігін нақты, әрі жан-жақты дәлелдермен көрсетіп беруге ықпал ететіндігі түсінікті.

Бұл жөнінде соңғы кезеңдерде қазақ терминологиясын жан-жақты зерттеп жүрген ғалым Ш. Құрманбайұлы еңбегінде қазақ терминографиясын зерттеудің қажеттілігін сөз ете келіп: "Аяқталған ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бері термин мәселесінің үздіксіз сөз болып, сол кезеңнен бастап, көптеген терминологиялық сөздіктердің жарыққа шыққанын ескерсек, терминографияны бізде терминтанудың арнайы қарастырылып, жан-жақты сөз болуға тиісті саласы ретінде тануға толық негіз бар. Бұл терминография тарихын зерттеу үшін ғана емес, жалпы терминологиялық сөздіктер қандай принципке негізделіп жасалуы керек, оларды түзуде қандай кемшіліктерге жол бермей, нені басты назарда ұстау қажет және алдағы уақытта қай типтегі сөздіктер жасау қажеттілігін анықтау үшін де, арнайы қарастырылуға тиісті мәселе», - деген негізді пікір айтады<sup>1</sup>.

Бұл орайда, терминографияның лексикографиядағы тәжірибелер мен қағидаларды қажетіне қарай пайдалана

<sup>1</sup> Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасы терминденуінің кезеңдік сипаты. - Астана: Елорда, 2002. - 104 б.



алатындығын, терминография мен лексикография бір-бірімен байланысты салалар екендігін де жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, сонымен бірге терминографияның жеке сала екендігін де түсіну керек. Мұндай қорытынды жасауымыздың негізділігін уақыт сұранысынан туындаған қажеттілік факторы, терминологиялық сөздік жасау ісінің айналасында қордаланып қалған өзекті мәселелердің жиынтығы көрсетіп отыр. Сондықтан терминографияның ғылымдағы өзіндік орны мен ерекшеліктерін ашып көрсету үшін, оны лексикографиямен салыстыра отырып қарастырудың орынды екендігін аңғаруға болады. Терминография мен лексикографияны өзара салыстыра отырып қарастыру олардың арасындағы ортақ мәселелерді, ұқсастықтарды білуге, сонымен бірге екі саланың қарастыратын мәселелерінің арасындағы айырмашылықтарды ажыратып көрсетуге, әр саланың ішкі мәселелері арнайы сол саланың төңірегінде қарастырылуы керектігін айқындап алуға, терминографияны лексикографиядан жеке қарастырудың негізділігіне көз жеткізуге мүмкіндік бермек.

Сондықтан терминография мен лексикографияны қатар салыстыра қарастырсақ, ондағы байқалатын негізгі өзгешеліктерді, өзекті мәселелерді шешудегі өзіндік ерекшеліктер, сондай-ақ, қажетіне қарай ортақ мәселелерді көрсетудің маңызды екендігі байқалады. Бұл мәселеге жалпы сөздіктерге, олардың құрылымына тән ұғымдар мен оларға қойылатын талаптар тұрғысынан келіп, біраз мәселеген қатысты екі саланың ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын көрсетуге болады.

Біріншіден, **тілдік бірліктердің сұрыпталуы тұрғысынан**, терминография мен лексикографияның арасында үлкен айырмашылық бар екендігін айту керек. Бұл арада қандай сөздік жасау барысында болмасын, оған алынатын тілдік бірліктерді жинақтап, сұрыптап алудың жеңіл емес екендігін жоққа шығармаймыз. Алайда, терминологиялық сөздіктерге терминдерді сұрыптап алуға анағұрлым қатаң талаптар қойылатындығын, оның негізі терминдерді термин емес сөздерден ажыратып алудың қиындығымен байланысты екендігін айту керек. Бұған қарағанда, лексикографиялық сөздіктерде тілдік бірліктерді жинап алу ісі қиын болғанымен, оларды сұрыптау ісі салыстырмалы түрде терминологиялық сөздіктер түзудегідей тым ауыр емес екендігін түсінуге тура келеді. Оның үстіне, тілдік бірліктерді алатын қайнар көздер мен терминдерді сұрыптап алатын қайнар көздердің арасындағы үлкен айырмашылық бар екендігі де түсінікті.

Екіншіден, **сөздік түрлері тұрғысынан**, лексикографиядағы сөздік түрлері мен терминографиядағы сөздік түрлері қызметіне байланысты ұқсас болғанымен (аударма, түсіндірмелі), мақсаты мен міндетіне байланысты әр түрлі болып келетіндігін байқауға болады. Оның үстіне, терминдерді жүйелі етіп беру мақсатында терминографияда жаңа сөздіктердің түрлері пайда болып жатқандығын, олардың құрышымы мен оларға қойылатын талаптар ар- найы қарастыруды қажет ететіндігін де ескеру керек. Сондықтан терминологиялық сөздіктің лексикографиядағы сөздік түрлерінің бірі ретінде ғана қарастырылуы терминдердің жүйелі, бірізді берілуін, терминдерді

үйлестіру ісін, жалпы айтқанда, терминологиялық сөздіктер жасау ісін дамытуды тежеген болар еді.

Алайда, терминографиядағы жаңа пайда болып жатқан сөздік түрлерін лексикографияда пайдаланып, жаңа үлгідегі лексикографиялық сөздіктер де түзуге болатындығын, бұл тұрғыдан өзара байланысты болуы керектігін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ әр салада берілетін тілдік бірліктердің берілуіндегі өзіндік ерекшеліктер айқындалуы тиіс.

Үшіншіден, **терминдердің сөздіктерде берілу тәсілдері тұрғысынан** да екі саланың арасында айырмашылық бар. Соңғы кезеңде қолға алынып жүрген тақырып бойынша жинақтап беру, информатикалық-ізденіске негіздеп жүйелеп беру сияқты тәсілдердің терминологиялық сөздіктер жасауға ыңғайлы екендігін аңғару қиын емес. Өйткені, аталған тәсілдердің өзі жүйені беруге негізделген. Ал бұл лексикографияда сәтті қолданыс таба бермейді. Мұндағы ортақ қолданылатын тәсіл - сөздік мақалаларды алфавит реті бойынша орналастыру.

Төртіншіден, **сөздіктің макроқұрылым элементтері тұрғысынан** қарастырсақ, сөздік мақалалардың орналастырылуына, кейбір мәліметтердің берілуіне, қаріптер мен сөздіктің жалпы безендірілуіне байланысты негізінен, ортақ мәселелер көп екендігін мойындау керек.

Бесіншіден, сөздік түзуде қолданылатын шартты белгілер тұрғысынан да үлкен айырмашылық бар. Мысалы, лексикографияда қолданылатын әр түрлі стильдік белгілердің терминографияда бір ғана түрі, қай сала терминін білдіру үшін қолданылатын ғылым атауының қысқартылған нұсқасы ғана қолданылатындығын айту керек.

Алтыншыдан, **сөздіктердің қайта басып шығарылуына қойылатын талаптар тұрғысынан** келсек, терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптар, лексикографиялық сөздіктерді қайта басып шығаруға қойылатын талаптардан біршама өзгешеленеді. Бұл терминологиялық сөздіктердің мақсаты мен міндеттеріне, термин табиғатының жалпытілдік бірліктерден айырмашылықтарына байланысты.

Жетіншіден, **сөздіктер тарихын зерттеу тұрғысынан**, әр саладағы сөздіктер жасаудың өзіндік тарихы бар екендігін ескеру керек. Сондықтан терминологиялық сөздіктер тарихын анықтауға ондағы кемшіліктер мен жинақталған тәжірибені айқындау тұрғысынан келіп, терминографияның төңірегінде өз алдына талдануы тиісті. Оның өзі бір саланың зерттеу нысаны бола алатын қомақты мәселе екендігі дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Ал лексикографиялық сөздіктер жасау тарихы да өз алдына, өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып зерттеуді қажет етеді.

Мұндай айырмашылықтар мен ұқсастықтарды тілдік бірліктерге берілетін түсіндірме, сөздіктің микроқұрылым элементтері сияқты т.б. әр түрлі, көптеген талаптар тұрғысынан анықтап, оларды нақтырақ мысалдармен көрсетіп беруге болады.

Жинақтай айтқанда, көрсетілген бұл сияқты өзгешеліктер әр саланың өзіндік принциптерінің айқындалу керектігін, келтірілген дәлелдер терминографияны өз алдына қарастырудың негізділігін көрсетеді.

## **2. ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ**

### **2.1. Терминологиялық сөздіктерде терминдерді беру тәсілдері**

Терминография саласын зерттеушілер терминологиялық сөздіктердің және арнаулы лексикаға жататын тілдік бірліктерді қамтитын сөздіктердің макроқұрылымнан және микроқұрылымнан тұратындығын ажыратып көрсетеді. Сондықтан сөздіктердің макроқұрылымы мен микроқұрылымы сөздіктің негізгі құрылымын құрайды екен<sup>1</sup>. Ал жалпы, сөздіктің құрылымы ретінде сөздікті құрастырушының мақсаты мен міндетін жүзеге асыруға көмектесетін сөздікке қажетті негізгі және қосымша элементтерді және олардың сөздікте тиімді орналастырылуын түсіндіруге болады. Оларға тілдік бірліктерді немесе терминдерді дұрыс орналастыру реті, оларға анықтама беру тәсілі, сөздік мақаланы толтыруы (түсіндірмелі терминологиялық сөздік болса), безендіруі сияқты т.б. көптеген элементтер жатады. Бұл элементтер тілдік бірліктерді немесе терминдерді сөздіктің алдына қойған мақсаты мен міндетіне сәйкес тиімді етіп беру үшін үлкен қызмет атқарады. Осы сияқты сөздікті құрастыруға қажетті элементтердің толық жиынтығы макроқұрылым мен микроқұрылымды құрайды. Демек, сөздіктің негізгі құрылымы макроқұрылым мен микроқұрылымнан тұрады.

<sup>1</sup> Гринев С.В. Введение в терминографию, 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995. - С.31;

Мрчук Ю.Н. Основы терминографии. - М.: ЦИИ МГУ, 1992. - С. 51.

Сөздіктің құрылымын бұлай жіктеп, оларға қатысты мәселелерді нақтырақ талдап көрсету сөздік жасау ісін жеңілдетіп, терминологиялық сөздіктердің сапасын жақсартуға ықпал ететіндігін де айта кету керек. Терминологиялық сөздіктердің құрылым-құрылысын бұлай талдау қазіргі қазақ терминографиясындағы практикалық еңбектердің сапасын жақсартумен қатар, терминография теориясын қалыптастыру үшін де аса қажет. Терминологиялық сөздіктердің құрылымын анықтау терминологиялық сөздіктерді құрастыру ісінің сатыларын да анықтауға көмектесе алады. Осының өзінен терминологиялық сөздіктердің макро және микроқұрылымын анықтаудың маңызы түсінікті.

Орыс терминографиясын зерттеуші бірден-бір ғалым С.В. Гринев өз монографиясында терминологиялық сөздікте оның барлық құрылымын тұтас күйінде қарастыратып макромақаланың және жекелеген сөздік мақалаларды қамтитын микромақаланың болатындығын, соған байланысты терминологиялық сөздіктердің құрылымы макроқұрылым мен микроқұрылымға ажыратылатындығын атап көрсетеді<sup>1</sup>.

Солардың бірі - терминологиялық сөздіктердің макроқұрылымы. Әлемдік терминографияға қатысты еңбектерде терминологиялық сөздіктің тұтас құрылымы оның макроқұрылымы болып саналады. Бұл орынды. Бірақ, микроқұрылымға қарағанда макроқұрылымды дұрыс түсіндіретін оның негізгі қызметі, басты белгісі - сөздікте сөздік мақалалардың орналасу реті, сөздік мақалалардың орналасу ретінің сөздіктегі ұйымдастырылуы болып табылады.

<sup>1</sup> Гринев С.В. Введение в терминографию. 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995. ч С.31.

Яғни, сөздік мақаланың ішкі құрылымын ішкі құрылым деп есептесек, ал сол дайын сөздік мақалалардың тұтас сөздікті құрау үшін үйлесімді орналасуы тікелей оның макроқұрылымына байланысты.

Мұндай қорытынды терминологиялық сөздіктің макроқұрылымы жөнінде нақты әрі толық, дұрыс түсініп алу үшін қажет. Бірақ, терминологиялық сөздіктердің макроқұрылымы туралы түсінікті сөздік мақалалардың, реестрлердің, сөзтізбелердің ретінің сөздік құрылымында орналастырылуымен, дұрыс ұйымдастырылуымен ғана шектеуге болмайды. Бұл жөнінде терминограф С.В. Гринев аталған еңбегінде былай деп көрсетеді: "...бұл түсінікке » сөздіктің кіріспесінен бастап қосымшасына дейінгі аралықтағы сөздіктің құрылымындағы көлемі, мазмұны, мақсаты, түрі сияқты бір-бірімен байланысты, бір мақсатты жүзеге асыруға жұмылдырылған әрбір бөлікті кіргізу керек"<sup>1</sup>. Ғалымның аталған пікірін орынды пікір деп есептеу керек. Себебі, аталған бөліктің әрқайсысы сөздіктің құрылымында белгілі бір қызмет атқарады, оның мақсаты мен міндеттерінің жүзеге асырылуына септігін тигізеді. Сөздік өзінің құрылымындағы көлемі, мазмұны, мақсаты, түрі (аударма, түсіндірме, анықтама, т.б.), терминдерінің орналасу реті (алфавиттік немесе тақырыптық), қамтылған терминдерінің ғылым саласы, сөздік мақаласы, сөзтізбесі, алфавиттік көрсеткіші, қорытындысы, пайдаланылған әдебиеттер сияқты т.б. бөліктерінің біртұтас жиынтығы арқылы ғана сөздік ретінде құрастырылып, қолданыс таба алады.

<sup>1</sup> Гринев С.В. Введение в терминографию. 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995. ч С.31.

Ал нақты ғылыми тұрғыдан терминографиялық еңбектерде терминологиялық сөздіктердің макроқұрылымына **сөздікте терминологиялық бірлікті беру принципін** (терминдерді беру тәсілдерін), сөздіктің құрылымын тандау, **терминологиялық тіркестерді беру тәсілдері, омоним терминдерді беру тәсілдері және қосымша бөліктер (көрсеткіштер)** сияқты негізгі элементтер жатқызылып жүр. Бұдан басқа, жоғарыда айтып өткендей, мейлі терминографияда болсын мейлі лексикографияда болсын сөздіктің кіріспесі мен қорытындысы, әдебиеттері мен егер болса қосымшасы, тіпті баспада жарық көру барысында анықталған қателіктерді түзетуіне дейін, оған қоса болса, кейде ескертпелер сияқты элементтер де негізгі болып есептелмесе де, сөздіктің макроқұрылымына кіретіндігін айту керек. Аталған қосымша элементтердің әрқайсысының кішкентай болса да қызметі тұтас сөздіктің қызметіне әсер етеді. Сондықтан қосымша элементтердің осындай ерекшеліктерін, макроқұрылымдағы орнын ұмытпау керек.

Терминологиялық сөздіктердің макроқұрылымына жататын элементтердің бірі - сөздікте терминологиялық бірлікті беру принципі (терминдерді орналастыру реті). Яғни терминдерді сөздікте беру жолдары. Терминдерді беру сөздіктің, мақсаты мен міндеттеріне де байланысты екендігі түсінікті. Терминдерде сөздіктерде берудің тәсілдерін шартты және таңырыптық деп бөліп көрсетуге болады. Терминдерді сөздік түзуде орналастырудың шартты түрлерінің бірі - алфавит бойынша шартты түрде беру. Өйткені тіл білімі бойынша тілдегі дыбысты бейнелейтін әріп, оның ретті



жиынтығы - алфавиттің өзі шартты құбылыс. Алфавит реті бойынша беру - терминдерді сөздікте берудің қазіргі кездесгі сөздіктердегі кең тараған түрі. Алайда, ғалымдардың пікірінше, жалпы сөздік жасау ісінде алғаш қолданылған тәсіл - **тақырып бойынша топтап орналастыру (тақырыптық)**. Тақырып бойынша топтап орналастырудың ежелгі латын лингвистикасында алғаш пайда болған түрі - глоссарий.

Ал қазіргі лексикография мен терминографиядағы қолданылып жүрген тиімді тәсіл - алфавит реті бойынша беру. Алфавит реті бойынша беру барысында негізінен көптеген сөздіктерде қамтылуға тиісті тілдік бірліктердің немесе терминдердің жалпы жиынтығы жаппай бірізді түрде алфавит тәртібіне сай беріледі. Бұл лексикографиялық еңбектерде де, терминографиялық еңбектерде де кең қолданылатын және қазіргі лексикография мен терминографиядағы ең қолайлы тәсілдердің бірі.

Терминдерді орналастыруда қолданылатын тәсілдердің бірі - **мәтіннің соңына қажетті сөздердің сөздігін беру**. Мұндай еңбек арнайы жеке сөздіктердің қатарына жатпайды. Аталған тәсіл бойынша жасалған сөздік көбінесе соңғы кездерде оқулықтарда кеңінен қолданылып жүр. Бұл жағдайда мәтіннің соңында берілетін сөздікте терминдерді немесе тілдік бірліктерді алфавит реті бойынша орналастыру негізге алынады. Сондықтан мұндай сөздікті түзу барысында алфавит реті бойынша орналастыру тәсілі де қолданыс табады.

Терминография саласын зерттеп жүрген ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, терминографияда сөздік жасау

барысында соңғы әріптерін негізге ала отырып, соңғы әріптерін алфавит бойынша орналастыру тәсілі де кездеседі екен. Мұны кері алфавит реті бойынша орналастыру тәсілі деп те атауға болады. Бұл жөнінде С.В. Гринев: "Алфавит тәртібі бойынша орналастыру тәсілінің түрліше қолданылуына лексемалардың кері алфавиттік орналасу тәртібін жатқызуға болады. Бұл тәсіл бойынша лексемалар соңғы әріптеріне қарай алфавит бойынша орналастырылады. Бұл жалпы, лексикографияда қолданылады, бірақ терминография үшін де тиімді бола алады. Мысалы, жекелеген салалардың грамматикалық ерекшеліктерін анықтап көрсетуде", - деп көрсетеді<sup>1</sup>.

Терминдерді алфавит реті бойынша орналастыру барысында сондай-ақ, бір терминнің өзі сөздіктің құрылымында бірнеше рет, әр әріптің ішінде берілуі мүмкін. Мұндай тәсілмен негізінен тіркесті терминдер беріледі. Тіркесті терминдер түрлі оралыммен беріліп, алғашқы сөзінің бастапқы әріпіне байланысты бір рет берілген термин сөздіктің құрылымында қайталанып отырады. Мысалы, қатыстық сын есімдер - сын есімдер (сапалық) - сын есімдер (қатыстық) түрлерінде беріліп, бір ғана қатыстық сын есім термині алфавит реті бойынша берілген терминологиялық сөздіктің екі жерінде беріледі. Термин әрі "қ" әріпіне байланысты, әрі "с" әріпіне байланысты терминдердің ішінде қамтылады. Бұл тәсілді терминографияда аралас беру тәсілі деп атайды. Алайда, мұндай оралымға байланысты қайталау қатаң жүйені беруге негізделген терминологиялық сөздіктер үшін тиімсіз

<sup>1</sup> Гринев С.В. *Введение в терминографию*; 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995. - С.34.

екендігін, мұндай қайталап беру терминографияда кездескенімен, алдағы терминологиялық сөздіктерді түзу ісінде мүмкіндігінше қолданылмау керек екендігін айтқымыз келеді.

Терминдерді терминологиялық сөздікте орналастырудың тағы бір тәсілі – ұялық тұрғыдан орналастыру. Бұл тәсіл тектік-түрлік қатынастағы терминдердің түрлерін оның тегімен байланыстырып, бір ұяға топтап көрсету үшін қажет.

Терминологиялық сөздіктерде терминдерді алфавит реті бойынша орналастырудан басқа да шартты тәсілдері кездеседі. Мысалы, сөздіктердің ежелгі латын лингвистикасында алғаш пайда болған түрі - глоссарий. Глоссарийде лексикалық бірліктер мәтіндегі кездесу ретіне қарай мәтіннің соңына берілген. Мұндай тәсілдің қазіргі кезде оқулықтарда қолданылып жүргендігін жоғарыда атап өттік. Қазіргі таңда глоссарийлердің практикадағы қолданысы алфавит реті бойынша түзілген сөздіктерге қарағанда кең тарамаған. Практикада алфавит реті бойынша берілетін сөздіктер кең қолданыс тапқан, әрі пайдалануға ыңғайлы болып есептеледі. Ал глоссарийлерді терминологиялық жүйені беру үшін қолдану тиімді бола бермейді. Нақты жүйені жинақтап беруде алфавит тәртібі бойынша терминологиялық бірліктердің орналастырылуы ыңғайлы болып табылады. Бұл орайда, терминдердің глоссарий сөздігін жасауға болмайды деп айта алмаймыз. Белгілі бір ғылыми еңбек негізінде сол еңбекте кездесетін терминдердің глоссарийін жасап шығуға болады. Бұл тәсіл бойынша терминдерді жүйеге сәйкес, оның ғылым саласындағы өз орнын айқындай отырып көрсетіп беру

қолайсыз. Сондықтан терминологиялық сөздіктерде терминдерді глоссарий реті бойынша орналастыру салыстырмалы түрде талдап көрсетсек тиімсіздеу. Сондай-ақ, осы принцип бойынша әр терминнің даму сипатын көрсететін хронологиялық терминологиялық сөздіктерді түзуге болады. Ал мұндай терминологиялық сөздіктердің қазақ терминографиясы үшін қажет екендігін, қазіргі қазақ терминографиясында бұл сияқты сөздіктердің жоқ екендігін айту керек.

Сондай-ақ, терминдерді терминологиялық сөздіктерде беруде әлемдік терминографияда қолданылатын тәсілдердің бірі - терминдерді ғылыми мәтінде кездесу жиілігіне қарай беру. Мұндай сөздіктерді жиілік сөздігі деп атайды және олардың екі түрі бар. Бірі терминдерді ғылыми мәтінде көп кездесетін терминдерден бастап аз кездесетін терминдерге қарай реттеп орналастырса, екіншісі, керісінше, терминдерді ғылыми мәтінде аз кездесетін терминдерден бастап көп кездесетін терминдерге қарай орналастырады. Алайда, терминографияда бұл тәсіл қосымша ақпарат беруге арналған сөздіктер үшін қолданылады. Арнайы терминологиялық сөздіктерде аталған тәсіл кең қолданылмайды.

Сонымен, жинақтай айтқанда, терминдерді сөздіктерде алфавит реті бойынша беру, мәтіндегі кездесу ретіне қарай, хронологиялық тәртіп бойынша беру және мәтінде кездесу жиілігіне қарай беру терминдерді берудің шартты тәсілдерінің қатарына жатады.

Ал терминдерді тақырыптық жағынан орналастыру тақырыптық сөздіктерде қолданылады. Алфавит реті бойынша

түзілетін тақырыптық сөздіктер **тақырыптық** және **ұялық-тақырыптық** болып екіге бөлінеді. Тақырыптық сөздіктерде әр ғылым жүйесі тақырыптарға жинақталып, әр тақырыпқа қатысты терминдер өз ішінде алфавит ретімен беріледі. Ал ұялық-тақырыптық сөздіктерде ғылым саласы тақырыптарға жинақталмайды, тек терминдер әр терминнің аясында ұяға топтастырылып беріледі де, ал ұяның негізіне алынған термин алфавит ретімен орналастырылады. Алайда, бұл сөздік алфавит ретімен берілетін жоғарыда айтылып өткен ұялық сөздіктерден өзгешелеу. Ұялық-тақырыптық сөздік оған қарағанда көптеген терминдерді қамти алады, ұя негізіне алынған терминнің сөздік мақаланың көлемі ауқымды болып келе алады. Ал бұған қарағанда ұялық алфавиттік сөздік тек терминнің түрлерін, грамматикалық ерекшеліктерін көрсетумен ғана шектеледі.

Тақырыптық сөздіктердің тағы бір түрі идеографиялық сөздіктер немесе оларды тіл білімінде тезаурус сөздіктер деп атайды. Тезаурус сөздіктер алфавит реті бойынша орналастырылмайды. Тезаурус негізге алынған дескриптор терминнің (сипатталушы термин) басқа терминдермен мағыналық байланыстары арқылы түзіледі. Тезаурусты түзуде негізге алынатын терминдердің арасындағы мағыналық байланыстарға қарай тіл білімінде ассоциациялық және жүйелік (иерархиялық) тезаурустар бар. Ассоциациялық тезауруста дескриптор терминмен мағыналық жағынан ассоциациялық байланыстағы терминдер көрсетіліп, дескриптор терминнің ұғымымен байланысты басқа да терминдер қамтылады. Ал жүйелік тезаурус сөздіктерде

дескриптор терминнің басқа да мағыналық байланыстары (қарама-қарсы, тектік-түрлік, салалық, қатыстық, т.б. қатышастары) арқылы оның жүйедегі орны көрсетіледі. Бұл жөнінде басқа жұмыстарымызда жан-жақты талдағанбыз<sup>1</sup>.

Қорыта келгенде, терминдерді сөздікте берудің тәсілдері, олардың түрлері мен ерекшеліктері жеткілікті. Терминологиялық сөздіктің түріне, мақсаты мен міндетіне, тиімділігіне қарай аталған тәсілдер сұрыптап пайдалануды қажет етеді.

## **2.2. Терминологиялық сөздіктердің микроқұрылымы**

Терминография саласын зерттеушілер терминологиялық сөздіктердің және арнаулы лексикаға жататын тілдік бірліктерді қамтитын сөздіктердің макроқұрылымнан және микроқұрылымнан тұратындығын ажыратып көрсетеді. Сондықтан сөздіктердің макроқұрылымы мен микроқұрылымы сөздіктің негізгі құрылымын құрайды екен.

Терминологиялық сөздік құрылымындағы маңызды бөліктердің бірі - оның микроқұрылымы. Терминографиядағы сөздіктің макроқұрылымына оның кіріспесінен бастап, қорытындысы мен қосымшасына дейінгі аралықтағы сөздіктің жалпы құрылымына қатысты элементтерді жатқызсақ, микроқұрылымға сөздік мақаланы түзуде оның ішкі құрылымында қолданылатын элементтер жатады. Микроқұрылым элементтері сөздікке алынған термин туралы

<sup>1</sup> Әбдірәсілов Е. *Лингвистикалық терминдердің семантикалық қатынастары. Кандидаттық диссертацияның авторефераты.* - Алматы, 1999. -29 б.

ақпаратты беруге негізделеді. Сондықтан әлемдік лексикография мен терминографияға қатысты еңбектерде сөздіктердің жалпы құрылымын макроқұрылым деп атаса, микроқұрылымды ішкі құрылым деп атайды. Қазақ лексикографиясын зерттеуші ғалым М. Малбақов та өз еңбегінде микроқұрылымды "ішкі құрылымдық атаулар" деп колданады<sup>1</sup>. Өйткені термин туралы ақпаратты жан-жақты беруге негізделген микроқұрылым элементтерінің жиынтығы сөздік мақаланы құрап, әр терминді беретін сөздік мақаланың ішкі құрылымында орналасады. Микроқұрылымды сондықтан ішкі құрылым деп немесе термин туралы ақпарат беруші мәліметтердің жиынтығы деп те атауға болады. Ғалым М. Малбақов көрсеткен лексикографиядағы "ішкі құрылым атаулары" деген терминдік қолданысты терминография құрылымын талдауда да қолдануды ұсынған болар едік. Лексикографиямен салыстырғанда терминографиядағы сөздік мақаланы құрастыру барысында қолданылатын ішкі құрылым элементтерінде өзгешелік болғанымен, екі салада да бір терминді қолдану қайшылық тудырмайды. Бұл басқа терминдерді де ортақ қолдануға қатысты. Мұндай қолданыстар қайта лексикография мен терминография арасындағы байланыстың болуы керектігін айғақтайды. Тек терминография тұрғысынан терминологиялық сөздіктердің ішкі құрылымына жататын элементтер арнайы анықтауды қажет етеді.

Әр терминологиялық сөздік ішкі құрылым атауларын әр түрлі дәрежеде қамтиды. Тіпті, кейбір терминологиялық

<sup>1</sup>Малбақов М.М: *Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері.* – Алматы: Ғылым, 2002. -42 б.

сөздіктерде ішкі құрылым атаулары мүлдем қамтылмауы мүмкін. Соңғы уақыттарда шығып жатқан, терминдері сөзтізбе (реестр) тәсілімен берілген аударма термин логиялық сөздіктердің көпшілігін осындай сөздіктердің қатарына жатқызуға болады. Орыс терминографиясының ішкі құрылым атаулары мен олардың қолданысын анықтай отырып, С.В. Гринев ішкі құрылым атауларының түсіндірме терминологиялық сөздіктерде неғұрлым толық көрініс табатындығын көрсетеді. Ғалымның пікірінше, түсіндірме терминологиялық сөздіктен басқа аударма, оқулық және ақпараттық сөздік сияқты т.б. терминологиялық сөздік түрлері түсіндірме сөздікті негізге алып жасалады. Түсіндірме терминологиялық сөздік терминографиядағы сөздіктердің арасында ішкі құрылым атауларын көбірек қамтуы жағынан жетекші орын алады. Бұл сөздік түрінің негізгі мақсаты - термин дефинициясы туралы ақпараттарды жан-жақты түсіндіріп беру болғандықтан, оның сөздік мақалаларының ішкі құрылым элементтерін көбірек қамту мүмкіндігі бар екендігімен келісуге болады.

Терминографиялық зерттеу еңбектерде терминологиялық сөздіктердің сөздік мақалаларындағы ішкі құрылым атауларының тіркеуші мәліметтері, шартты мәліметтер, этимологиялық мәліметтер, лексикалық қабатқа жіктелуі туралы мәліметтер, түсініктеме, ассоциациялық белгілер, прагматикалық жағдайы, безендірілуі, микроқұрылымдық элементтер сияқты топтары көрсетіліп жүр. Ғалым Ю.Н. Марчук та өз еңбегінде терминологиялық сөздіктердегі ішкі құрылым атауларын осындай тығыз топқа жинақтап көрсетеді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Марчук Ю.Н. Основы терминографии. - М.: ЦИИ МГУ, 1992. - С.56.



С.В.Гринев алғашқы **тіркеуші мәліметтердің** барлығы сөздік құрылымында көрсетілмейтіндігін, олар сөздік туралы мәліметтерді картотекада беру үшін қолданылатындығын жазады. Расында, тіркеуші мәліметтерге тіркелу реті, тіркелу мерзімі, түсініктеме, терминнің пайда болу көздері туралы ақпараттар жатады. Мұндай мәліметтер қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктерде де берілмейді. Аталмыш мәліметтер терминологиялық сөздіктердің екінші бетінде немесе ең соңғы бетінде берілуі мүмкін. Онда тек терминологиялық сөздіктің тіркелу нөмірі мен ондағы материалдарға қысқаша түсініктеме беріледі. Өз тарапымыздан тіркеуші мәліметтерді терминологиялық сөздіктің қолданысына, таралуына әсер ететін мәліметтер ретінде бағалап, әлемдік терминографияда микроқұрылымға жататын осындай ақпарат беруші сөздік құрылымының бар екендігін атап өтеміз.

Ішкі құрылымның келесі элементі - **шартты мәліметтер**. Шартты белгілерді шартты таңбалармен шатастыруға болмайды. Шартты таңбалар микроқұрылым элементтерінің бір тобы ретінде қарастыруды қажет етеді. Ал шартты мәліметтерде терминнің грамматикалық құрылымы, жасалу жолдары, туынды терминдік тұлғалары туралы ақпараттарды береді. Орыс ғалымдары, сондай-ақ, шартты мәліметтердің қатарына терминдердің фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік варианттары, терминдердің қысқарған формалары жататындығын көрсетеді. Бұл орайда, біздіңше, терминологиялық сөздіктерде терминдердің фонетикалық варианттары мен шартты түрде қысқарған тұлғаларын беруге болғанымен, олардың

морфологиялық және синтаксистік варианттарының болуы термин табиғатына тән емес. Сондықтан терминологиялық сөздіктерде терминологиялық сөздіктердің ішкі құрылымында терминдердің морфологиялық және синтаксистік варианттарын беру де дұрыс болмаған болар еді. Тіпті, фонетикалық вариантының болуы, оны терминологиялық сөздіктерде терминология жүйесі үшін тиімсіз. Мұндай варианттарды беру терминдерді үйлестіріп, жүйелейтін терминологиялық сөздіктің басты қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан орыс ғалымдары көрсеткен терминдердің морфологиялық, синтаксистік варианттары, қысқарған тұлғалары туралы мәліметтер қазақ терминографиясының ішкі құрылымына қажет емес.

Ал сөздік мақаланың ішкі құрылымында терминнің жасалу жолын көрсететін ақпараттардың берілуі сол үлгідегі басқа жаңа терминдердің жасалуына; пайда болуына ықпал ете алады. Осы тұрғыдан бұл сияқты ақпараттардың берілуі терминологиялық сөздік түзуде ескерілуі қажет. Мұндай мәліметтер қазіргі терминологиялық сөздіктерде мүлдем аз.

Сөздік мақала құрылымында термин туралы берілетін мәліметтердің бірі - этимологиялық мәлімет. Этимологиялық мәлімет лексикографиялық сөздік түрлері үшін де, терминографиялық сөздік түрлері үшін тиімді. Бұл мәлімет түрі лексикографияда кеңінен қолданылады. Этимологиялық мәлімет терминографияда терминнің түбірі, тарихы сөз болса оның бұрынғы мағынасы, жасалу жолы, кірме термин болса қай тілден алынғандығы, сол тілде қандай мағына беретіндігі туралы мәліметтерді береді.

Әсіресе, кірме терминдерді беру барысында терминологиялық сөздіктер үшін қажетті ақпараттардың бірі болып табылады.

Терминологиялық сөздіктердің микроқұрылымына жататын элементтердің бірі - лексикалық қабатқа жіктелуі туралы мәліметтер. Бұл элемент тек терминологиялық сөздіктер үшін ғана емес, арнаулы лексиканың басқа да түрлерінің сөздіктерін түзу барысында қолданыла алады. Мысалы, диалектологиялық сөздіктер түзуде. Ал терминологиялық сөздік түзу барысында мұндай ақпарат ретінде терминнің қай салаға жататындығы, немесе қандай тақырыпқа қатыстылығы, қандай ішкі саланың жүйесіне тән екендігі туралы мәліметтерді беру үшін қолдануға болады. Бірақ әр ғылым саласының терминдеріне арнайы терминологиялық сөздіктер жеке-жеке шығарылатындықтан, оның құрамында ішкі саланы ғана көрсетуге болады. Ал термин басқа лексикографиялық сөздіктердің ішінде терминнің қай ғылым саласына қатыстылығын көрсететін стильдік белгі қойса жеткілікті. Бұл ақпаратты терминологиялық сөздікте беруде қолданылатын негізгі тәсіл – стильдік белгі.

Орыс терминографиясының көрсетуі бойынша әр ғылым саласының арнайы бекітілген индекстерін көрсету де осы элементке жататын мәліметтердің бірі.

Терминографиядағы микроқұрылым элементтерінің бірі - түсіндірме беру. Бұл сөзсіз негізінен түсіндірмелі терминологиялық сөздіктерде немесе түсіндірмелі филологиялық сөздіктерде терминдерді беру барысында қолданылатын белгілі тәсіл. Сөздіктерде кездесетін бұл элементті «анықтама беру тәсілдері» деп те атауға болады.

Терминографияда түсіндірме беру тәсілдерінің **ғылыми дефиницияны беру** (терминнің нақты ғылыми анықтамасын беру), филологиялық сөздіктерде түсіндірме беру, сілтеме арқылы анықтама беру (басқа терминге сілтеме жасау), көркемдік құралдар арқылы анықтама беру, контекстік мысалдар келтіре отырып анықтама беру (ғылым саласындағы қолданысынан сөйлем, сөз тіркесі түріндегі мысалдар келтіру арқылы), энциклопедиялық анықтама беру (энциклопедиялық сөздіктерде, сөзжасамдық, терминжасамдық құрылымын көрсете отырып анықтама беру (түбірі мен қосымшаларын ажырата отырып беру)), синонимдік анықтама беру, антонимдік сыңары арқылы анықтама беру сияқты түрлерін көрсетеді. Терминдерді түсіндірудің көрсетілген тәсілдерінің қай-қайсысы да терминнің ұғымын ашуға, термин туралы түсінікті жеңілдетуге қызмет ете алатын, терминологиялық сөздіктерде қолданылуы әбден мүмкін элементтер. Тек синонимдердің болуы кесімді түрде терминологиялық жүйе үшін қайшы құбылыс екенін ескерсек, сөздіктерде де терминдердің синонимін беру арқылы терминдердің ғылыми мағынасын түсіндіруге болмайды. Терминологиялық сөздіктерде терминдердің синонимін беру қазіргі қазақ терминологиясындағы жарыспалы терминдердің қалыптасып, көбеюіне ықпал етпек. Бұл терминологиялық сөздіктердің негізгі қызметіне сәйкес келмейді. Синонимдік қатардың орнына терминологиялық сөздікте терминдердің анықтамасын дублет сыңарлары арқылы беру тәсілін ұсынған жөн. Себебі дублеттер мен жарыспалы терминдердің табиғатында айырмашылық Дублет - терминнің ана тіліндегі

нұсқасы мен шет тіліндегі нұсқасының қатар қолданысы. Мән беріп қарасақ, тіл білімі терминдерінің көпшілігі көп уақыт бойы дублет сыңарда қолданылып келген. Мұндай қолданыс ешқандай жарыспалыққа әкеліп соққан жоқ. Дублет сыңардың қолданысы, сондай-ақ, терминнің ана тілінде жасалған нұсқасының қалыптасып, орнығуы үшін де, термин мағынасының түсінікті болуы үшін те тиімді. Әсіресе, қазіргі қазақ терминдерінің жағдайында осы тәсілді қолданған орынды деп білеміз.

Терминологиялық сөздіктерде қамтылатын мәліметтердің бірі – ассоциациялық белгілері туралы мәлімет. Элемент негізінен терминнің ғылыми мағынасына қатысы бар. Сол терминнің айналасына топтаса алатын, сол терминге қатысты ұғымдарды тудыра алатын ғылым саласындағы басқа терминдер туралы ақпарат беруге негізделеді. Терминнің ассоциациялық белгілерін беру барысында терминнің тектік, түрлік семантикалық қатынастары, басқа ғылым салаларының терминологиялық жүйесіндегі омонимдік термин тұлғасы, қарсы мағынадағы антонимдік қолданыстағы термин туралы, терминнің тіркесімділігі туралы мәліметтер қамтылады. Бұл мәліметтер де анықтама беруге көмектесетін тәсілдердің қатарына жатады. Ал терминнің тектік, түрлік немесе басқа да семантикалық қатынастары туралы мәліметтер тезаурустық терминологиялық сөздіктердің негізгі құрылымы болып табылады.

Микроқұрылымға жататын келесі элемент – терминнің прагматикалық жағдайы. Бұл элемент бойынша терминологиялық сөздіктің хронологиялық қалыптасу сатысы туралы (бастапқы нұсқасы, кейінгі нұсқасы,)

қазіргі қолданысы немесе термин тарихи термин болса қай уақытта қандай ұғымда қолданылғандығы); таралуы (жалпы ғылыми термин немесе тар салалық термин екендігі), қолданыс жиілігі (кең қолданыстағы термин немесе сирек қолданылатын термин екендігі), терминнің нормаға сәйкестігі туралы (ұсынылған термин, бекітілген термин, қолдануға болмайтын термин екендігі) ақпараттар беріледі. Бірақ қазіргі қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктерде мұндай мәліметтері мүлдем берілмейді. Термин туралы мұндай ақпараттар терминологиялық сөздіктің құнын арттыра түсетіндігі, термин мағынасын жан-жақты аша түсуге көмектесетіндігі сөзсіз. Қазіргі қазақ терминографиясы алдағы уақытта терминологиялық сөздіктер түзу барысында мұндай мәліметтер қатарын сөздікте қамтып беруді қолға алу керек.

Терминологиялық сөздіктердің микроқұрылымында қолдануға болатын элементтердің бірі – сөздіктегі терминдерді беруде қолданылатын көрнекі құралдар. Сөздіктің, сөздік мақалалардың безендірілуінде қолданылатын көрнекі құралдарды сөз түріндегі және графика түріндегі көрнекі құралдар терминдерінің контекстегі қолданысы, тіркесімділік қабілеті туралы ақпарат беретін, ғылыми әдебиеттерден алынған мысалдар болып келеді. Ал графикалық көрнекіліктерге түрлі суреттер мен кестелер, карталар, фотосуреттер, диаграммалар, формулалар жатады.

Терминографияда бұдан өзге де кішігірім микроқұрылымдық элементтерді қолдануға болады. Оларға сөздік қолданушының көңілін аудару мақсатында сөздік мақаланы безендіру барысында

қолданылатын түрлі элементтер жатқызылады. Мұндай элементтер ретінде әр түрлі символдарды, басылатын әріп түрі мен көлемін, терминдердің сөздік мақалаларының орналасу бірізділігін, әр жолдың арасында жіберілетін ара қашықтың талапқа сәйкестігін, тыныс белгілерінің дұрыс қолданысын атауға болады. Бір қарағанда маңызсыз сияқты болып көрінгенімен, сөздік мақаланы безендірудегі мұндай элементтердің де терминографиялық еңбектердің микроқұрылымы ретіндегі өзіндік қызметі бар.

Қорыта келгенде, әлемдік терминографияда көрсетіліп жүрген осы сияқты микроқұрылым элементтерінің қазақ терминографиясына қажеттісі мен қажетсізі әлі де нақтылауды, қазақ терминографиясының өзіне тән құрылымдық элементтері анықтауды қажет етеді. Олар практикалық терминографияда терминологиялық сөздіктердің сапасын жақсарту мақсатында қолданылу тиіс.

### 3. ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

#### 3.1. Терминологиялық сөздіктердің топтастырылуы және түрлері

Қазіргі қазақ терминографиясы үшін өзекті деген зерттеу нысандарының бірі - терминологиялық сөздіктердің түрлерін айқындап алу. Терминологиялық сөздіктер осыған дейін тіл білімінде лексикорграфиялық сөздіктердің бір түрі ретінде қарастырылып келді<sup>1</sup>. Алайда, терминологиялық сөздіктердің түрлерінің көбеюі, терминологиялық сөздіктерді құрастыру аясындағы проблемалық мәселелердің жинақталып қалуы терминологиялық сөздіктердің арнайы қарастырылуын қажет етіп отыр.

Терминографиядағы сөздік түрлерін айқындау сөздіктердің өзіндік ерекшеліктерін, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын, әсіресе, әр сөздіктің түріне байланысты оларды түзу тәсілдерін айқындап алуға мүмкіндік береді. Практикалық қазақ терминографиясының тарихында терминологиялық сөздіктер көптеп шығарылғанымен, олардың түрлері, қандай терминологиялық сөздіктердің қандай мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруы керектігі теориялық терминографияда белгіленіп, нақтыланбаған. Сондықтан қазіргі қазақ терминографиясында терминологиялық сөздіктердің түрлерін жан-жақты айқындап алу қажеттілігі туындап отыр. Терминологиялық сөздіктердің түрлерін ажыратуда, оларды жіктеп көрсетуде белгілі бір принциптерді анықтап, соларға сүйену керек.

<sup>1</sup> Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы, 1993.



Бұл ұстанымдар екінші жағынан, сол терминологиялық сөздіктердің түрлерін бір-бірінен ажыратып талдау барысында айқындалады. Яғни, негізге алынатын принцип әр сөздіктің өзіндік ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Себебі терминологиялық сөздік түріне тән ерекшелік - оны айқындап көрсетуде негізге алынатын принциптердің қатарын құрайды. Анықталған терминологиялық сөздік түрлеріне тән ерекшеліктер терминологиялық сөздікті түзушілер тарапынан қолданыс табуы, сөздіктер түзу барысында негізге алынуы, сөздік түзу ісін жеңілдетуі тиісті.

Алдымен, терминологиялық сөздіктерді жіктеп корсетуде негізге алатын принциптерді айқындап алған орынды. Лексикографиядағы сөздік түрлері мен олардың өзіндік ерекшеліктері жеткілікті болғандықтан, лексикографиядағы принциптердің терминографиядағы сөздіктерді жіктеуде сәйкес келе бермейтіндігін де айтып өту қажет. Лексикографияны зерттеуші ғалым М. Малбақов өз еңбегінде мұндай принциптерді сөздік түрлеріне «жіктеме жасаудың негіздері» деп көрсетеді<sup>1</sup>. Ғалым М. Малбақовтың еңбегінде орыс ғалымы Л.П.Ступиннің лексикографиядағы сөздіктерге жіктеме жасауға ұсынған жеті негізі көрсетілген. Алайда, бұл негіздер терминологиялық сөздіктерге жіктеме жасау үшін негізге алуға келмейді. Көрсетілген негіздердің ішіндегі сөздіктің көлемін негізге алатын екінші негізді, сөздіктің кіріс бірліктерін, тілін негізге алатын үшінші негізді және сөздіктегі сөздердің орналасу ретін негізге алатын жетінше негізді ескеруге болады.

<sup>1</sup> Малбақов М. *Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері*. - Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.

Аталған лексикографиядағы негіздерді де ескере келе, жалпы терминографияда терминологиялық сөздік түрлеріне жіктеме жасауда ұстануға болатын негіздерді көрсетіп өтуді жөн көрдік. Терминологиялық сөздіктерді негізгі мақсаты мен қызметіне байланысты, терминдерінің берілу тәсілдеріне байланысты, сөздікте қамтылатын тілінің санына байланысты (кіріс бірліктеріне), көлеміне байланысты және ғылым салаларының терминологиялық сөздіктерінің жеке немесе жаппай қатар шығарылуына байланысты жіктеуге болады, Яғни, осы негіздерді терминологиялық сөздіктерге жіктеме жасауда негізге алған орынды.

Терминографияда негізінен, аударма, түсіндірме сөздіктер кеңінен қолданылады. Оған қоса соңғы уақыттарда ақпараттық-ізденіс сөздік түрлері пайда болды. Ақпараттық-ізденіс сөздіктері сөздік мақалаларды алфавиттік ретпен орналастыру үрдісінен өзгешелеу сөздік түріне жатады. Терминологиялық сөздіктердің мақсаты мен қызметін негізге ала отырып, бірінші негіз бойынша аударма, түсіндірме және ақпараттық терминологиялық сөздік түрлерін жіктеп көрсетуге болады.

Қазіргі қазақ терминографиясында кеңінен қолданылатын терминологиялық сөздік түрлерінің бірі - аударма сөздіктер. Аударма сөздіктердің негізгі мақсаты - ғылыми жүйені сақтай отырып, терминдерді бір тілден екінші тілге аударып беру. Бірақ қазіргі шығып жатқан терминологиялық сөздіктер осы екі қызметін де сапалы түрде жүзеге асыра алмай отырғандығын айтуымыз керек. Аударма терминологиялық сөздіктердің, біріншіден, алфавит реті бойынша орналастырылуы терминдердің жүйелі түрде

Берілуін толық қамтамасыз ете алмайды. Өйткені, алфавит ретімен орналастыру бір-бірімен байланысты, бірін-бірі толықтырып отыратын, әр терминнің өзіндік орны мен мағынасы терминологиялық немесе басқа жүйені беруге негізделмеген. Алфавит реті бойынша сөздік мақалаларды орналастыру сөздіктерді қолданушылардың қолданыс ыңғайына, қажетті терминдерді алфавит бойынша тез табу мақсатына қарай бейімделген. Бұл негізінен лексикографиялық аударма сөздіктерге тән басты ерекшелік. Өйткені, бұл орналастыру тәсілінің өзі алғаш лексикографияда қолданылып, қалыптасып, кейіннен терминологиялық сөздіктерді құрастыру ісінде де пайдаланылған. Алфавит реті бойынша орналастыру тәсілін кезінде лексикография теориясының іргетасын қалаушы ғалымдардың бірі Х.Касарестің өзі де жасанды ретсіз тәсіл ретінде бағалаған еді<sup>1</sup>. Бұл пікірмен бір жағынан келісуге болады. Себебі, алфавит реті бойынша орналастыру барысында терминнің әр түрлі аударылуына байланысты, бір терминнің өзі терминологиялық сөздіктің құрылымында екі немесе үш-төрт әріпке қатысты жерлерінде қайталанып беріліп, бір терминологиялық сөздіктің ішінде бір терминнің әр түрлі аудармасы беріледі. Бұл терминологиялық сөздіктің жүйені беруге тиісті негізгі міндетіне қарама-қайшы кемшілік және аталған кемшілік өкінішке орай, қазіргі терминологиялық сөздіктерде кездесетіндігін де жасыруға болмайды. Осындай шатасушылықтың салдарынан, керісінше, бір терминологиялық жүйедегі әр түрлі терминдерді бір ғана нұсқада аударған кемшіліктер де кездеседі.

<sup>1</sup> Касарес Х. Введение в лексикографию.

Қалай болғанда да, қазіргі лексикографиядағы да, терминографиядағы да аударма сөздіктерді түзуде сөздік мақалалар мен сөзтізбелерді орналастыратын бірден-бір тәсіл - осы алфавиттік рет бойынша беру. Бұл тәсіл - аударма терминологиялық сөздіктерді құрастыру барысында да негізге алынатын басты тәсілдердің бірі. Сондықтан алфавит реті бойынша сөздік мақалалар мен сөзтізбелерді орналастыру барысында аударма терминологиялық сөздікті түзушілер негізгі ғылыми жүйені бұзбай беруге, әр терминнің ғылыми жүйедегі орнына мән бере отырып сөздікте орналастыруға, терминологиядағы жүйелілік сақтауға ұмтылулары керек. Яғни, терминологиялық аударма сөздікті түзушінің ұқыптылығы мен мұқияттылығы, объективтілігі, сол ғылыми жүйе туралы жан-жақты ақпаратының болғандығы дұрыс. Бұл -алфавит реті бойынша түзілетін аударма терминологиялық сөздіктердегі ғылыми жүйені жүйелі түрде беруге ықпал ете алатын тәсілдердің бірі.

Екіншіден, қазіргі аударма терминологиялық сөздіктер терминдерді аударып беруге тиісгі негізгі міндеттеріі толық орындай алмауда. Өйткені, терминологиялық сөздіктердің көпшілігі "қазақша-орысша" немесе "орысша-қазақша" сөздіктер түрінде аталып, аударма сөздік болып есептелгенімен, олардың құрамындағы терминдердің көпшілігі қазақ тіліне аударылып немесе қазақ тілінің ішкі фонемологиялық заңдылықтарына икемделіп аударылып берілмеген. Көптеген орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы шет тілінен енген терминдердің қазақ тіліндегі бағанасында аталған терминдер ешқандай аудармасыз, өзге тілдегі қалпында беріледі. Бұл сөздіктің

алға қойған міндеті мен мақсаты оның ішкі құрылымында орындалмай жатады деген сөз. Сөздікте берілген терминдердің аударма нұсқалары олардың негізгі мақсатына сәйкес емес. Қазіргі аударма терминологиялық сөздіктерде бұл қателіктің кездесетіндігін арнайы дәлелдеп жатудың өзі артық. Ал тілдің терминологиясындағы кірме терминдер аударма терминологиялық сөздіктердің құрылымында арнайы бөлімде бөлек алфавит ретімен берілуі керек деп есептейміз. Бұл сөздіктің қосымшасы ретінде қарастырылып, сөздіктің негізгі қызметіне нұқсан келтірмеген болар еді. Әрі сөздік құрылымының бұлай орналасуы сөздікте көптеген терминдердің аударылып, қазақ тіліндегі нұсқасының қалыптасуына, сөздік түзушілердің қалыптасқан дайын кірме терминдерді қазақша бағанға бере салмай, оларды аударып беруге ұмтылуына септігін тигізе алмақ.

Бұл орайда, алфавит тәртібі бойынша берілген аударма терминологиялық сөздіктердің ұтымды жағын да атап өту керек. Бұл сөздік түрлерінің ұтымды жағы - қолданушыға қолайлығында. Терминнің аудармасын іздеуші алфавит реті бойынша қажетіне қарай бірінші бағандағы қазақша нұсқасынан немесе бірінші бағанда орналасқан орысша нұсқасынан қажетті терминді тауып, оның аудармасын біле алады. Алайда, бұл тұрғыдан орысша-қазақша терминологиялық аударма сөздіктерге қарағанда, қазақша-орысша терминологиялық сөздіктердің аз екендігін де жасыра алмаймыз. Қазақ тіліндегі терминдердің қалыптасуы үшін орысша-қазақша сөздіктерден гөрі қазақша-орысша сөздіктердің маңызды орын алатындығын да айтып өтуіміз керек.

Сөздіктің негізгі мақсаты мен қызметіне байланысты жіктелетін терминографиядағы сөздіктің келесі түрі - **түсіндірмелі сөздіктер**. Қазақ тәжірибелік терминографиясында түсіндірмелі терминологиялық сөздіктер көп емес. Бірақ жалпы терминографияда аударма сөздік түрлерінен кейінгі кең тараған сөздік түрі - осы түсіндірмелі сөздіктер. Түсіндірмелі терминологиялық сөздіктер қазақ терминографиясында көп емес. Терминологиялық түсіндірме сөздіктерді аударма түсіндірме сөздік түрінде де түзуге болады. Сондай терминологиялық сөздіктердің бірі - "Тіл білімі сөздігі" (1998і)<sup>1</sup>. Аталған сөздіктің мәтіндері біршама тура аудармаға ұшырағанымен, қазақ терминографиясындағы алғашқы әрі аударма, әрі түсіндірме терминологиялық сөздік болып табылады. Яғни, екі қызметті де қатар атқаруға негізделіп жасалған сөздіктердің тұрғысынан алғашқылардың бірі болып есептеледі.

Мақсаты мен міндетіне қарай жіктелетін терминологиялық сөздіктердің бірі - **ақпараттық сөздіктер**. Ақпараттық терминологиялық сөздіктер соңғы ғылым мен техниканың дамуына байланысты пайда болған сөздік түрі. Бұл сөздік түрлері тек терминографияда ғана емес, лексикографияда да қолданылады. Ақпараттық терминологиялық сөздіктер екінші жағынан, информатика тілінде бағдарлама жасап қолдануға икемделіп жасалады. Сондықтан мұндай сөздіктерде терминдер басқа терминдермен мағыналық, жүйелік байланыста беріледі. Терминологиялық сөздіктерді жіктеуде ұстанатын негіздердің бірі – сөздік құрылымындағы сөздік мақалалардың

<sup>1</sup> *Словарь по языкознанию. - Тіл білімі сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1998. - 544 с.*

орналасу тәртібі. Орналасу тәртібіне байланысты терминологиялық сөздіктер алфавиттік, тақырыптық және ақпараттық сөздіктерге жіктеліп жүр. Бұл сөздік түрлері терминографиядағы терминдерді беру тәсілдерін талдағанда да арнайы сөз болады. Алфавиттік сөздік пен ақпараттық сөздік туралы жоғарыда да тоқталып өттік.

Сөздік мақалаларының орналасу тәртібі бойынша жіктелетін сөздіктердің бірі – тақырыптық сөздіктер. Тақырыптық сөздіктердегі сөздік мақалалар да алфавит реті бойынша орналастырылады. Бірақ кең тараған аударма сөздіктер бір ғылым саласының терминдерін ішкі жүйеге топтаспымай, басынан аяғына дейін бірізді түрде алфавит тәртібімен орналастырса, тақырыптық сөздіктер ғылым саласының ішкі жүйесіне сәйкес ғылым саласының терминдерін іштей тақырыптарға топтастырып, әр тақырыптың немесе ішкі саланың аясында сол тақырыпқа қатысты терминдерді жинақтап береді. Яғни әр тақырыптың ішіндегі терминдердің сөздік мақалалары өз алдына алфавит ретімен орналастырылады. Тақырыптық сөздіктерді тақырыптық-аударма сөздік және тақырыптық-түсіндірмелі сөздіктер ретінде түзуге болады. Ғалым Б. Қалиевтің пікірінше, мұндай сөздіктерді оқулық і н м і і і і і г о р деп те атауға болады<sup>1</sup>. Өйткені мұндай сөздіктер ең алдымен, студенттер мен оқушылардың ғылыми жүйені дұрыс түсініп оқуы үшін және кәсіби білім беретін оқу орындарында білім алушылардың өз саласына қатысты өткен тақырыптарды негізге ала отырып, сөздіктен сол тақырыптың аясына, сол тақырыпқа жататын терминдердің аясына топтастырылған мәліметтерді білуі үшін қажет. Бұл

<sup>1</sup>Қалиұлы Б. Сөздік // Қазақ тілі (энциклопедия). - Алматы, 1998. - Б. 354-355.

жағдайда тақырыптық сөздіктерді оқулық ретінде пайдалануға болады.

Тақырыптық сөздіктердің кең тараған аударма сөздіктерге қарағанда ғылыми жүйені беруге негізделетін ұтымды мүмкіндігін де айта кету керек. Сондықтан мұндай сөздіктерді түзу қазіргі терминография үшін тиімді болған болар еді. Өкінішке орай, аталған сөздіктер қазақ терминографиясында жоқтың қасы.

Бұдан өзге терминологиялық сөздіктерді терминдерінің берілу тәсілдеріне байланысты қазіргі қазақ терминографиясындағы сөздіктерді алфавиттік сөздіктер, тақырыптық және идеографиялық сөздіктер деп, сөздікте қамтылатын тілінің санына байланысты (кіріс бірліктеріне) байланысты екі, үш немесе көп тілді сөздіктер, көлеміне байланысты орта және кіші терминологиялық сөздіктер деп, терминологиялық сөздіктердің жеке немесе жаппай қатар шығарылуына байланысты жеке ғылым саласының терминологиялық сөздігі және терминологиялық сөздіктер сериясы деп топтастыруға болады. Бұдан өзге қазақ тілінде бір тілді терминологиялық түсіндірме сөздіктер де бар. Мұндай сөздіктер тек қазақ тілінде терминдерге түсініктеме беруге негізделеді. Ал көлеміне келсек, бір ғылым саласының терминдерін қамтитын терминологиялық сөздіктер үлкен көлемде шығарылған емес және ондағы қамтылатын терминдердің көлемі үлкен сөздікті толтыруы мүмкін емес. Терминологиялық сөздіктерді жіктеудегі соңғы топтастыру шартты екендігі түсінікті. Бұл жіктемелер мен ерекшеліктер оларды түзу және баспа ісін ұйымдастыру барысында әдістемелік тұрғыдан ескеруді қажет етеді.

Жинақтай айтқанда, термин табиғатының күрделілігіне байланысты сөздіктің бір түрі ретінде қарастырылып келген терминологиялық сөздіктің түрлерін анықтаудың маңызы зор.



## **3.2. Қазақ терминографиясында ақпараттық сөздіктер жасау қажеттілігі**

### **3.2.1. Қазіргі қазақ терминографиясындағы ақпараттық сөздіктердің маңыздылығы және олардың құрылымы**

Әлемдік терминографияда (Лексикографияның негізінде қалыптасқан терминологиялық сөздіктер жасау ісін қарастыратын сала - Ә.Е.) терминдердің ақпараттық сөздіктерін жасауға болатындығы да кеңінен айтылып жүр. Ақпараттық сөздіктерді тілшілер екі түрге бөліп қарастырады. Оның бірі - ассоциациялық сөздіктер болса, екіншісі - иерархиялық сөздіктер. Иерархиялық сөздіктерді жүйелік сөздіктер деп те атауға болады. Сондай-ақ ақпараттық сөздіктерді кейде жалпы тіл білімінде идеографиялық сөздіктер немесе тезаурустар деп атайды. Тезаурустардың жасала бастауы әлемдік лексикография тарихында әріден бастау алады. Тезаурус - ежелгі грек тілінен аударғанда қор, қазына деген ұғымды білдіреді екен. Яғни, бұл сөздік түрлері белгілі бір идеяға құрылған сөздік болуымен ерекшеленеді. Тіл білімінде тезаурустың басқа да түрлері бар. Қазіргі тіл білімінде тезаурустардың тілдік бірліктерді мағыналық байланыстар арқылы беруге негізделген жүйелік, ассоциациялық түрлері пайда болды. Қазіргі лексикография мен терминографияда тезаурустарды айтып өткендей, ассоциациялық және иерархиялық (жүйелік) деп топтайтындығы да сондықтан.

Идеографиялық сөздіктердің қазақ терминографиясы мен лексикографиясы үшін де қажеттілігіне тоқтала отырып, оларды түзудің әдістемесіне, олардың құрылымына жан-жақты тоқталудың маңызы үлкен. Жалпы тіл біліміндегі еңбектерге зер салсақ, ақпараттық сөздіктер жасау тәжірибесі орыс және батыс тілдерінде кеңінен жүзеге асырылып, қолға алынып келеді. Ал түркі тілдері бойынша алғаш мұндай сөздік түрі және оған байланысты зерттеу еңбек татар тіл білімінде жасалып, соның негізінде Х.Ф.Исхакова өзінің «Структура терминологических систем» атты еңбегін жариялаған болатын<sup>1</sup>. Ал басқа түркі тілдерінің тіл білімінен бұл сияқты еңбектерді кездестіре қою қиын. Сондықтан біріншіден, қазақ терминографияда да ақпараттық сөздіктердің жасалу қажеттілігі бұл бағыттағы жұмыстардың зерттелмей жатқандығымен түсіндірілсе, екінші жағынан, бұл сөздік түрлерінің алфавиттік сөздіктерге қарағанда тиімді екендігімен айқындалуы тиісті.

Идеографиялық сөздік түрлерін қазақ лексикографиясын зерттеуші белгілі ғалымдар оқулық сөздік ретінде қарастырып жүр. Алайда, оқулық сөздіктердің идеографиялық сөздіктерден де ажыратылатын айырмашылықтары, әрі оларды жақындататын ұқсастықтары бар. Осы тұрғыдан, алдымен ақпараттық сөздіктердің қазіргі лексикография мен терминографияда кең қолданыс тапқан алфавиттік сөздіктерден айырмашылығына, өзіндік ерекшеліктеріне, салыстыра отырып, тоқталған орынды. Алфавиттік сөздіктердің құрылымы, ондағы сөздік мақалалардың

алфавит реті бойынша орналастырылатындығымен түсіндірілетіндігі белгілі. Ал ақпараттық сөздіктер немесе тезаурустардың құрылымы сөздік мақалаларды алфавит реті бойынша беруге негізделмейді. Тезаурустар әр терминді негізге ала отырып, сол терминнің ғылыми жүйедегі басқа терминдермен байланысын, мағыналық қатынасын негізге ала отырып түсіндіруге негізделеді. Яғни, терминнің немесе тілдік бірліктің жүйедегі орны, басқа терминдермен арақатынасы жөнінде жан-жақты ақпарат беруге бағытталады. Тіл білімінде мұндай сөздіктердің ақпараттық сөздіктер деп аталуы да сондықтан.

Бұл сөздік түрлерінің ақпараттық сөздіктер болып аталуының екінші себебі - олардың информатика құралдарын да бағдарлама түзуге және информатикада арнайы бағдарламалар арқылы қолдануға бейімділігінде, қолайлығында. Сондықтан ақпараттық сөздіктердің информатика саласымен байланысты екендігін де айта кету керек. Алайда, әрбір сөздік мақала негізіне алынған терминнің алфавит бойынша орналасуы міндетті емес. Олардың орналасуы сөздік түзушінің мақсат етіп қойған талаптарына, ғылыми жүйедегі терминнің орнына байланысты. Ақпараттық сөздіктерде терминдердің сөздік мақалаларының орналасуы ішкі салаға қарай да топтастырылып жүзеге асуы мүмкін. Бұл - ақпараттық сөздіктердің алфавиттік сөздіктерден басты айырмашылығы.

Ақпараттық сөздіктерде терминдердің, сөздік мақалалардың ішкі салаға сәйкес топтастырылып орналасуы жағынан, ақпараттық сөздіктердің құрылымында оқулық сөздіктерге белгілі бір дәрежеде ұқсастық бар. Өйткені, оқулық сөздіктер оқулыққа негізделіп жасалып, оның ішкі

терминдері ішкі салаларға байланысты топтастырылады. Бұл жағынан оқулық сөздіктер мен ақпараттық сөздіктердің қызметтерінде ұқсастық үлкен. Алайда, оқулық сөздіктердің терминдер жиынтығы ішкі тақырыптарға топтастырылғанымен, олардың осы тақырып ішінде алфавит ретімен берілетіндігінде. Ал оқулық сөздіктердің алфавиттік ретпен берілетін кең тараған қолданыстағы сөздіктерден айырмашылығы – терминдік немесе тілдік бірліктерінің тақырыптарға топтастырылып, жүйені беруге бағытталатындығында. Яғни, олардың сөздік мақалаларын тақырыптарға жіктеп берудегі мақсат та сол жүйені беруге, олардың қолданысын оқырманға, қолданушыға қолайлы, ыңғайлы етумен байланысты. Өйткені ақпараттық сөздіктерді терминдерді жүйелеп беретін, терминдердің ғылыми жүйедегі орны, басқа терминдермен арадағы маңызы туралы жан-жақты ақпарат беретін сөздік ретінде ғана емес, сол салаға байланысты оқулық ретінде де қолдануға болады.

Ал ақпараттық сөздіктердің екінші жағынан, информатика саласында бағдарлама жасауға бейімделіп жасалатындығына келсек, сөздіктің екі жағы бар. Бұған байланысты тілшілер тарапынан немесе әр саланың мамандары тарапынан жасалған ақпараттық сөздіктердің негізінде информатика мамандары бағдарлама жасай алады. Информатиктер сөздік материалдарын және ондағы мамандар тарапынан жүйеге сай берілген сөздік материалдарын компьютерлік технологияда қолдану үшін бағдарлама түзуіне болады. Бұл екінші сатыдағы атқарыла алатын жұмыстардың қатары. Алайда, ақпараттық сөздіктерді баспа бетінде жарияланған нұсқасында да пайдалануға болатынын айту қажет.

Сондықтан информатика саласында бағдарлама жасалмаған ақпараттық сөздікті жарамсыз деп тануға болмайды. Ақпараттық сөздіктерге бағдарлама жасалуы міндетті емес. Қарастырылып отырған сөздік түрінің екі жақты қызметін атап өту керек. Өйткені мамандар тарапынан жасалатын ақпарат сөздік нұсқасының өзі үлкен еңбек көлемі мен уақытты қажет етеді. Мысалы, көршілес орыс тіл білімінің өзінде "Орыс тілінің ассоциациялық сөздігі" өте ұзақ уақыт бойы жасалған және орыс тіліндегі дайын тезаурус сөздіктердің бірді-екісі ғана ақпараттық бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Сондықтан мамандар тарапынан немесе тілшілер тарапынан дайындалатын әр саланың тезаурус сөздіктерін ұйымдастырудың өзі жеңіл емес. Қазіргі қазақ терминографиясы үшін мұның өзі күрделі мәселе.

Ақпараттық сөздік түрі мен оның қызметі түсінікті болу үшін сөздіктің құрылымы мен оны жасау әдістемесіне нақты тоқталған дұрыс. Сөздік түрінің бірі – **ассоциациялық сөздік**. Негізінен, ассоциациялық сөздіктердің де, жүйелік (идеографиялық) сөздіктердің де негізгі құрылымы, сөздік мақалаларының түзілуі мағыналық байланыс түрлеріне негізделеді. Олардың айырмашылығы - мағыналық байланыс түрлерінің әр түрлілігінде және қызметтерінің арасындағы айырмашылықтың барлығында.

Ассоциациялық сөздіктерді жасау барысында оның құрылымына мынандай мағыналық байланыс түрлері негізге алынады: **сөздің негізгі тұлғасы немесе сөздің, терминнің өзі, терминнің мағынасы, терминнің жіктелетін ғылым саласы, терминнің қызметі, терминнің маңызы**. Бұл мағыналық байланыс түрлері

бойынша берілген термин туралы мәліметтер сол терминнің білдіретін ақпаратын жинақтап көрсете алуы, бере алуы тиісті. Яғни, термин туралы ассоциациялық ұғым қалыптастыруы керек. Сонымен бірге екінші жағынан, сол терминнің белгілері, ерекшеліктері туралы жан-жақты ақпарат беру де ассоциациялық сөздіктің басты қызметі, өзіндік ерекшелігі болып табылады. Мысалы, бір терминге арналған сөздік мақаланы көрсетейік:

Термин (негізге алынған термин): сөйлем

Ғылым саласы: тіл білімі

Мағынасы: ойды жеткізетін тілдік бірлік

Қызметі: ойды жеткізу

Маңызы: тіл біліміндегі күрделі тілдік бірлік атауы

Осы сияқты сөздік мақалалардың негізінде ғылым саласының ассоциациялық сөздігін түзуге болады. С.Е.Никитина сияқты орыс тіл біліміндегі ғылым тілін ақпараттандыру мәселесімен айналысып жүрген ғалымдардың пікірлерінше, әр ғылым саласының ішкі ерекшеліктеріне сай ондағы мағыналық байланыс түрлері де өзгеріп, көбейіп немесе азайып отыруы мүмкін екен<sup>1</sup>

Қазіргі кезде жалпы тіл білімінде «ғаламның тілдік бейнесі» терминін және оның қызметін тіл білімінде нақты айқындай алмай жүргендігіміз жасырын емес. Когнитивтік тіл біліміндегі тілдік бірліктерді ұғымдық тұрғыдан қарастыратын саласы тұрғысынан бұл ұғым тілдің

<sup>1</sup> *Никитина С.Е. Тезаурус как способ описания и представления языка науки (на материале лингвистической терминологии). Автореф. дис. ... канд. филол наук. - М., 1983. - 18 с.*

қоршаған ортадағы берудегі мүмкіндігін, әрі тіл ретіндегі орнын айқындап беруге ұмтылады. Қазіргі тіл білімінде сондай-ақ, "ғаламның ғылыми бейнесі" деген терминді қолданылып жүр. Ал тілші Ю.Н. Карауловтың ойынша, әрбір терминнің "ғаламның ғылыми бейнесін" беруді қызметі мен сол бейнедегі терминнің, сол арқылы тілдің орнын көрсетуге ұмтылатын сөздіктердің бірі - ассоциациялық сөздіктер екен<sup>1</sup>.

Ақпараттық сөздіктердің екінші түрі - жүйелік сөздіктер. Жүйелік сөздіктердің құрылымы термин, синонимі, антонимі, топтық ұғымы, түрі, ғылым саласы, мағынасы, қызметі, маңызы т.б. сияқты мағыналық байланыс түрлерінен тұрады. Мысалы:

Термин (негізге алынған термин): сөйлем

Антонимі: сөз

Топтық ұғымы:

Түрі: жай

жалаң-жайылма ... т.б.

құрмалас

салалас-сабақтас

... т.б.

Ғылым саласы: синтаксис

Мағынасы: ойды жеткізетін тілдік бірлік

Қызметі: ойды жеткізу

Маңызы: тіл біліміндегі күрделі тілдік бірлік атауы

<sup>1</sup> Караулов Ю.Н. Языковая картина мира и русский лингвокультурный тезаурус // Русский язык в диалоге национальных культур государств-участников СНГ в XXI веке. Материалы международной конференции. - М.: МГЛУ, 2003.

Байқап отырғанымыздай, жүйелік сөздікте қамтылатын ақпараттар терминнің жүйедегі орнын көрсетуге, терминдерді жүйелеп беруге негізделеді. Сондықтан онда қамтылатын мағыналық байланыс түрлері де негізінен жүйеге қатысты. Сөздік мақсаты - терминдерді жүйедегі орнына сай жоғарыдан төменге, төменнен жоғарыға қарай немесе жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға қарай принципі бойынша сатылап, жинақтап, жүйелеп көрсету. Мұны жалпы тіл білімінде гиперо-гипонимдік, яғни сатылық мағыналық байланыс түрлері деп көрсетіп жүр. Мұндай мағыналық байланыс түрлерінің қатарына шартты түрде бүтіндік-бөлшектік мағыналық байланыс түрлері де көрсетіліп жүр<sup>1</sup>.

Аталған сөздік түрлерінің құрылымына байланысты келтірілген мысалдан-ақ олардың арасындағы байланыс пен айырмашылықты, әр сөздіктің мақсаты мен қызметін аңғаруға болады.

Ақпараттық сөздік түрлері тек терминологияда ғана емес, лексикографияда да жасалып, тұтас тілдің тезаурус сөздіктерін жасауға болатындығын да көрсету керек. Орыс тіл білімінде мұндай сөздіктер жасалып үлгерді. Сондықтан бұл сөздік түрінің терминографияға ғана емес, лексикографияға да қатысы бар. Ғалым Ю.Н.Карауловтың пікірінше, әр ұлттың тілі арқылы оның мәдениетін танытуға болатын лингвомәдени бірліктердің де тезаурус сөздігін жасауға болады екен<sup>2</sup>. Зерттеуші мәдениет сияқты күрделі ұғымды жан-жақты жеткізуде тезаурустың маңызды екендігіне тоқталады. Ғалымның бұл көзқарасын орынды деп білу керек.

*1 Никитина С.Е. Тезаурус как способ описания и представления языка науки (на материале лингвистической терминологии). Автореф. дис. ... канд. филол наук. - М., 1983. - 18 с.*

*2 Караулов Ю.Н. Языковая картина мира и русский лингвокультурный тезаурус // Русский язык в диалоге национальных культур государств-участников СНГ в XXI веке. Материалы международной конференции. - М.: МГЛУ, 2003.*



Жинақтай келгенде, қазақ терминдерін жүйелеу бағытында бұл сияқты сөздік түрлерінің де қазақ тіл білімінде жасалуы қажет. Бұл қазақ терминологиясын әлемдік терминология деңгейіне сай дамыту үшін де маңызды.

### **3.2.2. Семантикалық қатынас түрлерін анықтау - ақпараттық сөздіктердің негізгі құрылымы (немесе тезаурустық терминологиялық сөздіктердің құрылымы)**

Кез-келген мақсатқа жетудің өзіндік даму сатысы, деңгейлері бар. Терминдердің де табиғатын танып, терминдердің өзіндік ерекшеліктерін, тілдің терминология салаларындағы әр терминнің мағынасын түсініп, беретін ұғымдық белгілерін тани түсу үшін терминдерге жүйе ішінде өзіндік семантикалық талдау жасау қажет. Терминдерді семантикалық тұрғыдан зерттеудің шартты түрде екі негізгі бағыты немесе тәсілі белгіленіп отыр. Олардың бірі - әр терминнің, терминдік элементтің мағынасын ашу болса, екінші бағыт - сол терминдердің арасындағы семантикалық қатынас түрлерін айқындау. Алғашқы семантикалық талдау тәсілі тіл білімінде кеңінен қолданылады. Алайда, салалық терминдердің семантикалық ерекшеліктері жан-жақты талдауды қажет етеді. Терминдердің жүйе ішіндегі басқа терминдермен семантикалық тұрғыдан зерттеудің жаңа тәсілі ретінде қабылдаған орынды. Бұл – шартты тәсіл болса да, әлемдік тіл білімінің деңгейінде тиімді тәсіл ретінде байқалып, қолданыста нәтиже беріп отыр.

Сөз болып отырған тәсіл бойынша ғылым саласы терминдерінің семантикалық ерекшеліктері нақты сөздікте көрініс тауып, олардың басқа терминдермен түрлі деңгейдегі байланысы көрсетіле отырып сөздік түзіледі. Бұл – әрі семантикалық талдау жасаудың жүйелі тәсілі, әрі ақпараттық-ізденіс тіліне, яғни, қазіргі компьютер тіліне негізделіп жасалатын сөздік түрі.

Тілдің ішкі салаларының, құрылымының және тілдік бірліктерінің арасындағы түрлі құбылыстар мен үрдістердің (процестердің), заңдылықтар мен ондағы тілдік бірліктерге салалық ғылымдардың ішкі жүйесіне сай ғылыми талдау жасалып, соның нәтижесінде қорытынды алынады. Ғылыми зерттеу жұмыстары ғылыми жүйенің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі жақтан қарастырылады. Салалық терминологияға да осындай зерттеу ерекшелігі тән. Әр терминология саласының терминдеріне де түрлі лингвистикалық тұрғылардан (аспектілерден) талдау жасалыну арқылы ғана терминдерге, сондай-ақ, жалпы терминология саласына тән заңдылықтар мен құбылыстарды, үрдістерді, олардың жалпы сипатын, терминологиялық жүйедегі орнын нақты ашып көрсетуге болады. Әр терминнің мағыналық ерекшеліктерін, терминдерге, терминологияға тән семантикалық үрдістерді ғылым салалары терминология жүйелерінің басқа тілдік жүйелермен (осы жүйеге қатысты айтқанда) семантикалық қатынас деңгейлерін байқау үшін де осындай семантикалық талдаулар жасалынуы қажет. Терминдерді ұғымдық жағынан талдап, зерттеу жүргізудің қажеттілігін,

мұндай зерттеу термин табиғатын тани түсуге мүмкіндік беретіндігін А.А. Реформатский, А.В. Суперанская сияқты орыс терминолог-ғалымдары да өз еңбектерінде атап өтеді<sup>1</sup>. Себебі, әр терминнің беретін мағынасын, терминологиялық жүйедегі, ғылыми қатынас тіліндегі орнын білмей, басқа маңызды мәселелердің, теориялық сұрақтардың шешімін табуға ұмтылыс жасау орынсыз болған болар еді. Оның үстіне, жалпы тілдердің, ондағы тілдік бірліктердің табиғатын ұғымдық жағынан танып-білу кең өріс алып отырғанда мұндай талдаулар аса қажет. Жоғарыда тоқталып өткендей, тіл біліміне қатысты зерттеу еңбектерден тілдің ішкі құрылымын ұғымдық тұрғыдан талдау бағытының белең алып, кең қарастырылып жүргендігін орыс және батыс тіл біліміндегі осы бағыттағы еңбектерге зер сала отырып байқауға болады. Мұндай тәсіл бойынша кандидаттық жұмысымызда тіл білімі терминдеріне талдау жасап, тіл білімі терминдерінің эксперименттік тезаурус сөздігін құрастырған болатынбыз<sup>2</sup>.

Терминдерді семантикалық жағынан талдап, зерттеудің бірінші тәсілі бойынша терминологиялық өрістегі терминдердің, әр терминдік бөлшектердің беретін нақты семантикалық мағынасы, ұғымы анықталып, термин сөздердің жалпы лексикалық қордағы сөздермен ара қатысы, ұқсастықтары мен сәйкестіктері ашылады. Ал екінші тәсіл бір терминнің жүйе ішіндегі орнына, мағынасын қатысты жан-жақты ақпарат беруге сол арқылы басқа терминдер туралы да ақпарат беруге негізделеді.

<sup>1</sup> Реформатский А.А. Мысли о терминологии // Современные проблемы русской терминологии М.: Наука, 1987. - 197 с.; Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. - М., 2003. - 245 с.

<sup>2</sup> Әбдірәсілов Е. Лингвистикалық терминдердің семантикалық қатынастары. Кандидаттық диссертация. - Алматы, 1999. - 145 б.

Терминологиялық өрісті терминолог-мамандар терминнің өмір сүруші аймағы ретінде қарастырып жүр. Әрі терминологиялық өріс ұғымы – терминологиялық жүйемен тығыз байланысты терминологиялық жүйенің екінші атауы. Сондықтан белгілі бір ғылым саласының терминологиялық өрісі болып табылады. Сол себепті, терминдерді семантикалық тұрғыдан талдау барысында оларды терминологиялық өріс ұғымымен тығыз бірлікте, сол өріс аясында қарастырған орынды.

Сондай-ақ, терминологияға қатысты кейбір еңбектерде терминдерді арнайы мәлімет беретін ақпараттық элемент ретінде қарастырады. Бұған қарағанда әр терминді ақпарат беруші терминдік таңбаның ішкі мазмұны ретінде қабылдаған орынды. Мұндай тәсіл әрі терминдік таңба мен оның ішкі мазмұнының арасындағы байланысты, терминдік тұлғаның таңбалық қасиетінің өзіндік ерекшеліктерін де анықтауға мүмкіндік береді.

Терминдердің сол ғылым саласының ұғымдары туралы мәлімет беретін ақпараттық элемент ретіндегі жекелеген семантикалық белгілерімен қатар, олардың арасындағы жүйелік, семантикалық қатынастары да зерттеліп, белгіленуі қажет. Осы тұрғыдан тіл білімінде тілдік бірліктерді семантикалық мағынасына қарай қарастыра отырып жүйелеудегі зерттеу бағыттарының бірі – тілдік бірліктердің ақпараттық-ізденіс тіліне бейімделген семантикалық байланыстарын, қатынастарын анықтау, олардың тілдік бірліктерді жүйелі, сатылы түрде ьеруге бейімделген түрлерін белгілеу. Бұл тәсіл – олардың араларындағы шартты семантикалық қатынас түрлерін айқандаудың да алғышарты.

Семантикалық қатынас түрлері сөздік жасауға әрі олардың жүйе ішіндегі орнын көрсетіп беруге тиімді болып белгіленуі тиісті.

Яғни, семантикалық қатынас түрлері тілдік бірліктің жүйе ішіндегі басқа тілдік бірліктермен жәис терминологиялық өріс ішіндегі терминнің басқа терминологиялық өрістегі терминдермен де жүйелік, мағыналық байланыстарын талдап, жүйедегі орнын белгілеп бере алатындай болып қабылдануы тиісті. Немесе, басқаша түсіндірсек, белгіленген семантикалық қатынас түрлері бойынша терминдер туралы жан-жақты, жүйелі ақпарат берілетіндей болуы керек.

Сонымен, бұл тәсіл - терминдерді семантикалық, ұғымдық тұрғыдан талдау барысында қолданылатын екінші тәсіл. Аталған тәсіл - тіл біліміндегі тілдік бірліктерді жүйелеу мақсатындағы лексикографиялық, терминографиялық қолданбалы тәсіл. Сондықтан терминдердің семантикалық қатынастарын шартты түрде белгілейтін жұмыстың қолданбалы сипатын атап өткен жөн.

Орыс және батыс тіл білімінде жалпы лексикалық қордағы сөздер мен терминдердің семантикалық қатынастары кең ауқымда қарастырылып, олардың идеографиялық сөздіктері жасалған. Сонымен, терминдерді ұғымдық тұрғыдан түсініп зерттеудің бірінші бағыты жоғарыдағы айтылып, қарастырылған әр жеке терминнің семантикалық мағынасына, әр терминдік бірліктің, яғни терминдік элементтің ұғымдық белгілеріне, өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасау тәсілі болса, екінші тәсіл бойынша әр тілдік бірліктің, терминнің жүйедегі (тілдік, терминологиялық) орнын, семантикалық мағынасын белгілеу нәтижесінде олардың арасындағы

негізгі семантикалық қатынас түрлері анықталады немесе керісінше, алдын-ала белгіленген семантикалық қатынас түрлері бойынша әр терминнің тілдегі орнын көрсететін жан-жақты ақпарат алынады. Бұл ақпараттар сөздіктің негізгі мазмұнының жиынтығын құрайды. Терминдердің арасындағы семантикалық қатынас түрлерін айқындау – терминдерді семантикалық тұрғыдан зерттеудің екінші тәсілі ретінде қаралғаны орынды. Сондықтан терминдерді талдап, оның негізгі ерекшеліктерін айқындаудағы бұл екі тәсіл бір-бірімен тығыз байланысты. Терминологиялық өрістегі терминдердің арасындағы семантикалық байланыстардың, қатынастардың түрлерін айқындауға сонда ғана жеңіл баруға болады.

Терминология жүйесіне тән анықталған семантикалық қатынас түрлері ақпараттық-ізденіс тілінде, яғни, тезаурус сөздік жасауда пайдаланылады. Ақпараттық-ізденіс тілі – осы анықталған семантикалық қатынас түрлерінің негізінде терминдерді терминологиялық құрылымдағы жүйелік, семантикалық белгілеріне қарай іздеуге, соған сай термин туралы жан-жақты баасқа да ақпараттық мәліметтер алуға, әрі ғылым мен техниканың дамуына байланысты терминология жүйесінің құрылымын компьютер тіліне бейімдеген идеографиялық сөздік түрі. Сөздіктің бұл түрін орыс тіл білімінде ақпараттық-ізденіс сөздігі (ИПС – Информационно-поисковый словарь) деп те атайды. Идеографиялық сөздіктің бір түрі болып табылатын сөздіктің мұндай түрі тезаурус сөздік деп немесе тезаурус сөздіктің бір түрі ретінде ақпараттық-ізденіс тезаурусы деп аталады. Бұл – қазіргі тіл біліміндегі тиімді әрі қолданбалы

сөздік түрін жасау мақсатынан туындаған "тезаурус" терминінің екінші, жаңа ұғымы.

Терминдерді семантикалық тұрғыдан қарастырып, талдаудың екі бағытын шартты түрде семантикалық зерттеудің екі тәсілі ретінде қабылдаған дұрыс деп есептейміз. Аталған тәсілдерді терминдерді семантикалық мағыналарына, ұғымдық белгілеріне қарай жан-жақты, толық сипаттаудың бірінен кейін бірі сатылы түрде іске асатын екі сатысы десе де болады. Нәтижесінде, терминдердің, тілдік бірліктердің арасындағы семантикалық қатынас түрлерін белгілеуді семантикалық тұрғыдан зерттеудің жаңа тәсілі ретінде қарастыру қажет.

Терминдердің семантикалық қатынастарының тіл білімінде айқындалған өзге түрлері бар. Олардың қатарына парадигмалық қатардағы және синтагмалық қатынастағы семантикалық қатынас түрлері, бір сатылы, екі сатылы және көп сатылы қатынас түрлері сияқты семантикалық қатынас түрлері бар. Мұндағы тіл біліміндегі қолданбалы мақсат, терминдердің жүйелі құбылыс екендігін ескере отырып, терминдердің бір-бірімен семантикалық, мағыналық байланыстарын айқындау арқылы жүйе ішіндегі орнын жан-жақты белгілеп көрсету және соның негізінде қазіргі терминографиядағы тезаурус сөздіктердің жасалуына Терминдердің жиынтық мәліметінің (ТЖМ) электрондық нұсқасының жасалуына алғышарт болу. Сондықтан мұндай бағыттағы зерттеулердің де терминографияға қатысы маңызды болып табылады.

### 3.2.3. Қазақ терминдерінің жиынтық мәліметі туралы (немесе ТЖМ туралы)

Шамамен 1970 жылдардың бас кезеңіндегі 1960 жылдардың соңындағы орыс терминологиялық лексикографиясындағы (сол кезеңде барлық мәселелер жалпы лексикография саласының аясында қарастырылған – Е.Ә.) және жалпы лексикографияға қатысты өзге де еңбектерде «тезаурус», «ақпараттық-ізденіс сөздігі» (ИПС – информационно-поисковый словарь) ұғымдары пайда бола бастады<sup>1</sup>. Бұл бағыттағы еңбектердің, сол кезеңдегі ғылыми зерттеулердің негізгі мақсаты – сөздіктің ғылыми немесе тілдік жүйені басқаша, өзгеше тәсілмен беруге ұмтылған, әрі оларды электронды техника тіліне бейімдеген сөздік түрін жасап, оларды жасаудың әдіс-тәсілдері мен өзіндік принциптерін, сөздіктің лексикографиялық ерекшеліктерін, құрылымын анықтау еді. Нәтижесінде, жалпы тіл білімі деңгейінде қазіргі кезеңде кең қолданып жүрген «тезаурус» ұғымының екінші мағынасы пайда болып, орыс тіліндегі салалық ғылыми терминдердің «тезаурус» сөздіктері сала-сала бойынша жасала бастады<sup>2</sup>. Мұндай ғылыми ізденістер мен қолданбалы сипаттағы тіл біліміндегі және өзге де ғылым салаларындағы зерттеулердің пайда болуына ықпал еткен негізгі қозғаушы күш – ғылыми-техникалық прогрестің дамуы болатын. Нақтырақ айтқанда, электронды техникалардың пайда болуы.

<sup>1</sup> Богачева Д.П. Проблемы лексикографического описания научной терминологии. Диссертация... кандидата фил.наук. – М.1999. – С.34

<sup>2</sup> Никитина С.Е. Тезаурус по теоретической и прикладной лингвистике. - М.: Наука, 1978.



Кеңес мемлекетіндегі алғашқы электрондық техникалардың шыға бастауы да осы кезеңмен тұстас келеді. Кеңес жүйесіндегі орта мектептерден 1980 жылдарда білім алған ұрпақтың қай-қайсысы да «Электроника» атауымен шыққан электронды машиналардың әр түрлі сериясын көріп үлгергені анық. Бұл арада барлық саланы техникаға, техника тіліне көшіруге ұмтылған алып мемлекеттердің арасындағы (КСРО-АҚШ) саяси бәсекелестік сияқты экстралингвистикалық тілден тыс қозғаушы күштердің де ықпалы болмай қалмағандығын, тіпті бұл қозғаушы күштердің сөз болып отырған ғылыми түсініктер мен зерттеу нәтижелерінің пайда болуына тікелей ықпалы болғандығын жасыра алмауға тиіспіз. Аталып отырған кезеңдегі еңбектерден бұл сарынды байқау қиын емес. Идеялық бәсекелестік барлық салаларды қамтумен қатар, орыс терминографиясындағы да сол кездегі жетістіктердің жасалуына итермелегендігін сырт көзден байқау қиынға соқпайды.

Аталып өткен тезаурустың жаңа ұғымын атау өткен сөздік түрі – өзгеше құрылымды жаңа сөздік түрін дайындаудағы орыс лексикографиясындағы ізденістің алғашқы жемісі еді. Тезаурус сөздік – құрылымындағы тілдік бірліктердің бір-бірімен жүйе ішіндегі семантикалық, жүйелік қатынастарына негізделіп берілетін, әрі сол негізде компьютерлік техника мамандарының электронды бағдарлама жасауына икемді етіп жасалатын, әрі қалыптасқан үрдіс бойынша баспадан шығарып, кітап түрінде қолдануға да болатын сөздік түрі екендігі қазіргі тіл білімі үшін ғылыми-теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да жаңалық емес.

Осындай жолмен орыс лексикографиясында терминдерді де ақпараттық-ізденіс сөздіктері арқылы жүйелеу барысында, терминдерді үйлестіру, реттеу жұмыстарындағы ғылыми зерттеулер дами келіп, «терминологический банк данных», «база банка терминологических данных» ұғымдарына негізделген жаңа идеялар пайда болды<sup>1</sup>

Бұл ізденістердің мақсаты – тілдегі термин сөздердің жалпы жиынтық мәліметін жасап, оларды ақпарат көзі ретінде пайдалану. Орыс терминографиясының тарихында бұл бағыттағы жұмыстарды Жалпыкеңестік ғылыми-зерттеу институтының ақпараттандыру комитеті (ВНИИКИ) жүзеге асырып келді. Қазір де осы мекеме бүкілресейлік ұйым ретінде қайта құрылып, орыс тіліндегі терминдердің жиынтық мәліметін толықтыру, оны реттеп-жүйелеу мәселелерін толық қадағалап, осыған қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыр. Бұл терминдердің жиынтық мәліметін жинақтап, оны терминдерді реттеп отыру мақсатында қолданып, өзгертіп, толықтырып отыруға мемлекеттік деңгейде мән беріліп отырғандығынан хабардар етеді.

ТБД-ны («терминологический банк данных» деген сөздің қысқарға атауы – Е:Ә.) жасау тәжірибесі сонымен бірге өзге дамыған елдерде де пайда болып, кеңінен қолданылуда. Мұны батыс және дамыған өзге де елдердегі жарық көрген еңбектер мен ақпараттық бағдарламалар

<sup>1</sup> Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки - М.: Наука, 1987.; Гринев С.В. Вопросы разработки отраслевого терминологического банка данных // НТТ, 1985. № 11; Скороходько Э.Ф., Стогний А.А. Некоторые вопросы создания банка терминов: Лингвистический аспект // НТИ. Сер. 2. 1986. № 8.

нақтылай түседі. Себебі, компьютерлік техниканың дамуына байланысты, терминдердің жиынтық мәліметі компьютер тіліне негізделген бағдарламалар түрінде жасалып, ғалымдар мен көпшіліктің пайдаланылуна қолайлы етіп шығарылуда. Зерттеушілердің ғылыми зерттеу еңбектерінен сондай-ақ, ТБД-ны жинақтап, түзудің өзі өз алдына жеке ғылыми мәселе ретінде қарастырылып, оны түзудің өзіндік ерекшеліктері мен принциптерінің, ТБД-ны жасаудың тиімді жолдарының терминография мен лексикографияда арнайы зерттеу нысаны болып отыратындығын аңғаруға болады.

ТБД-ны жасаудың тиімділігі теориялық терминографияда да, тәжірибелік терминографияда да дәлелденіп отыр. Терминографияның жеке мәселелерін соз еткен еңбектерінде орыс ғалымдарының қай-қайсысы да бұл мәселеге тоқталмай өтпейтіндігін байқау қиын емес. ТБД-ға қатысты маңызды мәселелерді олардың әрқайсысы әр қырынан талдап көрсетуге ұмтылуда. Мақсат – терминографияның соңғы кезеңдердегі маңызды зерттеу нысандарының біріне айналған ТБД-ның терминдерді реттеудегі, терминологиялық сөздіктердің сапасын арттыра түсудегі қолданысы мен оны ұйымдастырудың пайдалы жақтарын анықтай түсу.

ТБД-ның қазақ тіл біліміндегі қазақша нұсқасын "терминдердің жиынтық мәліметі" деп атағанды ұсынудың жөні бар. Атау әрі қазақ тілінде көрсетілген ұғымның белгілерін ашып тұр, әрі қазақ тілінің өзіндік тіркесті терминдер жасау ерекшелігіне сәйкес келеді. Екінші жағынан, атаудың қысқарған нұсқасы да қазақша айтуға қолайлылау (ТЖМ).

Қазақ лексикографиясы мен терминографиясының тарихындағы ғылыми мақалалар мен еңбектерге зер салсақ, бұл тақырып бойынша мәселе көтеріліп, сөз қозғала қоймаған. Оның негізгі себептерінің бірі Америка мамандарының жасаған, қолданысқа қолайлы, дамыған компьютерлік техникалардың елімізде соңғы 10-15 жылда ғана пайда болып, қолдануымен байланысты болса, екінші себебі компьютерлік техника, компьютерлік бағдарламалар мен қазақ тіл білімінің мәселелерін ұштастыра зерттеуге мән бермей келуімізбен де сабақтас болуы керек.

Бұл арада қол астындағы барлық республикаларға қоғамның барлық салалары бойынша ықпал етуге бейім болып келген «елдің» техника тілімен байланысты осындай мәселелерге көңіл аудармауын, өздері қол жеткізген жетістіктер негізінде техника тілі мен ұлт тілдерінің лингвистикалық мәселелерін ұштастыра зерттеу саласына кеңестік дәуірде қалыптсақан дәстүрлі нұсқауды бермеуін түсініксіз себептері бар екендігі анық жайт. Бұл да қазақ терминографиясындағы «терминдердің жиынтық мәліметтерінің» жасалмай, қолға алынбай келгендігінің бір себебі болса керек. Ал белгіленіп берілген нұсқау бойынша жұмыс істеуге бейімделген ғалымдар қауымының бұл мәселені өз бетімен қолға ала қоймағандығы да түсінікті жағдай.

Қазақ терминографиясына терминдердің жиынтық мәліметінің электрондық нұсқасын есептемегенде, тілшілер мен салалық мамандар дайындаған баспадан шыққан жоба түріндегі нұсқасы да әзірге жасала қойған жоқ. Солай бола тұрса да «терминдердің жиынтық мәліметі»

қазақ терминографиясы үшін түсініксіз бола қоймайтын мәселе. ТЖМ-ны қазақ тіл білімінде алдағы уақытта қолға алып, жүзеге асыруға болатын терминографиялық жұмыс, қазіргі қазақ терминографиясындағы зерттеу нысаны екемдігін дұрыс түсіну керек. Қазіргі қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктердің шығарылу ісін реттеудің өзекті болып отыруы да осы саладағы үйлестіру жұмыстарын жеңілдеті алатын құралдың бірі – қазақ терминдерінің жиынтық мәліметін жасауға деген қажеттілікті аңғартып отыр.

Мейлі лексикографиядағы сөздік түрлерін жасауда болсын, мейлі арнаулы лексиканың (терминдердің, кәсіби сөздердің т.б.) сөздіктерін жасауда болсын тілдік бірліктерді жинақтаудың немесе өзге де әр түрлі ақпараттар мен мәліметтерді жинақтаудың тәсілі – картотекаға жазу арқылы жинақтау. Бұл – тілдік бірліктер мен оларға қатысты түрлі ақпараттарды жинақтаудың классикалық тәсілі болып есептеліп, қазақ тіл білімінде кеңінен қолданылып келеді және қазір де қолданылуда. Ал, компьютерлік машина тіліне жазу арқылы ақпараттарды жинақтау, оның қолданысын әр түрлі бағдарламалар арқылы түрлендіру – тезника тілінің дамуымен байланысты пайда болған бұл бағыттағы жаңа тәсіл. Оның нәтижесі – терминдердің жиынтық мәліметі болып табылады.

Терминдердің жиынтық мәліметі ұғымына кеңірек, дәлірек тоқталсақ, бұл – терминдер сөздігінің электрондық нұсқасы немесе электрондық нұсқасы бар, тілдегі термин атаулының сұрыпталып, бекітіліп, сүзгіден өткен толық жиынтығы деп те түсіндіруге болады. Ол алдымен компьютерде теріліп, электрондық нұсқада жасалып машина тілінде сақталады. Қазіргі заманғы баспа ісінің де

электронды машиналармен тығыз байланысты жүзеге асырылатын, нақтырақ айтқанда, теріліп, басылып, сол арқылы баспаға дайындалып, содан кейін ғана баспадан жарыққа шығатынын ескерсек, мұндай электронды нұсқадағы мәліметтердің негізінде дайын сөздік шығару да жеңілге соғады. Бұл терминдердің жиынтық мәліметін жасаудағы мақсаттардың қазіргі заман талабынамен үндесіп жатқандығын да көрсетеді. Тіпті, жиынтық мәліметті сол күйінде, дайын қалпында ала салудың біржақты, түбегейлі дұрыс бола қоймайтындығын, ондай сөздік шығарудың орынсыз екендігін ескерсек, еш болмаса сол дайын мәліметтерді сапаландыра отырып, өзгертіп, түзетіп, реттей отырып, сөздік шығаруға дайындау арқылы сөздікті баспадан шығару анағұрлым істі жеңілдететіндігі сөзсіз. Сөздік шығарушылар өз терминдерін, мәліметтерін сөздік жасау барысында әр жолы қайта-қайта басынан бастап аяғына дейін компьютерде теріп, түзетіп, тексеріп әуре болмайды деген сөз. Оның орнына кететін уақыт пен күш-қуат сол ТЖМ-дағы дайын тұрған терминдерді толықтыруға, сөздік құрылымы мен сапасын жақсартуға жұмсалады. Бұл біріншіден, сөздік жасау ісіне кететін уақыт пен интеллектуалды күш-қуатты үнемдейді деген сөз, екіншіден, сөздік сапасының жақсара түсуіне, сапасының жоғарылауына ықпал етеді деген сөз. Демек, терминдердің жиынтық мәліметі кез-келген уақытта, қажеттілікке орай сөздік түзуге дайын тұрған, қай кезде де түзетуге, толықтыруға, құрылымын өзгертуге, әр түрлі мақсаттағы қолданылған терминдердің қолданысын реттеп, бақылап отыруда негізгі тірек етіп пайдаланатын, терминдердің машина тіліне салынған толық жиынтығы.

Дайын болған терминдердің жиынтық мәліметінің өз қызметін дұрыс атқаруы оның мамандардың қарауын;т сүзгісінен өткен, қолданысқа енгізіп, сұрыптап барып пр« найы мемлекеттік, республикалық деңгейдегі ұйымдардың бекітуімен мойындалған, көпшілік қолдаған эталондық еңбек болып дайындалуына байланысты. ТЖМ-ның өзінің негізгі қызметі де терминдерді үйлестіру, реттеу ісінде эталондық тірек қызметін атқаруға ұмтылуында. Сондықтан қазақ терминографиясында ТЖМ жасауды қолға жағдайда оны ұйымдастыру мәселелері мен оған іріктеп алынатын терминдер ретіне, оларды ТЖМ-да берудің құрылымына баса мән берілуі және сапалы болуы үшін ұзақ мерзімде дайындалғаны қажет.

Сондай-ақ, ТЖМ барлық сала бойынша бірден жасала салатын, немесе соңғы шыққан 31 томдық терминологиялық сөздіктер сериясы сияқты нақанды түрде түзіле салатын еңбек болмауы тиісті. ТЖМ-ды жасаудың да әлемдік тәжірибеде қалыптасқан сатылары бар. Айталық, алдымен әр ғылым салалары терминдерінің жиынтық мәліметтері жеке-жеке жасалуы тиісті. Олардың біртұтас жиынтығы ғана жалпыұлттық терминдер жиынтығын құрайды.

Бұл арада "ТЖМ-ның баспа бетінен шығарылып тұратын сөздіктерден айырмашылығы неде?" - деген орынды сұрақ туындайды. Бұл тұрғыда, ТЖМ да белгілі бір уақыт айналымында шығарылып отыратын сөздіктер сияқты өзгертіліп отыратындығын жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен, жоғарыда да ТЖМ-ның бірқатар тиімді жақтарына да тоқталып өттік. Бірақ ТЖМ-ның тиімді жақтары айтылғандармен шектелмейді. ТЖМ-ды жалпы сөздіктен

ажырататын белгілері де осы тиімді жақтарымен байланысты.

Солардың бастысы - олардың машина тіліне бағдарламауға икемділігі. Бағдарлама арқылы ТЖМ-ның әр түрлі нұсқаларын да жасауға болады. Айталық, терминнің басқа терминдермен байланысы туралы ақпарат беретін бөлім арқылы ізденіс жасалып отырған терминнің жүйе ішіндегі басқа терминдермен қатынасы анықталып, өзге де терминдер туралы ақпарат ала отырып, сала ішіндегі терминнің орнын анығырақ айқындай, түсіне түмуге болады. Немесе бағдарлама тілінде терминнің бір ғана тілдегі аудармасын емес, бірнеше тілдегі аудармасын да көрсетіп беруге мүмкіндік мол. Мұндай тәжірибені көршілес орыс терминографиясында жасап үлгергендігіне Жалпыресейлік ғылыми-зерттеу институтының ақпараттандыру комитетіндегі (ВНИИКИ) терминология бөлімі ұйымдастарған конференцияда көз жеткіздік (2004 жылғы 28 мамыр – Е.Ә.).

Оған қоса, айтып өткендей, ізденіс жасау арқылы термин туралы ақпарат алу ТЖМ-ның сөздіктерге қарағанда қолданыста анағұрлым ыңғайлы, қолайлы болатындығын көрсетеді. Ал аталып өткен жан-жақты қызметкерді баспа жүзіндегі сөздіктерде қамтып беру мүмкін бола бермейтін жағдай. Екінші жағынан сөздік арқылы мұндай ақпараттарды оқып білу, түсіну де қолайлы бола қоймайды. Дегенмен, мұндай қызметтердің жүзеге асуы тек тілшілердің, сала мамандарының ғана емес, негізінен бағдарлама жасаушы информатика мамандарына байланысты екендігін де мойындауға тиістіміз.



Демек, ТЖМ баспадан шығатын сөздіктерге эталон болатын, олардың жарыққа шығуын жеңілдететін, әрі электронды түрде қолданылып, сақталатын көлемді еңбек түрі. Осы тұста, бағдарламаға байланысты ТЖМ-ның тағы бір ерекшелігі - оның әр түрлі бағдарлама түрінде жасала алатындығында. Бұл сапалы бағдарламаны сұрыптап алуға тағы мүмкіндік береді деген сөз. Бірақ эталон еңбек болғандықтан, біздіңше, бір ғана нұсқасының бекітіліп қолданылғаны, мемлекеттік деңгейдегі ТЖМ ретінде қарастырылғаны орынды.

Алайда, ТЖМ-ның өзіндік мүмкіндіктері мен ерекшеліктері қазақ терминографиясының негізінде зерттеліп, анықтала түсуі тиісті және ТЖМ-ды жасауға мемлекеттік деңгейде мән беріп, қолға алынуы қажет екендігі анық.

ТЖМ-ның ең басты қажеттілігі мен маңызы терминологиялық сөздіктердің шығарылуын, сапалық жағынан жақсаруын бірізге түсіруге түрткі болатын тетік бола алуында.

## **4. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

### **4.1. Терминологиялық сөздіктерді түзуде негізге алатын әдістемелік бағдарлар**

Кез-келген істі жүзеге асырудың алдында оны жоспарлап алу керек. Сөздік түзу ісі де осындай жоспарлауды қажет етеді. Сондықтан терминологиялық сөздікті түзушілер сөздік түзудің алдында терминографиялық еңбектің макроқұрылымы мен микроқұрылымынан басқа да жоспарлауға, бағдарлауға байланысты бірқатар әдістемелік мәселелерді терминография тұрғысынан анықтап алуы және онысөзөдіктің кіріспесінде көрсетуі тиіс. Бұл орайда, сөздік түзуші қандай бағытта сөздіктің құрылымы мен мағынасына қатысты мәселелерді ескеруі қажеттігін нақтылау керек. Мұны орыс терминографиясын зерттеушілер "методологическая ориентация" деп атайды<sup>1</sup>. Бұл терминнің қолданысы және оған қатысты мәселелердің қазақ тілінің терминологиялық сөздіктерін түзуде де қажет екендігін ескере отырып, орыс терминологиясындағы "ориентация" терминін қазақ терминографиясында терминологиялық сөздіктерді түзуде негізге' алатын "бағдарлар" деп қолдануды ұсындық. Негізге алатын бағдарлар сөздік жасау ісін алдын-ала және жан-жақты жоспарлаумен байланысты. Яғни, сөздік құрылымы мен түрін, сөздікте қолданылатын терминдерді, терминологиялық сөздіктің мақсаты мен міндеттерін және т.б мәселелер бағдарлап, жоспарлап алуды қажет етеді.

*1 Гринев С.В. Введение в терминографию. 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995. - 161 с.*

Қазақ терминографиясындағы алдын-ала негізге алынуға тиісті бағдарлар анықтап көрсетуді және терминологиялық сөздіктерді түзуде пайдалануды талап етеді. Мұндай бағдарлар түрлері тікелей сөздікті жоспарлауда қарастыратын мәселелерге қатысты.

Сөздік түзуші тарапынан барлық сөздіктерде өзінің сөздік жасау әдістемесі, сөздікті пайдаланушыларға қажетті қолдану әдістемесі туралы толық мәлімет беріле бермейді. Оның үстіне, мұндай мүмкіндік сөздіктің құрылымында шектеулі. Кейбір сөздіктерде мұндай әдістемелік нұсқаулар немесе терминологиялық сөздікті қолдану әдістемесі кіріспеде немесе арнайы кіріспе мақалада көрініс табады. Мұның өзі сөздіктің макроқұрылымында қосымша сипатқа ие. Көптеген терминологиялық сөздікте мұндай кіріспе мен кіріспе мақаланың болмайтындығын ескерсек, сөздіктерде әдістемелік ерекшеліктерді түсіндіретін мүмкіндік мүлдем болмайды.

Ал сөздік жасау барысында негізге алынатын бағдарлардың бірі - сөздік түзушінің тарапынан жоспарланған құрылымдық ерекшеліктер. Яғни, **авторлық ізденістер**. Авторлық ерекшелік сөздіктің сапасы мен құрылымын жақсартуға, жетілдіруге бағытталуы тиісті. Сондықтан қалыптасқан терминологиялық сөздіктердің құрылымына автор тарапынан енгізілген ерекшеліктер болған жағдайда, олар сөздікті пайдалану әдістемесін беретін арнайы мақалада түсіндірілуі керек. Мұндай жағдайда кіріспеден соң арнайы сөздікті түзу және оны қолдану әдістемесі туралы мақала дайындалып берілуі қажет деген сөз. Сөздікті қолдану әдістемесін кіріспеде беруге де болады. Бірақ сөздік түріне арналған құрылымдық ерекшеліктердің

Бірізді жетілдірілген нормаға сай болуы керектігін ескерсек, авторлық ерекшеліктің сөздікте қамтылуы міндетті емес. Терминологиялық сөздікке автор тарапынан енгізілетін өзгерістер мен жаңалықтар олардың терминдерді берудегі тиімділігі мен сөздік құрылымына қажеттігіне көз жеткізбей тұрып енгізілмеуі керек. Авторлық өзгерістерді тәжірибе жасау үшін сөздікке енгізуге мүлдем болмайды. Бұл ерекшеліктердің енгізілуі Сөздікті түзуші автор немесе авторлар тарапынан тың, жан- жақты дәлелденген шешімдерді талап етеді.

Ал "тәжірибе" ұғымына келсек, сөздік түзу ісінде алдыңғы шыққан сөздіктердің кемшіліктері мен жетістіктерін тәжірибе үшін ескеруге болатындығын жоққа шығармаймыз. Қазақ тәжірибелік терминографиясының тарихын зерттеудің қажеттілігі де осы тұрғыдан туындайды. Керісінше, мұндай тәжірибені терминологиялық сөздіктер түзуде ескеру міндетті екендігін айту керек. Бірақ, түзіліп, баспадан жарыққа шығарылатын терминологиялық сөздіктің мүмкіндігінше кемшіліксіз еңбек болып жарыққа шығуы керек. Бұлай болмаған жағдайда шығарылған немесе шығарылмақшы еңбек "сөздік" атауын иемдене алмайды және оның талаптарына жауап бере алмайды. Тек сынақтан өтпеген өзгерістерді тәжірибе үшін мақсатты түрде терминологиялық сөздікке енгізу "сөздік" атты еңбекті түзу ісінде қолданылмауы керек. Өйткені сөздік мәртебесі қабылданып қойған, тек орындалуы тиісті заңдардың мәртебесімен тең. Жарыққа шыққан сөздікте берілген термин немесе оның түсіндірмесі, анықтамасы, аудармасы заңды және міндетті түрде қолданылуға тиісті нұсқа ретінде қабылданғаны орынды. Қалай бағаласақ та,

сөздіктің жарыққа шығуының басты мақсаты, негізгі қызметі осындай сипатта болуы керек. Демек, кез-келген мейлі лексикографиядағы, мейлі терминографиядағы болсын сөздік түрі және ондағы терминдердің түсіндірмесі, аудармасы ешқандай күдіксіз, еркін пайдаланылатындай болып шығарылуы керек. Бұл сөздік түзушіден үлкеп жауапкершілікті, қиын да ауыр, тиянақты орындалған істі талап етеді. Тіпті, қазіргі қазақ терминографиясындағы әр саланың терминологиялық сөздіктерінің әр автор тарапынан түзілген бірнеше нұсқаларының болуы да осы тұрғыдан орынсыз.

Сондай-ақ, біздіңше, осымен байланысты терминологиялық және лексикографиялық сөздік түзу ісінде "сөздіктің баламасы" деген ұғым да болмауы керек. Яғни, терминологиялық сөздіктің, әсіресе, бір ғана ғылым саласының терминдерін қамтитын терминологиялық сөздік түрінің әр автор немесе әр түрлі редакциялық алқа, мекеме құрастырған бірнеше нұсқаларының болуы әрі терминдердің қолданысындағы, әрі терминологиялық сөздіктердің құрылымындағы жүйесіздікті, норманың сақталмауын туындатады. Сондықтан терминография үшін ғылым саласының терминологиялық сөздік түрінің бір ғана қабылданған нұсқасы қолданылуы және терминологиялық сөздік ретінде мемлекеттік деңгейде шығарылуы керек, Мұның өзі сөздік жасау ісін қадағалап, олардың жарыққа шығуына, баспаға берілуіне рұқсат беретін арнайы мекеменің болуы керектігін көрсетеді. Ал қазіргі сөздіктердің шығарылып жатуы, ондағы кейбір терминдердің нұсқаларының терминком бекіткен терминмен сәйкес келмей жатуында ешқандай үйлесім жоқ. Себебі,

терминком бекіткен терминдер ресми түрде бекітілгеннен кейін қалай да қолданылуы керек, терминологиялық сөздіктерде сол нұсқа берілуі керек. Оған қоса, осы мәселемен байланысты тағы бір ерекшелік - терминком терминдерді бекітетін болса, онда заңды түрде терминологиялық сөздіктерді де бекіту құқығына ие болуы керек. Яғни, мейлі бір автордың құрастыруымен жасалған терминологиялық сөздік болсын, мейлі редакциялық алқаның, мекеменің құрастырған терминологиялық сөздігі болсын, олардың баспа бетінде жарияланбаған, дайындалған нұсқасын терминком қарап шығып, олардың жарыққа шығарылуына рұқсат беруі және бір салаға қатысты сол сөздік түрінің ғана мемлекет деңгейінде қолданылуына бақылау жасалуы тиіс. Мұндай жағдайда басқа сол салаға қатысты арнайы мекеменің рұқсатынсыз терминологиялық сөздіктер баспадан шығарылмауы, шығарылған жағдайда жарамсыз болып есептелуі керек. Мұндай механизм олардың басып шығарылу жиілігін де, басқа балама сөздіктердің болмауын да қадағалап, терминдердің қолданысын бірізге түсіріп, терминологиялық сөздіктерді қолданушылардың күдігін жеңілдеткен болар еді. Бұл сияқты механизмдер сондай-ақ, сөздік мәртебесін көтеріп, олардың сапасының жақсаруына және қолданыс табуына ықпал ете алмақ.

Ал баламалар мен сындар сөздік ретінде емес, сын мақала, пікірталас, ұсыныс түрінде жарияланып отыруы тиісті.

Сөздік жасау барысында сондай-ақ, сөздікте қамтылатын терминдердің **ғылым саласын** бағдарлап алу да маңызды. Бұл әсіресе, терминологиялық сөздіктерді түзуде негізге алынуға тиісті. Мұны **салалық бағдар** деп атауға

болады. Сондай-ақ, терминдердің қабатын да айқындап алудың өзіндік маңызы бар. Нақтырақ айтқанда, терминологиялық сөздіктің не тар салалық терминдерді, не жалпығылыми терминдерді, не салааралық терминдерді қамтитындығын алдын-ала белгілеп алған дұрыс.

Терминографияда көрсетіліп жүрген бағдарлардың бірі - қамтылатын терминдердің **уақыттық бағдары**. Терминологиялық сөздікке алынатын терминдердің қалыптасқан терминдер, не жаңа терминдер екендігі, немесе сөздік құрылымында ескі терминдердің болатындығы алдын-ала жоспарлап алады, болмаса сөздікті түзу барысында ескеруді қажет етеді. Айталық, белгілі ғылым саласының толық терминологиялық сөздігін қайта басып шығару қажеттілігі болмаған жағдайда, сол салада пайда болған жаңа терминдердің сөздігін жеке шығаруға болады. Бірақ бұл орайда, қалыптасқан терминдерді қамтымау керек. Сондай-ақ, жалпы терминографияда тарихи (ескірген) терминдер сөздігін де шығаруға болатындығы көрсетіліп жүр.

Терминологиялық сөздік жасауда жоспарланатын басты нысан - сөздіктің қанша тілді қамтитындығы, яғни **тілдік бағдары**. Бұл сөздіктің мақсаты мен түріне де байланысты. Негізінен, түсіндірмелі терминологиялық сөздіктің бір тілді, ал аударма терминологиялық сөздіктердің кемінде екі тілді болатындығы түсінікті. Алайда, аударма терминологиялық сөздіктер екі, үш, төрт немесе бес тілді сөздіктер ретінде жасала алады. Мұндай еңбектерді түрік терминографиясынан кездестіруге болады. Сөздіктің тілдік бағдарын жоспарлауда оның қай тілдерді қамтитындығын да айқындап алудың қажеттілігі бар.

терминологиялық сөздіктерді жасауда ұстанатын бағдарлардың бірі - терминологиялық сөздіктің қандай мақсаттарды жүзеге асыруға қызмет ететіндігі. Бұл – сөздіктің негізгі **қызметінің бағдары**. Бұл тұрғыдан терминологиялық сөздіктердің аударма, түсіндірме, оқулық, анықтамалық және ақпараттық сөздік сияқты түрлерін көрсетуге болады. Бұл да сөздік жасауда өзіндік маңызы бар бағдарлардың бірі.

Терминологиялық сөздіктердің кімдерге арналғандығын айқындап алудың да қажеті бар. Ғалымдардың пікірінше, сөздік қандай дәрежедегі немесе қандай шеңбердегі оқырманға арналмасын, кез-келген оқырманның талғамын ескере білуі керек. Сөздік түзуші өзінің **оқырманын бағдарлауы** керек. Өйткені, әлемдік лексикографиядағы тұжырым бойынша сөздікті қолданушы да, сөздікті түзуші секілді өзінің сын пікірін, көзқарасын білдіре алатын құқыққа ие. Сондықтан сөздікті қолданушылардың пікірлері жан-жақты ескеріліп, олардың талғамына сай бола алатындай сөздік шығару мақсаты көзделуі керек. Ал терминологиялық сөздіктің оқырмандарына қатысты шартты өлшем тұрғысынан терминологиялық сөздіктер тар салалық мамандарға арналған және ғылыми-көпшілікке арналған болып жіктеле алады. Соған сәйкес онда қамтылатын терминдердің ауқымымен сөздікке қандай терминдерді алу керектігі, қандай терминдерді алмау керектігі айқындалады.

Терминологиялық сөздіктерді түзушілер сонымен қатар терминдердің әр түрлі лексика-грамматикалық, сөзжасамдық құрылымын, тіркесімділік қабілетін, сыңарын беруге қатысты мәселелерді де бағ-



дарлауы қажет. Мұнымен байланысты оларды беру тәсілдерін және олардың бірізді болуын да бағдарлап| жоспарлап алуы тиіс.

Терминологиялық сөздіктерді түзуде сөздіктердің **көлемдік бағдары** терминологиялық сөздіктердің қанша терминді қамту керектігін, қандай көлемде шығарылуы керектігін, қандай жағдайда қолдануға ыңғайлы болу керектігін бағдарлауға мүмкіндік береді. Сөздіктің осы бағдарына қарай олар толық немесе қысқаша сөздік түрінде шығарылуы мүмкін. Мұндай терминологиялық сөздік түрлері қазақ терминографиясында бар. Әдетте, қысқаша сөздіктердің көлемі кішігірім, ал түсіндірмелі терминологиялық сөздіктердің көлемі үлкен болып келетіндігі белгілі. Сөздіктің көлемі мен атқаратын қызметінің байланысы негізінде сондай-ақ, терминографияда терминологиялық қалталы сөздіктер шығарылуы мүмкін. Еңбектің қалталы болуы оның мақсатына байланысты - кішігірім, ұстауға, алып жүруге қолайлы болып шығарылады, алайда, қамтитын терминдері жағынан қалталы сөздіктер де толық немесе қысқаша терминологиялық қалталы сөздіктер болып жіктеле алады.

Терминологиялық сөздіктерді шығаруда негізге алатын ең қиын мәселелердің бірі - **терминдерді сұрыптау**, оларды **сұрыптау принциптерін белгілеп алу**. Бұл қазіргі лексикография үшін де өзекті сұрақтардың бірі. Оларды сұрыптау принципі терминологиялық сөздіктің көлемі мен атқаратын қызметінің мақсаты мен міндеттеріне де байланысты екендігі түсінікті. Бұл лексикография үшін де маңызды. Сондай-ақ, терминологиялық сөздікті түзушілер үшін терминдер мен термин емес сөздердің

арасын салалық терминдер мен салааралық терминдердің арасын ажыратып беру қазіргі қазақ терминографиясында қиынға соғып отыр.

Қорыта келгенде, терминологиялық сөздікті түзушілер оның құрылымы мен ұйымдастыруына қатысты бағыттарды жан-жақты бағдарлап, жоспарлап алғаны орынды. Қазіргі терминологиялық сөздіктерді сапаландыру, олардың жүйесін бірізге түсіру қажет екендігі түсінікті. Сондықтан терминологиялық сөздіктердің сапасын арттыру мақсатында жан-жақты зерттеулер мен ізденістер, нақты әдістер қажет. Сөздік жасау ісін жоспарлау бағдарлары толық айқындалған деп айта алмаймыз. Дегенмен, терминологиялық сөздік құрылымындағы әрбір элементтің сапасы сөздіктің жалпы сапасына әсер ететінін түсіну қиын емес.

#### **4.2. Терминологиялық сөздіктер шығаруға қойылатын кейбір талаптар**

1990 жылдардан кейін қазақ терминологиясында жаңа көзқарас, бағыттардың пайда болуына байланысты терминологиялық сөздіктер де көптеп шығарылып, практикалық қазақ терминографиясында көптеген жұмыстар шығарыла бастады. Бірақ олардың көпшілігі терминография теориясында жалпы тіл білімінде қалыптасқан негізгі принциптер мен талаптарды ескере бермейді. Сондықтан бұл терминологиялық сөздіктер кейбір терминдердің қалыптасуына ықпал еткенімен, салалық терминдер жүйесін реттеуде, бірізге түсіруде әлсіз болып отыр. Бұл

практикалық терминографияда ескеруге тиісті, сақталуға тиісті кейбір басты талаптарды теориялық терминография тұрғысынан айқындап, көрсетіп беруді қажет етеді. Яғни, қазақ терминографиясының зерттеу нысанына жататын маңызды мәселелердің бірі - терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптар. Бұл сөздіктердің сапалық жағынан жақсаруына ықпал ететін, сөздік жасау тәжірибесінде үнемі қадағаланып, дамып отыруға тиісті, терминдердің бірізге түсірілуімен тығыз байланысты, олардың жүйеленуіне ұйтқы болатын мәселелердің бірі екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Терминологиялық сөздіктерде сақталуға тиісті талаптарды бір ғана зерттеу арқылы немесе ғылыми мақала арқы түгел көрсетіп беруге болады және олардың қатары шектеулі деп айта алмаймыз. Дегенмен, мейлі практикалық терминография тұрғысынан болсын, теориялық терминография тұрғысынан болсын олардың басты-басты түрлері мен соған сәйкес сол талаптардың негізінде терминологиялық сөздіктер құрылымында көзделінетін мақсаттар көрсетілген жөн. Ал, тәжірибе барысында айқындалып жататын немесе әр сөздік түріне қатысты сөздік түзу ісінде байқалып жататын өзіндік ерекшеліктер мен талаптар осы негізгі талаптардың қатарын толықтырып, терминографияның жан-жақты дамуына үлес қоса алмақ. Мұндай тұжырымдар тізбегін түйіндей келіп, зерттеу нәтижесінде байқалған бірқатар талаптарды көрсетуге болады.

Терминологиялық сөздіктердің қатары қазақ тіл білімінде жетерлік. Соған байланысты бұл салаға қатысты шешімін табуды талап ететін сұрақтар қатары да баршылық.

Соңғы кезеңдерде олардың санының көбеюімен байланысты аталған саладағы сұрақтар да көбейе түсті. Сонымен бірге терминологиялық сөздіктерге қатысты маңызды сұрақтардың шешімін табуы терминография саласын қалыптастырып, лексикографиядан аражігін ажыратып көрсету үшін де тиімді болмақ.

Аталған терминологиялық сөздіктердің сапалық жағынан жақсаруы да осы терминография саласының дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан бұл саланың дамуы үшін терминологиялық сөздіктерді жасаудың тиімді әдіс- тәсілдерін зерттеумен айналысу, әр түрлі терминологиялық сөздік түрлерін жасаудағы тәжірибелерді жинақтап көрсету, сөздік түрлерін анықтау және оларға тән ерекшеліктер мен олардың әрқайсысының максаттарын көрсету, сөздіктердің құрылымдық ерекшеліктерін құрылымын анықтау, терминологиялық сөздіктерді арнайы ерекше тілдік нысан ретінде қарастыру және терминологиялық сөздіктерді автоматтандыру, (информатика тіліне салып, программалау) сияқты т.б. толып жатқан бірқатар маңызды жұмыстарды іске асыру қажет.

Сонымен, терминографиядағы маңызды мәселелердің терминологиялық сөздіктерге қойылатын өлшем-талаптар. Бұл сөздіктердің сапасына ықпал ететін оның деңгейін көтерумен тығыз байланысты бірден-бір сұрақтардың бірі. Терминография саласын зерттеген тілші-ғалымдар осы уақытқа дейін терминологиялық сөздіктерге тән бірнеше талаптарды, яғни өлшемдерді әр қырынан атап көрсетеді. Мұндай еңбектердің қатарына Л.В. Щербаның, А.Гердтың, С.В. Гриневтың және т.б. ғалымдардың

еңбектерін атай аламыз<sup>1</sup>. Олардың әрқайсысы терминологиялық сөздіктердің құрылымына әр қырынан тоқтала отырып, соған сәйкес сөздіктерге қойылатын талаптарды белгілеп береді. Бұл талаптардың орындалуы сөздік сапасына тікелей әсер ететіндігі сөзсіз. Себебі, көрсетілген талаптар әр сөздіктің негізделген мақсатымен тікелей байланысты. Мысалы, Л.В. Щерба өз еңбегінде терминологиялық сөздіктерге тән *нормативтілік, қажетті лексиканың толық қамтылуы, олардың бірізді жүйемен берілуі, сөздіктің белгілі мақсатты көздеуі хронологиялық тәртіпті сақтауы* сияқты бірнеше өлшем-талаптарды атап көрсетеді<sup>2</sup>.

Ал осы терминография саласымен айналысып жүрген орыс тілшісі С.В. Гринев өз мақаласында сөздіктердің *құрылымына, автордың ерекшелігіне, қамтыған тақырыбына (саласына), қай мерзімдегі тілдік материалдарды қамтуына, сөздіктің қамтыған тіліне, мақсатына, қызметіне көлеміне және тілдік лексиканы беру тәсілдеріне* байланысты бірнеше өлшем-талаптарды қарастырып, атап өтеді<sup>3</sup>.

Терминографиядағы ең басты мәселелердің бірі терминологиялық сөздіктердің түрлерін анықтап, жүйелеу. Өйткені сөздік түрлерінің анықталуы олардың құрылымдық ерекшеліктерінің, мақсаты мен қызметі сияқты

<sup>1</sup> Гринев С.В. *Введение в терминографию*. 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995. – 161 с.; Гринев С.В. *Принципы теории терминографии // Теория и практика научно-технической лексикографии. Сб. статей*. - М.: Русский язык, 1988. - С. 5-10; Щерба Л.В. *Опыт общей теории лексикографии // Язковая система и речевая деятельность*. - Л.: Наука, 1974, - С. 54-91; Герд А. *Основы научно-технической лексикографии*. - М.: МГУ, 1986; Гринев С.В. *Введение в терминологическую лексикографию*. - М.: МГУ, 1986. - 102 с.

<sup>2</sup> Щерба Л.В. *Опыт общей теории лексикографии // Язковая система и речевая деятельность* Л.: Наука, 1974. - С. 54-91.

<sup>3</sup> Гринев С.В. *Введение в терминологическую лексикографию*. - М.: МГУ, 1986. – С. 6-8.

Қосымша өлшемдерінің айқындалуына мүмкіндік бермек. Бұл терминологиялық сөздік жасаушылар мен сөздікті қолданушылардың жұмысын жеңілдетіп әр түрлі сөздіктердің құрылымындағы айырмашылықтарды ажыратып, сөздік құрылымдарының олардың қызметіне сәйкес болуын қамтамасыз еткен болар еді. Сондықтан терминологиялық сөздік түрлерінің жүйеленуі терминологиялық сөздіктерге қатысты өзге де сұрақтардың шешімін табуына көмектеспек. Бұл жөнінде аталған мақаласында С.В. Гринев: "Основными проблемами современной теории терминографии являются: создание надежной классификации и типологии специальных словарей...", - дей келіп, одан әрі: "Проблемы создания надежной типологии словарей специальной лексики являются первоочередной по отношению к общей проблеме выработки методологии создания словарей, так как определение и всесторонний анализ существующих типов словарей необходимы для установления общих принципов их создания, учета особенностей реализации этих принципов при подготовке отдельных разновидностей словарей и выработки единообразных подходов к описанию лексики и однотипных словарях", - деп көрсетеді<sup>1</sup>.

Демек, әр сөздік түрін жасаудың нақты әдістемесін көрсетіп, қызметі мен мақсатына сәйкес оларды жасауда ұстанатын принциптерді анықтау қажет.

Сондықтан қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктерге тән маңызды деген талаптарға тоқталып өту қажет.

*1 Гринев С.В. Принципы теории терминографии // Теория и практика научно-технической лексикографии. Сб. Статей.- М.: Русский язык, 1988. - С. 5-6.*

Сөздіктерге қойылатын өлшем талаптардың бірі олардың мақсаты мен қызметіне байланысты түрлері. Қазақ терминологиялық сөздіктерігі негізінен аударма сөздіктер және түсіндірме сөздіктер ретінде қарастырған дұрыс. Түсіндірме сөздіктердің өзі қазақ терминографиясында аз деуге болады. Соңғы жылдары әр салаға қатысты шығып жатқан терминологиялық сөздіктердің дені де аударма мақсатындағы сөздіктер. Тіпті, 31 томдық сериялық сөздіктің (2000) құрылымы да екі тілдегі аударма сөздік болып табылады<sup>1</sup>.

Терминологиялық сөздіктерге тән ерекшеліктің бірі олардың **мақсаты**. Олар қызметіне байланысты аударып беру, түсіндіру, ақпарат, мәлімет беру сияқты мақсаттарды көздейді. Алайда, аталған мақсаттардың жүзеге асырылуы үшін олардың құрылымы көздеген мақсаттарға сәйкес келуі тиіс. Мысалы, аударма сипатындағы сөздік болғандықтан екінші тілдегі баламасы толық аударма түрінде берілуі тиіс. Өкінішке орай, қазақ терминографиясындағы сөздіктердің аударма сөздіктердің көпшілігі осы талапқа жауап бере бермейді. Себебі, кірме терминер көп болғандықтан олардың орыс тіліндегі нұсқасы да, қазақ тіліндегі нұсқасы да сол қалпында қайталанып беріледі. Мұндай жағдайда терминді аударып беру мақсаты, сөздіктің негізгі қызметі орындалмайды. Сондықтан аударма сөздіктерге кірме терминдерді беретін өзгелеу құрылым қажет.

Терминологиялық сөздіктерге тән келесі талап - олардың қамтитын **тілдері** жөнінде. Қазақ терминографиясындағы сөздіктер негізінен орыс, қазақ тілдерін қамтиды. Әрі екі

<sup>1</sup> *Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. - Алматы, 2000.*

тілді сөздіктер болып келеді. Ал үш тілді сөздіктер соңғы уақыттардың еншісінде ғана пайда бола бастады. Өзге тілдерге қатысты терминологиялық сөздіктер қазақ терминографиясында ғана емес, лексикографиясында да жоқтың қасы. Орыс, қазақ тілдерін негізге алған терминологиялық сөздіктердің өзі негізінен орысша-қазақша түрінде болып келеді. Ал қазақша-орысша сөздіктер қатары соңғы кезеңдерде ғана пайда бола бастады. Тілдің кейін немесе алдында орналасуының өзі терминологияда да, лексикографияда да маңызды рөл ойнайды. Мұны арнайы мақалада қарастырған болатынбыз<sup>1</sup>.

Қазақ терминографиясына қатысты терминологиялық сөздіктерге қойылатын өлшемнің бірі - олардың **құрылымымен** байланысты. Аударма сөздіктер екі тілде болғандықтан реестр түрінде, яғни тізбе түрінде келеді. Құрылымына қатысты ерекшеліктер, олардың жасалу, тәсілдерімен, мақсатымен де тығыз байланысты. Яғни, бұл талаптар сөздіктің құрылымында бір-бірімен өзара тығыз байланысты түрде жүзеге асырылады.

Келесі өлшем - сөздіктердің көлеміне қатысты. Көлемі жағынан қазақ терминографиясындағы сөздіктер шағын, орташа және көлемді сөздіктер болып келеді. Қазақ терминографиясында қамтитын саласы мен мақсатына байланысты әр түрлі көлемдегі сөздіктерді көрсетуге болады.

Терминологиялық сөздіктерге тән бір ерекшелік-қамтыған саласына қатысты. Әр саланың терминдеріне арнал-

*1 Әбдірәсілов Е. Терминдік сөздіктерде тілдердің орналасу реті және олардың терминдерді қалыптастырудағы рөлі // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. - Астана, 2002. – Б. 87-92.*



ған терминологиялық еңбектер жеке авторлар тарапынан шығарылуда. Бұл үрдіс кеңестік дәуірден бері шығып келе жатқан терминологиялық сөздіктердің барлығына тән. Әр сөздік жеке салалардың терминдерін қамтиды. Тек жалпы редакциясын профессор С. Аманжолов басқарған, мүмкіндігінше барлық салалардың терминдерін қамтыған 12 томдық сериялық сөздік (1959-1962)<sup>1</sup> пен соңғы шыққан 31 томдық терминологиялық сөздіктер (2000) барлық салалардың терминдерін әр томда жинақтап, топтастырып қамтыған.

Қажетті терминдерді, беру тәсілдеріне келсек, қазақ терминографиясында аударма сөздіктер көп болғандықтан олар негізінен алфавит реті арқылы беріледі. Ал ішкі жүйесіне, ғылыми құрылымына негізделген оқулық сөздіктер мен идеографиялық (мысалы, тезаурус сөздік) жүйелеуші сөздіктер қазақ терминографиясында жоқ деуге болады. Мұндай тәсілдермен беру де терминологиялық бірліктерді сөздік құрылымында жүйелеу үшін тиімді болмақ.

Біздіңше, терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптардың тағы бірі - олардың шығарылу мерзімінің жиілігімен де байланысты. Өйткені, шығарылған сөздікті басқа автордың құрастыруымен басып шығарудың өзі еңбек болғанымен, мақсаты мен қызметі тұрғысынан терминографиялық тұрғыдан ешқандай нәтиже бере қоймайды. Сондықтан әр салаға қатысты терминдердің әр автор тарапынан қайта басылып шығуында белгілі бір мақсаттар мен ұстанатын тиімді принциптер болуы тиіс. Бұл

<sup>1</sup> *Орысша-қазақша терминологиялық сөздік. 12 томдық. Жалпы редакциясын басқарған С. Аманжолов. - Алматы: Қазмембаспа, 1959.*

сөздік сапасына да жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік берер еді. Әйтпесе, қазіргі сөздіктердің саны көп болғанымен, олардың терминдерді жүйелеуші, реттеуші, үйлестіруші қызметі сырт қалып жатады.

Осымен байланысты тағы бір талап – терминологиялық сөздіктерде берілетін терминдердің бірізділігі. Бұл жоғарыда айтып өткендей, Л.В. Щербаның еңбегінде көрсетілген нормативтілік сияқты талаптармен сәйкес келеді. Тіпті, әр сөздікте бір терминнің әр түрлі нұсқада берілуінің өзі сөздік шығару механизмін қарастырып, реттеп, қадағалап отыруды қажет етеді.

Жинақтай айтқанда, аталған терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптардың әрқайсысы арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер. Олардың терминологиялық сөздіктердің жасалуы барысында сақталуы сөздіктердің сапасын арттырып, терминдерді жүйелеу ісіне ықпал еткен болар еді.

#### **4.3. Терминологиялық сөздіктердегі тілдердің орналасу ретінің маңызы**

Терминологияны реттеудегі өзекті мәселелердің бірі терминологиялық сөздіктердегі тілдердің орналасу ретімен байланысты. Бұл екінші жағынан, соңғы кезде кеңінен қозғалып жүрген ұлттық термин қалыптастыру- қалыптастырмау, терминдерді аудару мәселесімен де тікелей байланысты. Бұл - терминография және ондағы терминологиялық сөздіктерді құрастыруда негізге алынатын, ұстанатын, қатаң бақылап отыруға тиісті мәселелердің

біріне жатады. Өйткені терминологиялық сөздік терминдерді жүйелеудің, оларды қалыптастырудың, жарыққа шығарудың, қолданысқа енгізудің негізгі көзі, құралы.

Сөздіктердің бағанындағы тілдердің орналасу реті тек терминологиялық аударма сөздіктер үшін ғана емес, лексикографиялық сөздіктер үшін де маңызды нысан екендігін атап өткен жөн. Қазақ тіл біліміндегі еңбектерден сөздіктердегі тілдердің орналасу реті мәселесіне мән берілмей келгендігіне көз жеткізуге болады. Бұл мәселеге қатысты ойларды терминологиялық сөздіктер жасау мәселесіне қатысы бар терминологияға қатысты болсын, лексикографияға қатысты болсын еңбектерден кездестіру қиындау. Практикалық тұрғыдан келгенде, тілдің сөздік құрылымында бірінші немесе кейінгі орында тұруы үлкен маңызға ие, қызметі де жан-жақты екендігін байқауға болады. Бірақ қазіргі жағдайда не бұл мәселенің маңыздылығына қазақ тіл біліміндегі сөздіктерді түзушілер тарапынан кешіректеу мән беріліп отыр, не бір кездегі тілдік саясаттың салдарынан бұл мәселеге бара алмағанбыз деген сияқты түйіндер ғана жасауға тура келеді. Бұған дәлел осы уақытқа дейінгі сөздіктердің (барлығының дерлік деп айтсақ қателеспейміз - Ә.Е.) түгел дерлік орысша-қазақша сөздіктер болып шығуында. Нақтылау үшін кез-келген үлкен, белді деген кітапханалардың картотека қорындағы сөздіктер тізіміне үңіліп көру арқылы-ақ көз жеткізу қиын емес. Қазақша-орысша нұсқада қазақ тілін бірінші орынға қойып басылып шыққан сөздікті кездестіре алмасыңыз анық.

Сонау алғашқы терминологиялық сөздіктер 1927 жылы Қызылорда қаласынан шыққан "Пән сөздері" және 1931 жылы "Атаулар сөздігі" болып жарыққа шыққан кезеңнен бастап, соңғы 1990 жылға дейін, тіпті одан бергі кезеңге дейін терминологиялық сөздіктер болсын, лексикографиядағы жалпы филологиялық сөздіктердің қандай түрі болмасын орысша-қазақша нұсқада жарыққа шыққан екен. Бұл осы уақытқа дейін ұлттық тіл негізіндегі терминдердің қалыптаспауына әкеліп соқты.

Бір қарағанда соншалық маңызды болып көрінбейтін осы мәселенің негізінде ауқымды тілдік проблема жатқандығын айтып өтпеуге болмайды. Кеңестік дәуірде жарық көрген орысша-қазақша сөздіктер, ең алдымен, орыс тілінің тілдік саясатын, нақтылап айтқанда, орыс тіліндегі сөздердің қалыптасып орнығуына, орыс тілі арқылы кірме сөздердің көптеп енуіне жағдай жасағандығын, өзге одақтас елдер тілдерінің ішкі мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, жаңа сөздер жасап, қалыптастыруына кері әсер еткендігін жасырғымыз келмейді. Бұл - соңғы кезеңдегі пікірлер сарынымен айтыла салған түйін емес. Мәселенің негізі осылай екендігіне сөздіктердің жасалуы тұрғысынан да нақты дәлелмен көз жеткізуге тура келіп отыр. Тілдегі өзекті мәселелерді талдаудағы ғылыми зерттеулердің өзі осындай қорытындылар жасауға итермелеп отырғандығын түсіну керек. Бұл кезеңде тілді қолданушылар жаппай орыс тіліндегі мәтіндерді қолдануға ден қойды. Соның нәтижесінде оларды өз тілдеріне аударып, қолдану міндеті тұрды. Бұл үрдіс әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқандығын жасырмау керек.

Бұл орайда қазақ немесе сол кездегі кеңес құрамындағы ұлт тілдерінің ешқайсысын Одақ қоғамында ресми құжаттарда қажет етпеді, ол тілдер жазба тілдің көпшілік жерлерінде пайдаланылмады. Соның нәтижесінде аударма тек орысшадан қазақшаға не басқа ұлт өкілдерінің тілдеріне аударылды. Бұл жекелеген ұлт тілдерінің қауқарсыз күй кешіп, тек аударма тілге айналуына, жаңа ұғымдарды өз тілдерінде жасау мүмкіндігінің болмауына, тілдердің ішкі мүмкіндіктерін дамытпауына негіз болды. Бұл күйді ұлт тілдеріндегі терминология саласының даму бағыты да басынан кешті. Терминологиялық сөздіктер де тек орысша-қазақша нұсқада шығып, бірінші бағанға орыс тілін қою арқылы жарыққа шығып отырды. Бұл ғылыми тілдік қатынаста, салалық ғылыми ұғымдарды қалыптастыру ісінде тек орыс тілінің немесе орыс тілі арқылы басқа тілдің терминдерінің енгізілуіне қызме етті. Нәтижесінде өзге тілдің ғылыми ұғымдары тілдік айналымымызға қарқынды түрде енді. Терминдердің бұлай қалыптасуы да айналып келгенде тіл саясатымен, орыстандыру саясатымен байланысты еді. Нәтижесінде 70 жыл не одан да көп уақыт бойы біз жат сөздердің тіліміздей болып кеткендігін аңғармай да қалғандығымыз әлі күнге дейін сол терминдерді пайдалануға бейім тұратындығымыз шындық. Өз тілімізде жасалған сөздердің өз санамыз үшін қолдануға ыңғайсыз болып көрініп жүргендігі де сондықтан. Бұл - психолінгвистикалық тұрғыдан ойлау деңгейіміздің де таза қазақтық деңгейден шығып қалғандығының, бүгінгі таңда қазақ тілін білетіннің өзінің санасында орысша ойлау элементтерінің бар екендігінің, оның қазіргі тілімізге, қазақ тіліндегі жаңа

сөздердің қолданысына әсер етіп отырғандығының көрінісі. Демек, ғылыми ойлау жүйесінде де «өзге ұлттық» ойлау психологиясы қалыптасқан.

Екінші жағынан, ұлт тілінде қалыптастыру дегеніміз тілдегі термин атаулыны икемге келсін-келмесін аудару деген сөз мес, аударуға болатын, бірақ ол мүмкіндікті ескермей, негізсіз енген ұғымдарды мүмкіндігінше аударып, қазақ тілінде қалыптастыру, қазақ тілінде ғылыми ұғым жасауға, қазақ ғылыми тілін жасауға ұмтылу. Солай ете отырып, таза тіл болмайтындығын, аударуға икемсіз терминдерді аударудың қажеті жоқтығын, аудармада да шек-шегара болатындығын да ескере алмай жатырмыз. Бұл уақыттардағы термин қалыптастыру ісіндегі жағдай. Оның да сөздік сапасына ықпал етіп отырған жақтары бар. Ол да өз алдына талдануы тиісті.

Біздіңше, сол терминографиялық немесе лексткографиялық сөздіктер қазақша-орысша нұсқада да жарыққа шығып отырғанда, еш болмаса қазақ тіліндегі ғылыми ұғымдардың көшпілігі қазіргідей өзге тілден енген терминдерден тұрмаған, қазақ тіліндегі термин шығармашылығы аударма түрінде болса да қазақ тілінің тілдік табиғатына сай дамыған, қазіргідей жаппай аудармаға, терминдер мен жаңа ұғымдарды реттеудегі атқарылуға үлкен көлемдегі істер мен өзекті мәселелерге тап болмаған болар еді. Қазақ терминологиясында аударма болса да қазақ тілінде терминдер мен жаңа ұғымдарды қалыптастыру мәселесіне енді мән беріліп отыр.

Айтылған мәселелердің негізінде орысша-қазақша сөздіктер шығару ісі ұлт тілдерінің мүмкіндіктерін, сол арқылы бірте-бірте қолданыс аясын тарылту мақсатында

қолданылған деген түйін жасауға тура келеді. Бұған терминографиялық тұрғыдан, қазақша-орысша емес, орысша-қазақша нұсқада шығарылған сөздіктердің құрылымындағы тілдердің орналасу бағаны да дәлел бола алады. Дегенмен, қарапайым ғана мысал келтірсек, мектеп бағдарламасынан белгілі, қазақ тіл біліміндегі синоним терминін *жақын мағыналас сөздер* деп, полисемияны *көпмағыналас сөздер*, антонимді *қарсы мағыналас сөздер*, омонимді *тұлғалас сөздер* деп қолдансақ та орынды түсінікті болған болар еді.

Ал орыс терминографтарының негізгі деген еңбектерінен әзірге осы мәселеге байланысты пікірлерді кездестіре алмадық. Бұл түсінікті де. Себебі орыс терминографиясы үшін, тіпті терминологиясы үшін, бұл өзекті мәселе болатын жөні жоқ<sup>1</sup>.

Сөздікте тілдердің орналасу ретінің маңызды болуы терминографияның ғана емес, лексикографияның да, нысаны. Себебі орысша-қазақша сөздіктер көптеп шықпағанда орыс тілін үйренуге шектен тыс бейімделмеген болар еді. Салыстырмалы түрде, қазақша-орысша сөздіктерге қарағанда, орысша-қазақша сөздіктердің тілді үйрету мүмкіндігі үлкен екендігін байқауға болады. Тілдің бірінші бағанда орналасуы сол тілге деген, сол тілдегі мәтіндер мен тілдік қолданыстарға деген қажеттіліктің жоғары екендігін көрсетеді. Әрі сол тілдің қоғамда кең қолданыс табуына итермелейді. Терминографиядағы аталған мәселенің ұлттық терминдер қалыптастыру сияқты терминологиядағы

<sup>1</sup> Герд А. Основы научно-технической лексикографии. - М.: МГУ, 1986. Гринев С.В. Введение в терминологическую лексикографию. - М.: МГУ, 1986. - 102 с. Теория и практика научно-технической лексикографии. - М.: Русский язык, 1988. - 304 с.

өзекті мәселелермен тығыз байланысты қарастырылып отыруының себебі де осында жатыр. Қазақша-орысша сөздіктердің шығарылуы қазақ тіліне деген қажеттілікті сақтаған болар еді. Сол сияқты қазақша-орысша терминологиялық аударма сөздіктердің де шығарылуы қазақ терминдеріне, олардың қолданысына деген қажеттілікті дамытады.

Ал қазақша-орысша сөздіктер, керісінше, қазақша үйрету ісіне қажетті екендігін де зерттеу барысында, бұл мәселеге жеке мән беру барысында байқадық. Бұған орыс тілді топтарда қазақ тілін үйрету сабақтарында көзіміз жетті. Мысалы, бір сабақ үстіндегі қазақша мәтінді орыс тіліне аударып келу тапсырмасын бердік. Ал тиісінше, тілді үйренуші студенттің берілген тапсырманы орындамау себебі мәтіндегі сөздерді толық қамтып аударған қазақша-орысша сөздіктің жоқ екендігімен, кейінгі шыққан қысқаша қазақша-орысша сөздікте барлық сөздердің қамтылмағандығымен байланысты болды. Бұл нақты тәжірибеден алынған дәлел болып табылады.

Тағы бір дәлел осы аударма жұмыстарымен байланысты. Ол осы уақытқа дейін аударма жұмысының көпшілігінің орысшадан қазақшаға аудару сипатында болып жататындығы. Тіпті жоғарыдағы мемлекет тарапынан жүргізілетін құжаттардың алдымен орысша дайындалып қазақша аударылуы да қазақша-орысша сөздіктердің қолданысын төмендетеді, қазақ сөздері мен терминдерінің қолданысқа еніп, қалыптасуын бәсеңдетеді, олардың тілдік тұрғыдан жүйеленуіне кері әсер етеді. Бұл- алдағы уақытта ескеруге тиісті үлкен міндеттердің бірі.



Қазақ терминографиясына байланысты айтылатын тағы бір жай, терминологиялық сөздіктің мақсатына, міндетіне сәйкес жасалмай жатуы, оның сөздік жасау барысын негізге алынбауы төңірегінде. Өйткені аталған орысша-қазақша аударма сөздіктеріміздің жасалуы кезінде, ең болмағанда, аударылып беруші қазақша жағы өз мақсатына сәйкес болып жасалғанда да қазақ терминологиясы мұншалықты шектен тыс кірме сөздермен толықпаған болар еді. Алғашқы жылдары жарыққа шыққан, жоғарыда аталып өткен "Атаулар сөздігінде" солай болды да. Бірақ бұл үрдіс осы бағытты қолдаған қазақ зиялылары ғылым сахнасынан кеткеннен кейін жарық көрген терминологиялық сөздіктерде жалғасын таппаған.

Сөздіктің мақсатқа сай болмауы кейінгі 31 томдық терминологиялық сөздікте де орын алып отырғандығы арнайы дәлелдеп жатуды қажет етпейтін, ғылыми-көпшілік қауым айтып жүрген жайт. Бұқаралық ақпарат құралдарының өзі көпшіліктің бұл сөздіктен аударма сөздік ретінде көптеген ғылыми ұғымдарға қазақша балама берер деген үмітінің болғандығын" айтып, жазды. Керісінше, сөздіктің бұрынғы үрдіспен шығуы заңды құбылыс. Себебі 70 жыл бойы қалыптасып келген терминдердің барлығынын бірден аудармасын беру және оларды сөздік сияқты еңбекте аз уақытта аударып, қалыптастырып бере салу мүмкін де емес болған болар еді. Екінші жағынан, олардың сапалы аударылып берілуі, қалыптасуы үшін қажет екендігі өздігінен түсінікті. Бірақ бұл терминжасау ісін белгілі бір уақытқа ысырып қойып жүре беру керек деген сөз емес.

Осыған байланысты айта кететін тағы бір мәселе: сөздіктеріміздегі аударылып берілмей жатқан көптеген

Шет тілідік нұсқадағы терминдер аударма нұсқасында берілмей, сөздіктің мақсатына сай болмай жатқан жағдайда басқа жолын табу керек сияқты. Біздіңше, оларды аударма сөздіктердің негізгі құрылымына кіргізбей, соңынан қосымша тұлғасын сақтай отырып, сол қалпында алынған не аударылмай қолданылатын терминдер деп бөлек бөлім етіп беруге де болады. Сондықтан бұл жайды алдағы уақытта терминологиялық сөздіктердің макроқұрылымын жобалау барысында және баспадан шығару барысында ескеріп, жүзеге асырған тиімді болған болар еді. Бұл тәсілдің тиімділігін аударуға келетін терминдер мен аударуға тиісті терминдердің арасындағы ара жікті айқындап беру тұрғысынан да түсіндіруге болады. Сөздіктердің, әсіресе, аударма сөздіктердің өз мақсатына сай болуы үшін бұл орынды тәсіл деп білеміз. Бұл терминологиялық сөздіктің терминдерді тізіп, жүйелеп, жинақтап беруші ретіндегі ғана емес, оның шағын ғылыми еңбек бола алу қызметін де жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ғылыми терминографияны зерттеушілер терминологиялық сөздіктердің осындай да қызметті атқару керектігін айтып жүргені белгілі. Демек, сөздік тек терминдерді жинақтаушы еңбек ретінде қызмет етуге ғана емес, белгілі ғылыми түйіндерді жүзеге асыруға ұмтылатын, оларды жарыққа шығаратын шағын ғылыми еңбек болуға да лайықталып жасалуы тиіс.

Сонымен бірге кейбір сөздіктердің, қазақша нұсқасы берілген бағанға өзге тілден енген терминдерді сол қалпында беріп, қасына жақша ішіне қазақша нұсқасын да беріп жатады. Содан соң екінші жағына терминнің өзге тілдегі нұсқасы орналасатын басқа бағанда терминнің шет тілдегі

тұлғасы тағы қайталанып беріледі. Немесе орысша-қазақша сөздіктерде осы құрылым керісінше беріліп жатады. Бұлай беру дублет терминдерді беру тұрғысынан орынды. Сондықтан қазақша бағандағы аудармасы толық түсінікті терминдердің жанына шет тілдегі нұсқасын қайталап беріп жатудың қажеті жоқ. Бұл жалпы тіл білімі деңгейінде мейлі лексикограф ғалымдар, мейлі терминограф ғалымдар тарапынан айтылмай, мән берілмей жүрген мәселе екендігін де айта кету керек. Лексикографиялық, терминографияны еңбектерде ұлт тілінің бірінші бағанда тұруы жалпы барлық тілдер үшін маңызды екендігін баса көрсеткен дұрыс. Сондықтан тек қазақ мемлекетінде қазақша-орысша сөздіктердің жарыққа шығарылуы ғана емес, Украинада украинша-басқа тілдегі, Өзбекстанда өзбекше-басқа тілдегі, Ресейде орысша-басқа тілдегі сөздіктердің жарыққа шығарылуы қадағалануы керек. Ал орысша және өзге тілдердегі сөздіктердің үлес салмағы кез келген елде көп екендігін ескерсек, белді деген Ресей терминограф ғалымдарының бұл мәселеге мән бермей отырғандығының негізді екендігін, олардың ғылыми еңбектерінде бұл мәселенің қамтылмауының орынды екендігін айқынырақ дәлелдей алады.

Жинақтай келгенде, терминологиялық сөздіктер жасау ісі де, әсіресе ондағы тілдердің орналасуы да, терминологиялық мәселелермен тығыз байланысты. Екінші жағынан, терминологиялық сөздіктерде болсын, лексикографиялық сөздіктерде болсын мемлекеттегі мемлекеттегі тілдің бірінші орналасуы мемлекеттік тілдің қызметін жүзеге асыру, мәртебесін іс жүзінде көтеру, ғылым, қоғам аясындағы айналымын дамыту, тілді үйренушілердің

қолдануы үшін де маңызды. Үшіншіден, тілдің сөздікте бұлай орналасу тәртібі ұлт тілінің аударма тілге айналмауына өзге ұлт, халық тілдері тарапынан да едәуір болса да қолданысқа ие болуына, іске жарауына ықпал етеді. Терминография тұрғысынан, ең бастысы ұлттық терминдердің қалыптасуына негіз болады. Кез келген сөздікте ұлт тілінің бірінші бағанда тұру-тұрмауы сол тілге деген қажеттілік деңгейін көрсетсе керек.

#### **4.4. Терминологиялық сөздіктердегі терминдер қабаты**

Соңғы кезеңдерде салалық терминологиялық сөздіктер көптеп жарық көруде. Алайда, олардың барлығының сапасы қажетті талаптарға жауап бере алады деп айту қиынырақ. Сондықтан терминологиялық сөздіктердің сапасын жақсарту мақсатында оларға қажетті талаптар мен ерекшеліктерді белгілеу - қазақ терминографиясындағы маңызды міндеттердің бірі.

Қазіргі кезге дейін терминдердің жасалу жолдары, оларды қалыптастыру сатылары ғылыми еңбектерде кеңінен қарастырылып келді. Қазақ терминологиясындағы Қазақ терминологиясындағы терминжасам тәсілдері терминологиялық сөздіктерде кеңінен көрініс табатындығы сөзсіз. Бірақ, терминологиялық сөздіктерде олардың морфологиялық құрылымын, сол арқылы терминнің дефинициясын дұрыс, дәл берумен қатар, терминологиялық сөздіктің көздеген мақсаты мен міндетіне сәйкес сөздікте қамтылатын терминдерді сұрыптау қажеттілігі де өзекті мәселе болып

табылады. Өйткені терминологиялық сөздікті түзуші сөздіктің мақсаты мен міндетіне сәйкес өз сөздігіндегі қамтылатын терминдерінің ауқымын, терминдер қабатын айқындап, бағдарлап алуы тиіс. Мұндай бағдар терминологиялық сөздіктің сапасына, белгілі бір ғылым саласының терминологиялық жүйесін толық қамтып көрсетуге ықпал етеді. Терминография теориясына қатысты ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, терминологиялық жүйені толық қамтып көрсету - терминологиялық сөздіктерге қойылатын басты талаптардың, терминдер сөздігіне тән терминографиялық белгілердің (критерийлердің) бірі. Орыс тілшісі П.Н. Денисовтың мақаласындағы пікіріне сүйенсек, тілдегі термин емес жалпықолданыстағы сөздер жүйелілігімен ерекшеленсе, терминдер жиынтығы нақты жүйені құрайтындығымен ерекшеленеді екен<sup>1</sup>.

Мұның өзі салыстырмалы түрде айтылған пікір екендігі түсінікті. Себебі тілдегі жүйе терминологияда да көрініс табатындығы белгілі қағида. Бірақ терминологиядағы терминдер арасында жүйенің басымырақ, қатаңырақ сақталатындығын ескеру керек. Ғалымның пікірінше, ғылыми жүйені құрайтын бір терминнің терминологиялық сөздікте қамтылмай қалуы сол ғылыми саланың жүйесі туралы толық түсініктің мозаикасын бұзады. Демек, терминологиялық жүйеде әр терминнің өзіндік орны қызметі, дефинициясы бар. Бұл - дәлелденген қағида.

Осы тұрғыдан, терминографиялық еңбектердің терминологиялық сөздіктердің түрлерін айқындап, оларға

<sup>1</sup> Денисов П.Н. *Системность и связность в лексике и системе словарей // Тезисы Тезисы докладов на совещании, посвященном проблеме определений терминов в словарях. 26-29 марта 1974 г. - Ленинград, 1974. - С. 19.*

Тән белгілерді көрсету, бір-бірінен және лексикографиядағы басқа сөздіктерден (немесе филологиялық сөздіктерден) айырмашылықтарын талдаудың да қазіргі қазақ терминографиясы үшін маңызды екендігін атап өткен жөн. Бұл өз алдына қарастыруды қажет ететін ауқымды мәселе.

Ал терминдер жүйесін толық беруге ықпал ететін, термин түзуші үшін тиімді міндеттердің бірі - қамтитын терминдердің тобын айқындап алу. Терминолог-ғалым В.П.Даниленко терминдердің мұндай тобын **терминдер қабаты** (терминологический пласт) деп атап, оның қазіргі терминологиядағы үш түрін көрсетеді: **жалпығылыми, салааралық және нақты бір ғылым саласының** терминдері. Демек, ғалымның пікірі бойынша, терминдік өзіндік ерекшеліктеріне, атқаратын қызметіне байланысты осындай үш қабатқа бөлінеді. Терминологиялық қабаттардың, мұндай жіктелісіне терминдердің беретін мағыналық дефинициясының да үлесі бар екендігін өз тарапымыздан қосымша көрсеткен болар едік. Сондай-ақ, терминдердің осындай қабаттарға жіктеуде негізге алынатын басты белгі - олардың қолданыс ауқымы. Ғылым тілінің терминологиялық қоры бір-бірімен өзара байланысты және белгілі бір дәрежеде бір-бірінен ажыратылатын, өзіндік құрылымы бар осындай терминдер қабатынан тұрады. Әр қабат белгілі бір көлемде жеке ғылым саласының терминдерін қамтиды немесе керісінше түсіндірсек, ғылым саласының барлық терминдері осындай үш терминдер қабатына топтасады. Терминдер қабатын бұлай жүйелеуге олардың семантикалық мағынасындағы "жалпылық-жал-қылық" қатыстағы белгілерін негіз етіп алуға болады. Ғалым В.П. Даниленко

да өз жүйелеуінде осы семантикалық белгіні негізге алғандығын атап көрсетеді<sup>1</sup>. Терминологиялық сөздіктерді түзуде ғылым саласының терминдерін осындай қабаттарға жіктеп алу белгілі дәрежеде терминологиялық жүйені жүйелі әрі бір-бірімен байланысын түсіне отырып беру, үшін пайдалы. Бірақ бұл мәселені толық шешіп бере алады, терминология сапасының жүйесін толық көрсетіп береді деп кесіп айту қиынырақ.

Терминдердің бірінші қабаты - **жалпығылыми** қолданыстағы терминдер. Бұл терминдер қабатын ғылым салаларының барлығына ортақ, барлық ғылым салаларының ғылым тілінде қолданатын терминдер құрайды. Мұндай терминдерге *жүйе, құрылым, құрылыс, қызмет (функция), элемент, модель, ақпарат*, т.б. сияқты терминдік бірліктерді жатқызуға болады.

Ғалым В.С. Готт бастаған авторлардың еңбегінде жалпығылыми терминдерге тән ерекшеліктерді былай көрсетеді: "Философиялық бағыттағы талдаулардан тыс жалпығылыми терминдер зерттейтін әр түрлі нысандарының мазмұндық ұғымын, шартты, сандық және сапалық қасиеттерін бере алу мүмкіндігімен ерекшеленеді"<sup>2</sup>.

Ғалымның көрсетуі бойынша, жалпығылыми терминдерге түрлі нысандардың мазмұндық ұғымын, шартты ұғымын, сандық және сапалық ұғымдарын көрсете алатын терминдер жатады. Аталған ұғымдарды білдіру - жалпы ғылыми терминдерге тән ерекшеліктер.

<sup>1</sup> Даниленко В.П. *Терминология современного языка науки // Терминоведение терминография в индоевропейских языках. - Владивосток: ДВО АН СССР, 1987, - С. 61*

<sup>2</sup> Готт В.С., Семенюк Э.П., Урсул А.Д. *Категории современной науки. - М.: Мысль, 1984.*

Сондай-ақ, жалпығылыми терминдер жеке ғылым саласының өрісінде қолданылғанда беретін семантикалық мағынасының нақтылана түсетіндігін де ескеру керек. Яғни, жеке ғылым саласының өрісінде жалпы ғылымдардың барлығында қолданылатын термин нақты сол өріске ғана тән ғылыми ұғымды беруге бейімделеді.

Екіншіден, жалпығылыми терминдердің әр өрісте қарсы ұғымды білдіретін терминдері пайда болып, антонимдік жұпты құрайды. Ғалым, В.П. Даниленко қарсы сыңарының болуы жалпығылыми терминдерге тән дәстүрлі ерекшелік деп көрсетіп, мұндай терминдер негізінен философия, логика, математика сияқты салалардың терминдері болып келетіндігін атап өтеді. Мысалы: абсолют шындық – салыстырмалы шындық, абстракті - нақты, т.б. Бұл терминдер тіл білімінде деректі зат есім - дерексіз зат есім түрінде кездесетіні сияқты басқа салаларда антонимдік жұп құрай алады. Сондықтан терминологиялық сөздік түзу барысында жалпығылыми терминдердің аталған ерекшеліктерін ескеру керек.

Терминдердің келесі қабатын салааралық терминдер құрайды. Бұл терминдер де бірнеше ғылым салаларына ортақ болуы жағынан алғашқы терминдер қабатына ұқсас. Бұл терминдер жалпы ғылым атаулының барлығында бірдей қолданылмайды, тек бірнеше ғылым салаларында ғана қолданылумен шектеледі. Бұл ғылыми терминдер жиынтығы жалпығылыми терминдерден осы ерекшелігімен ажыратылады. Салааралық терминдер кемінде екі немесе одан көп ғылым салаларында қолданылады. Бұл терминдер қабатына *редакция, құрал, аспап, тамыр, түбір, сәуле, морфология* т.б. сияқты терминдер жатады. Мысалы,



реакция термині химия, физика ғылымдарының салаларында немесе түбір термині биология және тіл білімдері садаларында қолданылады. Салааралық терминдердің болатындығы және олардың қайта терминдену тәсілімен жасалатындығы белгілі ғалымдардың еңбектерінде айтылып жүр. Бұл жөнінде ғалым Ш. Құрманбайұлының монографиясында жан-жақты талданған<sup>1</sup>.

В.П. Даниленко салааралық терминдердің биология ғылымдары, техника ғылымдары, жалпы жаратылыстану ғылымдары, геология, ғылымдары сияқты салалалық комплекстерге ортақ болып топтасатындығын айта келіп, бұл терминдер қабатына сондай-ақ, агглютинация (тіл білімі мен медицина), аккумуляция, аккумуляция (геология, политехника, экономика) сияқты процестік ұғымдарды білдіретін терминдердің жататындығын мысал ретінде көрсетеді<sup>2</sup>.

Терминдердің келесі қабаты - **нақты ғылым салаларының** терминдері. Бұл терминдер тек бір ғана ғылым саласына тән терминдер. Белгілі бір ғылым саласының терминологиялық сөздігіндегі терминдердің көп бөлігін терминологиялық қабатқа жататын терминдер қамтиды. Терминологиялық сөздіктерді түзу барысында ғылыми жүйені жүйелеп көрсету үшін оларды мүмкіндігінше толық қамтуға ұмтылу мақсаты көзделу керек.

Аталған терминдер қабатынан басқа терминологиялық сөздіктерді түзу ісінде **жаңа терминдердің** қабатын да ескерудің, өзіндік ерекшеліктерін айқындап алудың тиімді

<sup>1</sup> Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. - Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.

<sup>2</sup> Даниленко В.П. Терминология современного языка науки // Терминоведение и терминология в индоевропейских языках. - Владивосток: ДВО АН СССР, 1987, - С. 64.

екендігін айта кеткен жөн. Өйткені, қазіргі терминологияда жаңа терминдер мен жаңа сөздердің арасын ажырата алмау жиі кездеседі. Мұндай жайт терминологиялық сөздіктерде де орын алып жатады.

Қарастырылған терминдер қабатын терминологиялық сөздіктерді түзуде ескеру қажет. Сондай-ақ, терминографиялық тұрғыдан жалпығылыми және салааралық терминдердің жеке сөздігін дайындауға болатындығын айта кеткен жөн. Мұндай сөздік түрін жеке ғылым салаларының терминологиялық сөздіктерін түзуде пайдалану сөздік түзу ісін жеңілдеткен болар еді.

Қорыта келгенде, терминдер қабатын айқындап, оларды терминологиялық сөздіктер түзуде пайдалану белгілі дәрежеде тиімді болмақ.

#### **4.5. Терминологиялық сөздіктерді түзуге терминдерді сұрыптап алудың қайнар көздері**

Терминологиялық сөздіктер түзу барысында алдымен терминдер жинақталады немесе осыған дейінгі жасалған терминологиялық сөздіктер негізге алынып, ол жаңа терминдер ретімен толықтырылып, өзгертіліп, қайта басып шығарылады. Қалай болмасын, терминологиялық сөздіктерде қамтылатын терминдер сол ғылым саласына қатысты ғылыми еңбектер мен материалдарға сүйенеді. Сондықтан мұндай қайнар көздер мен оларды пайдалану қажеттігін, олардың терминологиялық сөздіктерді құрастырудағы маңызын талдап көрсету - қазіргі қазақ терминографиясындағы маңызды мәселелердің бірі.

Терминологиялық сөздіктерге қажетті терминдерді сұрыптап алып, олардың сөзтізбесін жасап шығу терминологиялық сөздіктерді құрастырудың алғашқы сатысы болып табылады. Терминдерді сұрыптау, олардың сөзтізбесін жасамас бұрын алдымен мынандай мәселелерді анықтап алуға тура келеді. Мұндай мәселелердің қатарына:

- терминологиялық сөздіктің жоспарланған көлемі;
- сөздікте қамтылуға тиісті терминдердің тақырыпты аясы;
- терминологиялық сөздіктің негізгі мақсаты мен қолданылу аудиториясы;
- сөздікте қамтылатын терминдердің орташа саны;
- сөздікте терминдерді сұрыптап алатын қайнар көздер, олардың түрлері;
- сөздікте терминдерді беру үшін қолданылатын шартты белгілер мен таңбалар, микроқұрылым жүйесі жатады.

Аталған мәселелердің барлығы да терминдерді сұрыптау барысында негізге алынуға тиісті. Бұлардың барлығы да бір бірімен тығыз байланысты екендігін де түсіну керек. Алайда, әр мәселенің ескерілуі үшін сөздік құрастыру ісін жеңілден күрделіге қарай жасау қажет. Көрсетілген мәселелердің ескерілуі және терминологиялық сөздіктің белгіленген сатылар бойынша жүзеге асыру - терминологиялық сөздіктің сапалы, жүйелі болуына, онда қамтылатын терминдердің қайталанбауына, бірізді берілуіне ықпал етеді. Мұндай талаптарға жауап беру – терминологиялық сөздіктерге қойылатын ерекше талап.

Сондықтан терминологиялық сөздікті жасау барысында алдымен оның мақсаты мен атқаратын қызметіне

байланысты орташа көлемі жоспарланып, соған сәйкес қамтылатын терминдерінің түрлері мен саны бағдарлануы тиіс.

Бұдан кейінгі кезектегі ең басты әрекет - терминдерді ішкі салаларға, тақырыптарға қарай жүйелеп отырып, сөзтізбесін жасау. Бұлай істеу ғылым саласындағы ішкі салаларға сүйене отырып, негізгі терминдерді жинақтап алуға мүмкіндік береді. Терминдердің жалпы сөзтізбесін жасау барысында маңыздысы - терминдерді алатын, негіз етіп сүйенетін қайнар көздер, нақтырақ айтқанда, ғылым саласындағы басты-басты ғылыми әдебиеттер, соған дейінгі шыққан сөздіктер, оқулықтар мен құралдар қажет. Мұндай қайнар көздерге сүйенбей терминологиялық жүйеге тән басты терминдерді қамтып беру тағы мүмкін емес. Сондықтан терминологиялық сөздіктерді құрастырудың алғашқы сатысындағы аталған мәселелердің ішіндегі ең бастысы да, маңыздысы да - терминдерді алатын қайнар көздерді анықтап алу, олардың сапасына, мән беру болып табылады. Сөздік түзу ісінде бұл сияқты негізге алатын қайнар көздер олардан терминдерді алу үшін ғана емес, терминдерді талдап, терминологиялық сөздіктің сапасын жақсартатын дұрыс нұсқасын беру, кемшіліктерін анықтау, жарыспалы баламалардан арылу үшін де қажет. Сондықтан терминологиялық сөздіктер түзуде белгілі бір әдебиеттерді негізге алу көшіру үшін ғана керек емес. Өкінішке орай, көптеген сөздіктердің көшірме нұсқа түрінде шығып жатқаны да қазіргі терминографиялық еңбектерге тән ерекшелік. Сондықтан терминологиялық сөздіктің көлемі шамамен болса да айқын болғаннан кейінгі басты мәселе - негізге алынатын қайнар көздерді сұрыптап алу ісі. Біріншіден, оларды сұрыптауда ғылыми әдебиеттер

мен еңбектерді сөздіктердің сапасы, қолдау тәжірибесінде айқындалған жетістіктері мен кемшіліктері айқындалу керек. Екіншіден, терминологиялық сөздіктің көлеміне, қамтитын салалары мен соған сәйкес терминдерінің санына қарай негізге алынатын қайнар көздердің саны да әр түрлі - аз немесе көп болуы мүмкін. Сонымен, терминологиялық сөздіктерді түзуде негізге алатын қайнар көздерге нелер жатады? Орыс терминографиясындағы маңызды монографиялардың бірі С.В. Гриневтың еңбегіне сүйенсек, орыс терминографиясында мұндай қайнар көздерді түрлерге жіктеп көрсетуге ұмтылған еңбектер де бар екен<sup>1</sup>. С.В. Гриневтың еңбегінде көрсетілгендей, бір еңбектерде терминологиялық сөздіктерді түзуде терминдерді алуға болатын еңбектердің үш түрі көрсетілсе, енді бірінде 9 түрі, ал терминографиямен айналысушы ғалымдардың бірі А.С. Герд 10 түрін көрсетеді. Мысалы, батыс терминографиясында сөздіктер түзуге қажетті әдебиеттердің мынадай үш түрін көрсеткен: а) терминологиялық арнайы басылымдар; ә) оқулықтар, салалық энциклопедиялар, анықтама әдебиеттер, ғылыми мақалалар; б) ғылыми өдебиеттер. Сондай-ақ, осы көрсетілген әдебиеттердің үшінші түріне жататын еңбектердің қатарында " салалық ұғымдардың тізбесі" сияқты басылымдар да көрсетіледі. Демек, батыс тіл білімінде арнайы ғылыми ұғымдардың тізбесін беретін осындай басылым түрлері бар деген сөз. Қазақ тіл біліміндегі қазіргі бар еңбектер мен әдебиеттерді талдай келіп, терминологиялық еңбектерді

<sup>1</sup> Гринев С.В. Введение в терминографию. 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995 С.67.

түзуде негізге алуға болатын әдебиеттердің мынандай түрлерін көрсетуді жөн көрдік 1) терминологиялық басылымдар; 2) терминологиялық сөздік түрлері; 3) ғылыми еңбектер мен ғылыми мақалалар; 4) оқулықтар мен оқу құралдары, әр түрлі анықтамалық басылымдар.

1) Терминологиялық басылымдарға кезінде шығарылған "Терминологиялық бюллетень", қазір шығарылып жатқан <sup>1</sup> "Терминологиялық хабаршы" сияқты еңбектер мен терминдерді талдауға қатысты сын мақалалар және терминология саласына қатысты жазылған ғылыми еңбектер жатады. Бір сөзбен айтқанда, терминологиялық басылымдар деп көрсеткен орынды деп есептейміз. Алайда, бұлардың қатарына терминологиялық сөздіктерді жатқызған жоқпыз. Себебі, терминологиялық сөздіктерді түзу барысында терминологиялық сөздіктерді негізге алудың орны ерекше. Оның маңыздылығын бірнеше себептермен дәлелдеп көрсетуге болады. Бұл мәселеге төменде өз кезегінде тоқталатын боламыз.

Сондай-ақ, "Терминком" тарапынан шығарылып жатқан басылымдарды негізге алудың міндетті екендігін айрықша көрсеткен дұрыс. Терминологиялық сөздіктерді түзуде қазіргі "Терминологиялық хабаршы" сияқты басылымдар негізге алынуға тиісті әдебиеттердің қатарына жатуы керек. Өйткені "Терминком" бекіткен терминдердің сөздіктерде сол күйінде көрініс таппай, жарыспалы терминдердің қолданылып жатуы қазіргі ұлттық терминологиядағы басты кемшілік екендігі жасырын емес. Қазіргі "Терминком" тарапынан істеліп жатқан жұмыстар мен қазақ терминографиясының арасында толық қарама-

қайшылық орын алуда десе де болады. Бұған соншалық дәлел іздеп жатудың қажеті шамалы. Тек терминологиялық комиссия бекіткен терминдердің терминологиялық сөздіктерден көрініс таппай жатқандығын, әр сөздікте бір ғана терминнің әр түрлі нұсқаларының кездесетіндігін айтсақ та түсінікті. Былайша айтқанда, терминком бекіткенімен, терминдерді қолдануда негізге алынатын басты құрал болып есептелетін терминологиялық сөздіктерде сол бекітілген терминдердің қамтылмай жатуын қалай түсінуге болады?! Бұл сөзсіз терминологияны реттеудегі жүйесіздік жөнінде түсінік қалыптастырады. Оның өзіндік себептеріне үңіліп көруге болады.

Оның себебі терминологиялық комиссияның терминологиялық сөздіктерді де қадағалап, олардың басылып шығуына рұқсат беретін, терминологиялық сөздіктердің шығуын қадағалап отыратын мәртебесінің болмай отыруымен де байланысты. Ал шын мәнінде, "Терминологиялық комиссия" терминдерді бекітумен айналысатын мекеме болса, онда оның терминдерді реттеумен, бірізге түсірумен айналысатын, терминдерді қолдануда басшылыққа алынатын негізгі құрал терминологиялық сөздіктердің де басып шығарылуын қадағалайтын, олардың мазмұны мен ондағы терминдердің сапасын талдай алатын мүмкіндігі болуы қажет. Демек, бір сөзбен айтқанда, "Терминком" тек терминдердің бірізділігін ғана емес, терминографиялық жұмыстарды да қадағалап отыратын мүмкіндігі үлкен, заңдық құқығы бар мекеме болуы керек. Ал соған сәйкес терминологиялық сөздіктерді түзуде "Терминком" тарапынан шығарылып жатқан басылымдардың негізге алынуы керектігі жүзеге

асырылуы тиісті, орындалуы міндетті, белгілі бір жүйеге бағытталған әрекет екендігі күмән туғызбайды.

Екінші себеп - елдегі жалпы "сөздік" туралы, оның ішінде әсіресе терминологиялық сөздік" туралы дұрыс түсініктің қалыптаспай отырғандығымен де байланысты. Терминологиялық сөздіктер әр ғалымның, әр терминологиялық сөздік жасаушы автордың термин жасаудағы шығармашылық қабілетін сынайтын "шығармашылық лаборатория" болмауы керек. Лексикографиялық сөздік болсын, терминографиялық сөздік болсын "сөздік" атын иемденіп жарыққа шыққаннан кейін міндетті түрде қолданылуы керек. Бұл - бір. Екіншіден, кемшілігі бар, құрамындағы терминдерінің қалыптасқандығына сенім болмаған, жарыспалы терминдердің пайда болуына себепкер болатын, "терминологиялық сөздік бола алмайтын" жұмыстар "сөздік" атын иемденіп басылып шықпауы керек.

2) Терминологиялық сөздіктер түзуге қажетті қайнар көздердің екінші түріне - терминологиялық сөздіктер жатады. Алдыңғы шығарылған терминологиялық сөздіктерді ескерудің маңызды екендігін жоғарыда айтып өттік. Оның өзіндік себептері де жоқ емес.

Біріншіден, алдыңғы сөздіктердегі кемшіліктерді айқындап, ондағы қателіктерді түзіліп отырған сөздікте болдырмау керек.

Екіншіден, түзіліп отырған терминологиялық сөздік алдыңғы терминологиялық сөздіктен өзіндік айырмашылығы, соған сәйкес мақсаты мен міндеті болуы керек. Олай болмаған жағдайда, терминологиялық сөздікті қайта түзіп, басып шығарудың қажеті де болмауы керек. Ондай айырмашылықтың қатарына – кемшіліктердің жойылуы, жаңа



сөздіктің жаңа пайда болған терминдер қорымен баюы, терминдерді алдыңғы сөздікке қарағанда бірізге түсіруі және т.б. жатады.

3) Ғылым саласына қатысты негізгі, сапалы болып есептелетін ғылыми еңбектер мен ғылыми мақалалар. Жаңа пайда болған терминдерді қамту үшін және ғылыми ұғым жөніндегі жан-жақты мәлімет алу үшін ғылыми еңбектерге сүйенудің өзіндік тиімді жақтары бар. Ғылыми еңбектер сондай-ақ, белгілі бір ғылым саласына қатысты сәтсіз терминдердің сәтті баламасын іздеу үшін де қажет. Алайда, бұл жағдайдың өзінде де таңдалып алынған терминдердің қалыптасқандығына көз жеткізу, оған білікті маман ретінде талдау жасау - маңызды шарт. Бұл тұрғыдан, ғылыми еңбектерге мән беру тек жаңа терминдерді алу үшін ғана емес, сәтсіз терминдерді де талдап, жарыспалы қолданыста жүрген термин нұсқаларының анағұрлым қалыптасқан тұлғаларын таңдап алу үшін де қажет.

Сондай-ақ, ғылыми жүйенің бейнесін толық, жүйелі етіп беру үшін ғылыми еңбектерге сүйенудің өзіндік қажеттілігі бар.

4) Оқулықтар мен оқу құралдары, әр түрлі салалық анықтамалық басылымдар, салалық энциклопедиялар, т.б. еңбектердің де терминологиялық түзуде қолданылуы артық болмайды. Аталған еңбектер де терминологиялық жүйе туралы түсінік беру үшін көмекші құрал бола алады. Алайда, энциклопедиялық, анықтамалық құралдардан терминдерді термин емес кәсіби сөздерден ажыратып алуға тура келеді.

көрсетілген еңбектерді терминологиялық сөздіктерді түзуде негізге алу терминологиялық сөздіктің сапасына әсер ететін, оның басылып шығу қажеттілігі мен қажетсіздігін айқындайтын басты фактор болып табылады.

#### **4.6 Терминологиялық сөздіктер, оларды оқыту барысында пайдалану**

Терминологиялық сөздіктер - құрамына қарай әр салаға қатысты терминдерді жинақтап, жүйелеп беруге ұмтылатын құрал. Сондықтан онда терминдер туралы мәліметтер нақты әрі сол ғылым саласындағы дефинициясына сәйкес берілуі тиісті. Былайша, терминологиялық сөздіктер арнайы бір ғылым саласына қатысты терминдерді барынша жинақтап, қамтып беруге тырысатын анықтағыш қызметін атқарады. Сондықтан да оның жүгі ауыр болуы, әрі терминологиялық сөздікті шығару барысында мамандардан үлкен сапа, сапаның жоғарғы деңгейде болуын қамтамасыз ете алатындай жауапкершілік талап етілуі қажет. Сөздік шығару, оның ішінде, терминологиялық сөздік шығару ісі соңғы кездердегі тілдегі белең алып отырған түсініктер сияқты жеңіл шара болмауы тиіс. Қазіргі кезде терминологиялық сөздіктер шығара салу, салыстырмалы түрде айтқанда, салалық мамандар үшін жеңіл орындалатын іс болып есептеліп, бұл түсінік үрдіске айналған, сондай-ақ, терминологиялық сөздіктер шығару жеке авторлардың, ғалымдардың ғылыми еңбектерінің санын көбейту тәсілінің бірі де болып жүр. Оған дәлел – соңғы кезде әркімнің өз терминін ұсынып, өз

түсінігіндегі жүйесін қамтып беретін, саны бар, сапасы сөздік талаптарына жауап бере алмай, терминдерді бірізге, жүйелі қолданысқа, нормаға түсіруге қызмет ете алмай отырған терминологиялық сөздіктер реті.

Терминологиялық сөздіктердің құрамындағы терминдерді оны пайдаланушы оқырман қалыптасқан тілдік бірлік ретінде қабылдайтындай, мағынасы мен ұғымдық дефинициясын сөздікте қалай берілсе, солай пайдаланатындай қызмет атқаруы тиісті. Сөздік болған соң сол сөздікте берілген терминдік нұсқаны көпшілік қауымнан, ғалымдардан, оқытушылар мен мұғалімдерден, журналистерден, жазушылардан тұратын жалпы қоғам талап ете алатындай болуы тиісті. Сонда ғана "сөздік" деп айдар тағып, атау берген еңбек өз атына сай, сапалы еңбек ретінде қолданыс тауып, терминдер қолданысының жүйелілігін, реттілігін бірізділігін қамтамасыз еткен болар еді. Бұл – екінші жағынан, терминологиялық сөздіктерге терминография саласының принциптері тұрғысынан қойылатын басты талаптардың бірі болып есептеледі. Өкінішке орай, қазіргі терминологиялық сөздіктер бұл талаптарға жауап бере алмай отыр. Ал, ондай түрлерін, әсіресе, шарттылығы басымдау келетін терминдерді қамтитын терминологиялық сөздіктерді сөздік қатарына жатқызу да қиынырақ. Дегенмен, терминологиялық еңбектердің ерекшеліктері мен оған қойылатын талаптар өз алдына жеке, кеңінен талдауды қажет етеді. Бұл мәселе жөнінде өз алдына сөз қозғалады.

Осы терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптармен байланысты ендігі мәселе - аталған терминографиялық талаптардың іске асуы, сөздіктердегі терминдердің

Қолданылуы жөнінде. Яғни, терминологиялық сөздіктердің пайдаланылуы, олардың қолданыс аясы жөнінде. Өйткені, сөздіктің сапалануы олардың қолданысына, пайдаланылу деңгейіне де байланысты.

Осыған қатысты қазіргі терминологиялық сөздіктер практикалық жақтан қолданыс таба ма? Қолданыс тапса, олар қандай жағдайларда, кімдер тарапынан қолданыс тауып жүр? Терминологиялық сөздіктердің сөздік ретінде қолданылу дәрежесі, қолданылу жиілігі қандай? деген сияқты сауалдардың туындайтындығы анық. Терминологиялық сөздіктердің пайдаланылу ерекшеліктерін айқындау үшін осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Терминологиялық сөздіктерді, біріншіден, практикада ғылыми көпшілік қауым жиі пайдаланбады. Тіпті, шыққан терминологиялық сөздіктер мүлдем пайдаланылмайды деуге долады. Бұл пікірлерді нақты дәйектермен дәлелдеп жатудың өзі артық. Терминдерді қолдану барысында олар терминологиялық сөздіктерге жүгінбей, қарамай, жазуда да, айтуда да өз білгенімізше бір терминді әрқайсысымыз әртүрлі қолданатындығымыз да рас. Соның салдарынан жарыспалы терминдердің пайда болып, дұрыс терминдердің қалыптаспай, сынға ұшырап жататындығы купия емес. Екінші жағынан, шыққан терминологиялық сөздік өз қызметін атқармай, қолданыс таппай, тек аты бар заты жоқ, саны бар, сапасы жоқ еңбек ретінде шаң басып қоғамға пайда әкелмейін дүние болып қала беретіндігі бар. Бір пайдалы болса, тек авторлығымен шыққан ғалымдардың, жеке тұлғалардың жеке есебі үшін ғана пайдаға асуы мүмкін. Бұл - кейбіреулердің намыстарына тиіп жатса да ащы шындық. Үшіншіден, жоғарыда да айтып

кеткендей, терминологиялық сөздіктердің бұлай қолданылмауының себебі - олардың сапасыма байланысты. Сапасыз дүниенің қажеттілікке ие болмайтындығы заңдылық.

Сондықтан терминологиялық сөздіктерді де, ондағы қолданысқа қажетті терминдерді де бірізге түсірудің жолы - терминологиялық сөздіктерді түрлі орындарда, түрлі мақсаттарға сай пайдалану болып табылады. Бұл бір жағынан, терминдерді сұрыптауға ықпал етеді, екіншіден терминологиялық сөздіктердің сапалық жағынан іріктеліп сұрыпталуына тиімді әсерін тигізеді. Яғни, сапасы жағынан төмен сөздіктер автоматты түрде қолданыстан шығып сұранысқа ие болмайды. Сонымен, қандай қажеттіліктерге қандай мақсаттарға орай терминологиялық сөздіктерді пайдалану қажет?

Ең алдымен, терминологиялық сөздіктердің жоғары оқу орындарындағы сабақтарда жиі пайдаланылуы қажет. | Өйткені, студент қауымына негізінен өздігінен ізденуге бағыт беретін тапсырмалар ретінің берілуі тиіс. Кез-келген дәріс тақырыбын өткен кезде сол тақырыпқа қатысты терминдерді сөздіктен тауып, олардың мағынасы мен мәнін термин ретіндегі дефинициясын терминологиялық сөздіктерден біліп келуге тапсырма беруге болады. Бұл арқылы студент сабақ тақырыбын ғана терең игеріп қоймай сол пәнді жақсы меңгеріп, пәнге қатысты терең, жүйелі білім алып, өзі оқып жатқан пәннің ғылыми аппаратымен жан-жақты танысқан болар еді. Мұндай тапсырмаларды тек лекция сабақтарда ғана емес, лабораториялық және практикалық сабақтарда да орындатып, студенттердің терминологиялық сөздіктерді пайдалануын жүзеге асыруға

болады. Бұл - әрі сапалы маман дайындауға, әрі терминологиядан хабары бар, ғылыми ұғымның не екендігін, оларды қолдануда терминдердің бірізділігіне жете мән беру керек екендігін сезінетін маман дайындауға ықпал етпек. Яғни, терминологиялық сөздіктермен жұмыс істеуді барлық жоғары оқу орындарында кез-келген пәнге байланысты, әр сабаққа қатысты жүзеге асырып, оқыту ісіне пайдалануға болады, Мысалы, тілге қатысты практикалық сабақтарда (қазақ, ағылшын, неміс, француз тілдері сабақтары) тіл заңдылықтарына, тіл жүйесіне байланысты қолданылған түсіндірілген терминдер туралы қосымша мәлімет алу үшін, ол терминнің дефинициясын, тіл біліміндегі орнын терең түсіну мақсатында терминологиялық сөздіктермен жұмысты үйге тапсырма ретінде беруге немесе сабақ үстінде орындатуға болады.

Екіншіден, терминологиясы үлкен өзгеріс үрдісін бастан өткеріп отырған қазақ терминологиясындағы өзгерістерді, жаңа терминдерді пайдаланып, қазақ тілінде дәріс оқитын оқытушылардың өздері де бір мезгіл терминологиялық сөздіктерге жүгіне отырып, ондағы терминдерді сұрыптап қолданып, өз лекцияларында пайдалануға болады.

Үшіншіден, практикалық сабақтарды өту барысында сабақ үстінде, аудиторияда терминологиялық сөздіктермен тікелей жұмыс істеуге, оларды талқылап, таңдап қолдануға болады.

Тақырып аясын жекелеген терминдер жиынтығына топтастыра отырып, ғылыми тән ұғымдардың әрқайсысы туралы үй тапсырмаларының берілуі, терминдердің дефинициясы туралы біле отырып, олардың қазақ тіліндегі нұсқасының қалай болуы мүмкін екендігін талдау, қазақ тіліндегі термин жобасын жасау және соған

сәйкес термин жасау ісіне дағдыландыру сияқты тапсырмалар реті тек терминологиялық сөздіктерді оқыту процесінде қолдану тұрғысынан ғана емес, екі жақты да тиімді болған болар еді. Мұндай тапсырмалар реті бір жағынан білім алушылардың оқып отырған ғылым саласы, пән туралы білім деңгейлерін жақсартса, екінші жағынан, мамандарды терминжасам үрдісіне араласуға дағдыландырған, сөйтіп салалық мамандардың арасынан терминолог, терминограф мамандарды дайындауға ықпал еткен болар еді.

Төртіншіден, жекелеген сабақтарды терминдермен жұмыс істеуге арнап, онда терминологиялық сөздіктерді қолданып, өтілген терминдердің дефинициясын, жүйесін талдап, терминдермен танысуға болады.

Бесіншіден, журналистер де мақала жазу барысында не репортаж жүргізу барысында өз материалында кездесетін, қолданатын терминдерін терминологиялық сөздіктерден көріп, олардың дұрыс нұсқасын қолданып, терминдердің қолданысындағы бірізділікті сақтауға үлес қоса алған болар еді.

Жинақтап айтсақ, терминологиялық сөздіктерді сабақ үстінде немесе сабақтан тыс пайдаланудың осындай нақты әдіс-тәсілдері бар. Терминологиялық сөздіктерді оқыту үрдісінде пайдаланудың әр түрлі мақсаттар тұрғысынан тиімді екендігіне көз жеткізу қиын емес.

## **5. ҚАЗАҚ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ**

### **5.1 Қазақ терминографиясының бастау көздері**

Қай ғылым саласының болмасын басталу, қалыптасу дәуірін анықтап, оған тиесілі алғашқы еңбектер мен ғылыми зерттеулерді көрсетіп беру - ғылым саласының тарихын зерттеудегі маңызды да қиын сұрақтардың бірі. Әсіресе, өткен ғасырдың бас кезеңіндегі әр түрлі қоғамдық-саяси оқиғалар мен ондағы түрлі өзгерістерге байланысты белгілі бір мәселе төңірегінде болжам жасап, тұжырым жасаудың өзі күрделілеу мәселе. Қазақ терминографиясы тарихының алғашқы кезеңі де осы кезеңмен байланысты болып отыр.

Қазақ, терминографиясының тарихын зерттеу барысында да бұл мәселелерге байланысты бір жақты тұжырым жасаудың оңай мәселе емес екендігіне көз жеткізуге болады. Соңғы жылдары ғана қолға алына бастаған теориялық терминографияның тарихына қатысты қалыптасып отырған жағдай, теориялық тұрғыдан терминографияны қарастырған еңбектердің болмай келгендігі өз алдына түсінікті мәселе. Ал тәжірибелік терминографияның тарихында белгілі бір еңбекті алғашқы еңбек ретінде нақты көрсетіп, кесімді пікір айту мүмкін болмай отыр. Қазақ терминографиясының жалпы тарихына қатысты алғашқы еңбек анықталған күнде де, ол тәжірибелік қазақ терминографиясы тарихының еншісіне қатысты еңбек болуы тиісті екендігі анық жайт. Қазіргі уақытқа дейін "терминография" терминінің қазақ тіл білімі үшін таныс болмай келгендігі, терминологиялық сөздіктердің осыған дейін лексикографиялық еңбектердің



тәжірибелеріне, іргелес орыс тіл біліміндегі терминологиялық сөздіктер шығару тәжірибесіне сүйене отырып жасалып келгендігінің өзі бұл тұжырымның негізділігіне дәлел бола алады.

Салалық ғылымдар мен оларға қатысты мәселелердің тарихын зерттеуде оны тарихи кезеңдердің ішкі қойнауынан арғы кезеңдерінен бастау дәстүрі де бар. Мысалы, сөздік жасау ісіне қатысты сондай еңбектердің бірі ретінде орта түркі дәуіріне тән Махмұд Қашқаридың белгіла "Диуани лұғат ат-түрк" атты сөздігі тәрізді еңбектерді негіз етіп алуға да болар еді. Бірақ, қазақ лексикографиясының болсын, терминографиясының болсын тарихын орта түркі дәуірінде шығарылған орта түркілік кезеңдегі белгілі ғалымдардың сөздіктерінен бастау біршама негізсіздеу болған болар еді. Тек түркітану саласында ғана емес, әлемдік лексикографияның қалыптасу жолында үлкен маңызға ие болып отырған еңбектердің қазақ тіл біліміне, лексикографиясы мен бүгінгі қолға алынып отырған терминографиясына қатысы барлығын жоққа шығаруға да болмас. Ол еңбектердің екінші жағынан, қазақ тіл білімінің де жалпы тарихына қатыстылығын, қазақ тілі мен оны зерттейтін ғылымның адамзат өркениетінің даму қалыптасу тарихындағы орнын көрсетіп беру тұрғысынан аса қажет екендігін жасыра алмаймыз. Сол кезеңдегі тілдерінің бір бұтағы болып есептелетін қазақ тілінің, оның ішінде қазақ лексикографиясы мен терминографиясының тарихында аталған араб ғалымдары мен түрік ғалымдары құрастырған орта түркі тілдік материалдары негізіндегі белгілі еңбектердің, оның ішінде, Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрк" атты сөздігінің өзіндік орны бар

екендігі анық. Бұл еңбектер тарихи маңызы тұрғысынан бағаланғаны орынды.

Бұл еңбектер жөнінде белгілі түркітанушы ғалым Кеңесбай Мұсаев та өз еңбегінде сөз ете келіп, тек "Диуани лұғат ат-түрк" сөздігі ғана емес, сол кезеңдегі өзге де "Қорқыт Ата" кітабы, "Кодекс Куманикус" сияқты белгілі еңбектерде қоғамдық-саяси терминдердің, әскер ісі, өнер, әдебиет, металлургия, философия сияқты т.б. салалық терминдердің болғандығын, қазіргі түркі тілдеріндегі терминдердің қалыптасуы осы еңбектердегі лексикалық бірліктерден бастау алатындығын жоққа шығармайды. Ғалым өз кезегінде осы еңбектердің сөздік ретіндегі қазіргі тіл біліміндегі, терминографиядағы орнына былай деп баға береді: "Кейбір көне сөздіктер, мысалы, Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрк" атты түркі сөздігі (XI ғ.), "Кодекс Куманикус" (XIII ғ.) сөздігі және т.б. еңбектер қазіргі түркі халықтарының ешбірінің тілімен сәйкес келмейді. Олар түркі халықтары тілдерінің жіктелу кезеңінің көрінісі, сондықтан олар қазіргі түркі тілдеріндегі терминдердің дамуында соншалық маңызды қызмет атқармайды. Олар тек тарихи сипатқа ие"<sup>1</sup>.

Бұл пікірдің негізінде аталған сөздіктердің қазіргі қазақ терминографиясындағы да орнын тарихи маңыздылығы тұрғысынан атап өтудің жөн екендігін нақтылай түсеміз. Сол себепті қазақ тілі жеке сөйлеу тілі, ұлт тілі ретінде қалыптасқан кезеңнен бері қолға алынып келе жатқан қазақ тіл біліміне әлемдік лексикография тарихында жоғары бағаланып

*1 Мусаев К.М. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М.: Наука, 1986 - С. 6-178.*

отырған бұл еңбектердің жанама ғана қатысы барлығын ескерсек, оларды жаңа қолға алынып отырған қазақ терминографиясын есептемегенде, жалпы қазақ лексикографиясының тарихындағы алғашқы еңбектер ретінде танып, бұл салалардың даму тарихын сол кезеңнен бастау - ғылымда негізсіздеу мәселе.

Тіпті, қазақ лексикографиясындағы сөздіктер тарихын зерттеуші ғалым М. Малбақовтың зерттеу еңбегінде көрсетілген ХІХ ғасырдың соңында шығарыла бастаған сөздіктерін қазақ лексикографиясы болмаса, қазақ терминографиясы тарихының бастауы етіп көрсету қисынға келе қоймайды<sup>1</sup>. Бұл тұстағы сөздіктер жекелеген кірме сөздерді қамтығаны болмаса, сол кезде "пән сөздері" аталған салалық ғылыми ұғымдарды беруді арнайы мақсат етпеген. Алғашқы лексикографиялық сөздіктерге жататын бұл еңбектер жарыққа басылып шыққан тұста тіліміздегі салалық ғылыми ұғымдарды қалыптастырып, жүйелеу ісі де мақсатты түрде қолға алына қоймаған еді. Сондықтан лексикографиялық сөздіктер бола тұрса да, олардан терминографияға тән белгілер мен терминдерді беруші қызметтерді таба қоймаймыз.

Терминологиялық сөздіктер тарихын сөз еткен кейбір еңбектерде 1931 жылы Қызылорда қаласынан басылып шыққан "Атаулар сөздігін" алғашқы терминологиялық сөздік ретінде көрсетеді. Осы пікір қазақ тіл білімінде кеңінен таралып, қазірге дейін сақталып отыр<sup>2</sup>. "Атаулар сөздігі" қазақ терминографиясының тарихындағы алғашқы

<sup>1</sup> Малбақов М. *Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері.* - Алматы: Ғылым, 2002 6-8-б.

<sup>2</sup> *Атаулар сөздігі.* - Қызылорда, 1931.

терминологиялық сөздіктердің бірі болып есептелетіндігі және оның терминологиялық сөздіктер жасау тәжірибесін байыта түсуде өзіндік маңызды орны бар екендігі анық және оны жоққа шығаруға тиісті емеспіз. Тәжірибелік қазақ терминографиясының тарихындағы бұл еңбектің маңызы мен өзіндік орны бөлек. Тек нақты терминдерді беруді мақсат еткен сөздіктер тұрғысынан келсек, бұл орайда "Атаулар сөздігіне" дейін де өзге сөздіктердің баспадан жарық көргендігін ескерсек, терминологиялық сөздіктер жасау ісінің басын 1931 жылдан бастап қарастыру, "Атаулар сөздігін» қазақ терминографиясындағы бірінші сөздік етіп көрсету орынсыз болған болар еді. Мысалы, сондай сөздіктердің қатарына Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Тілдерді дамыту департаментінің тапсырысы бойынша жинақталып, латын әліпбиінен қазіргі әліпбиімізге көшіріліп, қайтадан басып шығарылған, кезінде 1927 жылы жарық көрген Қаратышқановтың "Пән сөздері" атты сөздігін жатқызуға болады, Ең алдымен бұл сөздік уақыттық жағынан да "Атаулар сөздігінен" бұрынырақ шыққан сөздік болып есептеледі, әрі көздеген мақсаты тұрғысынан да аты айтып тұрғандай, сол кезеңде "пән сөздері" деп аталған терминдерді жүйелеп беруді көздеген сөздік-еңбектердің бірі. Қаратышқанов құрастырған аталған "Пән сөздері" атты сөздік - сол кезеңде шығарылған сөздіктердің ішіндегі тарихи мұрағаттардан бізге жетіп, белгілі болып отырған сөздіктердің бірі ғана екендігін ескеруіміз керек. Бұндай тарихи дәйек 1931 жылы шығарылған "Атаулар сөздігіне"

*1 Пән сөздері. Құрастырған: Н. Қаратышқанов. - Қызылорда, 1927.*

дейін де ғылыми ұғымдарды беруді, оларды реттеуді мақсат еткен сөздіктер жарық көрген деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Белгілі ғалымдар Ә. Қайдаров пен Ө. Айтбаевтың қазақ терминтану ғылымының тарихын сөз еткен мақалаларынан мынандай мәліметтерді кездестіруге болады: " Қазақ терминологиясының мәселесі ең алғаш рет 1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өткен ғылыми қызметкерлердің республикалық I съезінде кеңінен сөз болған. Мұндағы салиқалы әңгімелер термин жасау ісіндегі кейбір принципті мәселелерді күн тәртібіне шығарып пікір түйіндеуге мүмкіндік берген сиякті"<sup>1</sup>. Біздіңше, терминология мәселелері осы кезеңнен-ақ қазақ даласында ауқымды түрде қарастырыла бастаса, онда бұдан кейінгі кезеңде және оған дейінгі аралықта терминдерді реттеу, қалыптастыру, жүйелеу мәселелерінің сөз болмауы, бұл істерді жүзеге асыруда үлкен қызмет атқаратын терминологиялық сөздіктер мен осы мәселеге арналған еңбектердің жарық көрмеуі мүмкін емес.

Сондықтан жалпы терминдер қалыптастыру ісі, терминологиялық сөздіктер жасау ісі Кеңес дәуірі тұсында 1930 жылдан бастап ауқымды түрде қолға алына бастағанына қарамастан, оған дейін де жарық көрген еңбектерді, оның ішінде терминологиялық сөздіктерді қарастырмай өту, олардың терминографиялық еңбектердің қалыптасуындағы, терминологияның дамуындағы орнын атамай кету жөн емес.

<sup>1</sup> Қайдаров Ә., Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының даму тарихы, қазіргі жағдайы және міндеттер // Қазақ терминологиясының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1986. - Б. 9-30

Ғалым К. Мұсаев Кеңес республикалары халықтарының тіліндегі терминологияның дамуын зерттеген еңбегінде терминологиялық сөздіктер мәселелерін қарастыра келіп, Қазақстандағы алғашқы терминологиялық сөздіктің шығуын 1936-1937 жылмен байланыстырады<sup>1</sup>. Жинақ ретінде осы атпен шығарылған екінші еңбекте қазақ терминологиясының дамуына арналған мақалаларында Ә. Қайдаров пен Ө. Әбдірахманов: "Терминологиялық сөздіктер Қазақстанда 1935 жылдан шығарыла бастады", - деп көрсетеді<sup>2</sup>. Біздіңше, ғалымдар кеңес мемлекетіндегі терминологиялық сөздіктердің шығарылуын негізге алған сияқты. Бүгінгі күн талабынан қарастырсақ, 1935 жылдан бергі кезеңнің қазақ терминологиясы мен терминографиясының даму тарихында алғашқы кезең бола алмайтындығы анық және бұл тұжырыммен жоғарыда аты аталған белді ғалымдардың келісетіндігіне сенім мол.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары аралығында шығарылған терминологиялық сөздіктер қазақ терминографиясының тарихындағы алғашқы сөздіктер ретінде бағалап, қазақ терминографиясының қалыптасуындағы олардың өзіндік маңызды орны бар екендігін айтып өту керек.

Олардың ішіндегі белгілі бір сөздікті қазақ терминографиясындағы бірінші сөздік ретінде нақты белгілеп, көрсетіп беру де қиынға соғып отырғандығы - қазақ терминографиясының тарихын талдаудағы күрделі мәселелердің бірі.

*1 Мусаев К.М. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М.: Наука, 1986. С. 6-178.*

*2 Кайдаров А. , Абдрахманов А. Казахская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. - М.: Наука, 1987. - С. 39.*

Ең бастысы, аталған жұмыстардың терминдерді қалыптастырып, дамытудың алғашқы кезеңінде терминдерді жеткізу, қалыптастыру, реттеу, бірізге түсіру сияқты қазіргі "терминография" деп атап жүрген салаға тән жұмыстарды жүзеге асырғанын, қазақ терминографиясы тарихының алғашқы кезеңіндегі еңбектер бола алып отырғанын, өз кезеңінде әр түрлі дәрежеде терминографияның маңызды қызметтерін орындағанын айтпай өтуге болмайды.

Ал терминография ұғымының тек терминологиялық сөздіктермен шектелмейтіндігін, терминологиялық сөздіктер - оның негізгі зерттеу нысандарының бірі ғана екендігін, терминографияның терминдерді реттеп жүйелеуші жұмыстармен байланысты мәселелердің барлығын қамтитындығын ескерсек, терминография тарихының бастау көздерін алғашқы басылып шыққан терминографиялық сөздікпен шектеу де дұрыс болмайды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында маңызды қызмет атқарған журналдар мен газеттердің шыға бастағаны бүгінгі тарих үшін жаңалық емес. Жаңа ғылыми ұғымды білдіретін сөздер мен соған байланысты тілімізге ене бастаған кірме сөздердің қазақ тілінде қалыптасып, көпшілікке түсінікті сөздер ретінде таралуына осы баспасөз басылымдарының қызметі ерекше болғандығы да түсінікті. Сондықтан бұл мерзімдік басылымдардың да қандай жағдайда болмасын терминдердің қалыптасуына ықпал еткен, терминографиялық жұмыстарды іске асырған еңбектер ретіндегі қазақ терминографиясының тарихындағы орнын тағы атап өтпей кете алмаймыз. Осы кезеңдегі бәріміз тілге тиек етіп жүрген

"Түркістан уалаяты", "Дала уалаяты", "Қазақ", "Сарыарқа" газеттері мен "Айқап" сынды журналдар кезінде белгілі дәрежеде терминографиялық еңбектердің қызметін атқарғандығын айтуымыз керек. Бұл - уақыт қажеттілігінен туындап, қалыптасқан жағдай, терминография тарихындағы шындық. Мән беріп қарасақ, бұқаралық ақпарат құралдары әсіресе, баспасөз басылымдары қай кезеңде де терминдерді бірізге түсіріп, қалыптастыру ісінде маңызды жұмыс атқарып келеді. Бұл қазіргі қазақ терминологиясы мен терминографиясында да солай болып отыр. Аталған мерзімдік басылымдар терминологиялық сөздік ретінде қызмет атқармаса да, терминдерді жүйелеп, реттеп, қалыптастыруға қызмет еткен жұмыстар ретінде бағаланып, қазақ терминографиясының тарихынан орын алуға тиісті. Сондықтан қазақ терминографиясы тарихының басын ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басындағы баспасөз басылымдарынан бастаудың негізі бар деп есептейміз.

Жаңа терминдердің берілуінде оқулықтар мен оқу құралдарының да терминографиядағы орнын ұмытпаған дұрыс. Х Х ғасырдың 20-30 жылдарындағы оқулықтар қазақ терминографиясы тарихының алғашқы кезеңінде терминдерді жасау, енгізу, реттеу, қолданыста орнықтыру жұмыстарын жүзеге асыруда маңызды қызмет атқарды. Әрине, оқулықтар терминдерді реттеу, жүйелеу ісінде негізгі еңбек болып есептелмейді. Ғылыми тұрғыдан, оқулықтарда да терминографиялық еңбектерге тән реттеуші, қалыптастырушы, жүйелеуші қызметтің белгілері бар екендігін, сондықтан олардың да терминографияның жанама зерттеу нысандарының бірі бола алатындығын айтып өту керекпіз.



Бұл қазіргі терминография ғылымында да солай болуы тиісті. Оқулықтар - терминдерді салалық ғылыми жүйеге сәйкес реттеп көрсететін, әрі оларды нақты ғылыми мәтін ішінде қолдана отырып сұрыптайтын терминографиялық еңбек. Ал, көптеген жаңа терминдер қалыптасып жатқан 20-30 жылдардың кезеңінде жарық көрген оқулық еңбектер ол терминдердің қолданысқа еніп, қалыптасуы, жарамсыз терминдердің сұрыпталып, реттелуі үшін үлкен терминографиялық еңбектерге тән қызметтерді атқарғандығын мойындауымыз керек. Мұндай оқулықтардың қатарына М. Дулатовтың "Есеп құралын" (Орынбор, 1918), К. Жәленовтың "Есеп тану" (Ташкент, 1923), Ж. Күдериннің "Өсімдіктану" (Қызылорда, 1927), С. Қожановтың "Есептану құралы" (Ташкент, 1924) сияқты т.б. еңбектерді атап, оларды алғашқы кезеңдегі терминографияның бірқатар қызметтерін атқарған жұмыстар ретінде тануға толық негіз бар.

Жинақтай келгенде, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан 1930 жылға дейінгі аралықты қазақ терминографиясының тарихындағы бірінші кезең ретінде топтастырып, оның ішінде 1920-1930 жылдарды қазақ терминографиясындағы алғашқы терминологиялық сөздіктердің шығарыла бастау кезеңі деп қарастырған жөн деп білеміз. Қазақ терминографиясының алғашқы кезеңінде терминографиялық еңбектердің қызметін баспасөз басылымдары, терминологиялық сөздіктер, оқулықтар атқарған деген қорытынды жасаған орынды деген ойдамыз.

## 5.2. "Атаулар сөздігінің" құрылымдық ерекшеліктері

XX ғасыр басындағы терминография саласындағы алғашқы еңбектердің бірі - 1931 жылы Қызылорда қаласынан басылып шыққан "Атаулар сөздігі". "Атаулар сөздігі" сол кезеңде кеңестік қоғамның өзгерістерімен қатар енген сөздер мен атауларды, ғылым мен техника терминдерін қамтыған алғашқы терминологиялық сөздіктердің бірі болып табылады.

Терминологиялық сөздіктер бұған дейін де 1927 жылдары әр түрлі авторлардың (мысалы, Қаратышқановтың) құрастыруымен шығып тұрғандығы жөнінде деректер бар. Сонымен бірге осы уақытқа дейінгі терминдер жөніндегі мәліметтер әр түрлі баспасөз беттерінде жарияланып, бұқаралық ақпарат құралдары терминографиялық еңбектердің қызметін атқарып келген. Бұл тәжірибе қазірде пайдаланылуда. Мысалы, "Анатілі" газетінің беттерінде терминком бекіткен терминдер, аудармасына бәйге жарияланған терминдер басылуда. Бұл тұрғыдан, бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе, басылымдардың термин жөніндегі ақпараттарды беріп отыруы, оларды өз қолданыстарында бірізді пайдалану арқылы ғылыми-көпшіліктің қолданысында қалыптастыруға ықпал етуі өте орынды. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының терминографиялық-еңбектердің қызметін атқара алатындығын айғақтайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының, мерзімді басылымдардың терминографиялық еңбектердің қызметін атқара алу мүмкіндіктері мен оның маңызы өз алдына

қарастыруды қажет ететін мәселе. Бұл орайда, мерзімді басылымдардың алғашқы терминографиялық еңбектердің қызметін атқарғандығын көрсетіп өтудің реті бар.

Терминдік ұғымдар мен атаулар "Қазақ" газетінің беттерінде де кейінен жарық көріп отырғай "Айқап" , "Абай" журналдарында, "Сарыарқа" газеттерінде басылып тұрғандығы белгілі. Бұған дәлел- біріншіден, аталған газеттердің сол кезеңде қазақ ұлтының арасында үлкен беделге ие болғандығы. Сондықтан ондай газеттерде жаңалықтар ретінің бірінші кезекте басылағандығы белгілі. Екіншіден, аталған газет беттерінде термин саласының өзекті мәселелеріне қатысты ғылыми мақалалар жарияланып отырған. Үшіншіден, терминдердің газет беттерінің соңында беріліп отырғандығы жөніндегі мәліметтер ғалымдардың еңбектерінен де кездеседі.

Ал терминдер осы "Атаулар сөздігінде" жинақталып жеке сөздік ретінде басылып шыққан. Алайда, бұған дейінгі аталып өткен терминдерді. газет-журнал беттерінде жариялау тәжірибесі мен жарық көрген азды-көпті сөздіктерді жасауі тәжірибесі қазақ терминографиясында бұл сөздікке дейін де болғандығын ескеру керек. Сондықтан ол сөздіктерді жасаудағы тәжірибелер мен әдіс-тәсілдер бұл сөздікте заңды түрде ескерілуі, қолданылуы керектігін сөздікті құрастырушылар негізге алған көрінеді. Сөздіктің алғашқы терминологиялық сөздіктердің бірі болуына қарамастан, анағұрлым сапалы болып шығуы да тәжірибелерді негізге алудың нәтижесі деп білу керек. Өйткені алғашқылардың бірі болып жарық көрген терминологиялық сөздіктің бұлай сапалырақ болып шығуының өзі негізсіз емес.

Латын тілінде басылып шыққан бұл сөздік алғашқы сөздіктердің біріне жататындығына қарамастан терминологиялық сөздіктердің қызметін, терминологиялық сөздік ретінде алдына қойған мақсатын атқара алған. Сапалық жағынан ең алдымен сол кезеңдегі ғылым мен техника салаларына тән қалыптасқан жаңа атауларды (терминдерді) барынша жинақтап қамтып берген.

Екіншіден сөздік әрі ақпарат, мәлімет беру, әрі жаңа атаулардың (терминдердің) аудармасын беру мақсаттарын көздеген. Сөздіктің бұл екі мақсатты да жүзеге асыра алғандығын байқауға болады.

Үшіншіден, алдына қойған мақсатын мүмкіндігінше орындауға ұмтылған. "Атаулар сөздігінің" мақсаттары – жаңа атаулар жөнінде ғылыми қауымға көпшілікке ақпарат терминдердің аудармасын беру, термин сөздердің қолданысын бірізге түсіру.

Осы мақсаттардың сөздіктің құрылымындағы орындалу деңгейіне тоқталсақ, "Атаудар сөздігінің" терминдерді аударып беру сапасы, терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасы қазіргі терминологиялық сөздіктерден салыстырмалы түрде болса да жақсырақ екендігіне көз жеткізуге болады.

Бұл туралы сөздіктің алғы сөзін немесе кіріспе ретіндегі " бір-екі сөзін" ("Атаулар сөздігінде"- солай көрсетілген- Ә.Е.) жазушылардың өзі: "Бұл сөздікке еуропадан сегіз мыңнан аса сөз алынып, оның көпшілігі қазақ тіліне аударылды ", - деп көрсетеді. Мұны сөздіктің құрылымындағы көптеген сөздердің аудармасы нақтылай алады. Мысалы, *давление-қызу, бинокл-дүрбі, заготовка-даярлау, ряд-қатар,*

*1 Атаулар сөздігі. - Қызылорда, 1931. - 3-б.*

*транспортир - бұрыштық, изображение - кескіндеу, избиратель - сайлаушы, маска - түс перде, мастер - шебер, налог - салық, перепись - санақ, угол - бұрыш, целое - бүтін, часть - бөлім, член - мүше, т.б.*

Сондай-ақ, сөздікте кейбір терминдердің тікелей аудармасы бірден беріліп отырса, кейбір терминдер сол қалпында екінші қазақша нұсқасы берілген бағанда көрсетіліп, аудармасы қосалқы түрде жақша ішіне беріліп отырған. Сөздікті құрастырушылар көпшілік терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасы қалыптаспаса да, оларды жақша ішінде көрсету арқылы осылай аудармасымен беріп отыруға ұмтылған. Мысалы, *аванс- аванс (алдан берілетін ақша), анатомия - анатомия (тән ғылымы), архитектор -архитектор (сәулет өнерпазы), аспирин – аспирин (терлеу дәрісі), асфальт - асфальт (жылтыр тас), барометр - барометр (ауа қызуын өлшеуіш), биология- биология (тіршілік ғылымы), декан - декан (жоғарғы мектептерде оқу ісін басқарушы), диета - диета (тамақ жеу тәртібі), зоологическая - зоология (жануарлар ғылымы), иррациональный - иррациональный (1. Ақылға қарсы пікір; 2. Есепте шексіздік), т.б.*

Бұдан өзге "Атаулар сөздігінде" әрі аударылып берілген, әрі қосымша балама аудармалары жақша ішінде берілген терминдер де бар. Мысалы: *грач - ұзақ (қарғаның бір тұқымы), залог - аманат (кепіл), дезодорация – иіс қайтару (жаман иісті құрту), землечерпание - жер аршу (көз аршу, кен аршу), контрабанда - бұқпа сауда (ұрлап өткзу), классификация - топтау (топқа бөлу), периферия – шет,бұтақ (тарам), т.б.* Терминдердің алғашқы даму кезеңінде, қалыптасу кезеңінде аударышқан термин нұсқаларының

түрлі тәсілдермен бұлай берілуі заңды деп есептеу керек. Өйткені қалыптаспаған терминдерге дәл балама тауып, қалыптастыра қою термин шығармашылығының алғашқы сатысында бір деннен мүмкін бола бермейді. Терминдерді қалыптастыру да уақытты қажет ететіндігін, уақыт ағымында сұрыпталатындығын, сондықтан алғашқы сәттен-ақ сәтті аудармалар жасап, қалыптастыруға ұмтылған жөн екендігін ұмытпау керек. Бұл - термин шығармашылығында ескеруді қажет ететін басты ерекшелік, талап. Сөздікте терминдердің көрсетілген тәсілдермен берілуі жөнінде сөздікті құрастырушылар: "...Алайда негізгі алған пән сөздерімен қатар, еуропа атауларының көбіне қоршаудың ішінде түсіндіріс берілді, не болмаса қазақша сөздің бірнеше түрі көрсетілді ... (мәселен "сорок" - амал, мерзім, мұрсана деген сияқты).

Сөздікпен пайдаланушы негізгі атаулармен қатар дұдамалданға жерде (сөздің мағынасына қарай) қоршаудың ішіндегі қосалқы сөздермен де пайдалануға болады", - деген түсініктеме береді<sup>1</sup>.

Дамек, "Атаулар сөздігін" құрастырушылар жаңа ұғымдарды мүмкіндігінше аударып беріп, оның ұғымын сөздікті пайдаланушыларға, ғылыми-көпшілік қауымға түсінікті етіп жеткізу үшін жанында, жақша ішінде түсініктемесін немесе өздері айтқандай "түсіндірісін" беріп отырған. Ал аудармалардың бірқатарының, тіпті көпшілігінің сәтті екендігін де айтып өту керек. Мысалы, дезодорация - иіс қайтару (жаман иісті құрту), землечерпание - жер аршу ( көз аршу, кен аршу), контрабанда-бұқпа сауда (ұрлап өткізу) сияқты терминдердің аударма нұсқалары қазіргі

*1 Атаулар сөздігі, - Қызылорда, 1931. - 4-б.*

терминология үшін де енгізуге, ұсынуға болатын, уақыт еншісінде қолданыста қалыптаса алатын терминдер екендігін көрсетуі керек.

Қалыптасу сатысында соған қарамастан түсініктеме берулері, сөздік түзушілердің терминнің қалыптасу сатыларынан хабардар болғандығын, термин қалыптастырудың белгілі бір уақыт аралығын қажет ететіндігін түсінгендігін байқау қиын емес. Жоғарыдағы көрсетілген мысалдардағыдай, кірме терминге болсын, аударылған терминге болсын қысқаша түсініктеме беру қазақ терминографиясы үшін тиімді тәсіл деп есептеу керек. Бұл жөнінде терминологиялық сөздіктердің құрылымдық жүйесін талдағанда толығырақ қарастырылады.

Сөздіктің құрылымымен танысу; барысында терминдерді қазақша нұсқасында аударып беруге тырысқан ұмтылыс сезіліп тұрады. Яғни, бұл тек сөздік туралы емес, сол кезеңдегі терминология саласын, терминологияны қалыптастырудағы ғалымдардың ұстанған бағыттарынан да мәлімет береді. Қазақ ғалымдары сол кезеңде ғылыми атауларды мүмкіндігінше қазақ тілінде қалыптастыруға ұмтылғандығын аңғарамыз. Бұл терминологиядағы кеңінен танылған, терминология саласын дамытудағы озық елдердің ұстанатын үрдісіне сәйкес келеді. Бұған дәлел - сөздіктің құрылымындағы жоғарғы аталған аудармасы берілген терминдер мен балама аудармасы берілген терминдер.

Сөздіктің құрылымында сонымен- бірге терминдердің бірнеше аударма нұсқалары үтір арқылы берілгендері де кездеседі. Мысалы: *бюрократизм-кеңсешілдік, взрывчатое вещество-қопарылатын зат, жарылғыш зат, гармония-келістік, сәйкестік,*

генеральный-бас, ұлы,жалпы, гипотеза- болжау, жору, диктатор- әмірші, әмір иесі диктатор, Емкость-сыйымдылық, сыйым, защита- қорғаныс, пана, сая, имущество-мүлік, мал мүлік, космос-әлем, жиһан, бүтін, дүние, объект-зат, нәрсе, дүние, т.б.

Мұндай жарыспалылық тудыруы мүмкін бір терминнің бірнеше баламаларын беру терминологиялық тұрғыдан да, терминографиялық тұрғыдан да орынсыз екендігі даусыз. Дегенмен, кірме терминдердің қалыптасуының үлкен тасқыны кезеңінде мұндай аударма баламалардың беріліп, оларды терминдендіруге ұмтылудың өзі - сөздіктің үлкен жетістіктерінің бірі деп бағалаған дұрыс.

Соған қарамастан, әрі ғылым мен техниканың күнделікті тұрмыста кеңінен қолданыс табуына, әрі солақай тілдік саясаттың ықпалына орай тілімізге кірме терминдердің көптеп енген кезеңінде бұл сөздіктің құрылымында өзге тілдегі нұқасында алынған кірме терминдердің қамтылмауы мүмкін емес еді. Сондықтан "Атаулар сөздігінен" мұндай терминдерді де көптеп кездестірдік. Мысалы: *азот - азот, банкнот - банкнот, инженер - инженер, йод - йод, кадмий - кадмий, линза - линза, нафталин- нафталин, почта - почта, романс - романс, телескоп - телескоп, термометр - термометр, уран - уран, химия - химия, цилиндр-цилиндр*, т.б.

Ал сөздіктің алғы сөзінде мұндай атауларға: "Кейбір пән атаулары сол күйінде алынды. Мұның үлкен кемшілігі, кейбір еуропа атауларына қазақша мағына берілмегендік", - деп, сөздіктегі кірме терминдердің берілуін кемшілік ретінде көрсеткен баға берілген<sup>1</sup>. Бұл тағы да сөздікті *1 Атаулар сөздігі, - Қызылорда, 1931. - 4-б.*



құрастырушылардың терминдерді неғұрлым қазақшаға аударып беруге деген ұстанымдарын айғақтай түсетін пікір. Тіпті, кейбір кірмер терминдерді еш болмаса қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына икемдеп алу құбылысын да осы сөздіктегі терминдердің берілісінен байқап, ондай терминдерді кездестіре алдық. Мысалы, *метр* - *метір*, *камера* - *кәмир*, *оркестр* - *әркестр*, *аптека-аптек* сияқты атаулар оған дәлел бола алады.

"Атаулар сөздігінде" терминологиялық немесе басқа да сөздік түрлерін жасау тәжірибелерінде қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерге қатысты ерекшеліктер де қамтылған. Бұл қазіргі терминологиялық сөздіктерде қолданылмағанымен, барлық сала терминдері мен сөздерін, сөз тіркестерін жинақтап қамтыған сөздіктерде қолданылады. Айталық, "Атаулар сөздігінде" барлық ғылым салаларының терминдерін жинақтап бергендіктен, кейбір терминдердің орыс тіліндегі немесе орыс тілі арқылы қабылданған нұсқасынан кейін оның қай ғылым саласының термині екендігін көрсету мақсатында жақша ішінде сол ғылым саласының атауы қысқартылып жазылып, мәлімет ретінде көрсетілген. Мысалы, *одаренность* (психол) - дару, дары ғандық, *определение* (юрид.) - ұйғару, *параллельное построение* (литер.) қатарлап құру, *падеж* (грам.) - жн лғау, *стороны* (судеб.) - тарап, *звание* (физиол) - есінеу, *двугнездный* (ботан.) - қос ұялы, *волнение* (психол) - толқу, *қобалжу*, *алLEGRO* (муз.) - шабытты, т.б.

Мұндай сөздік мақалаға тән микроқұрылым элементі қазіргі сөздіктерде, мысалы, "Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде" пайдаланылған.

"Атаулар сөздігіндегі" ендігі ерекшеліктердің бірі - сөздіктің бір ғылым саласына арналмағандығы. Қазіргі терминографиялық еңбектерге қойылатын талаптар тұрғысынан бұл - кемшілік болып есептелетіндігі түсінікті. Өйткені, терминологиялық сөздік ғылым саласының терминдерін жүйелеп беретін басты қызметін орындай алмайды. Сондықтан терминологиялық сөздіктің мақсаты мен міндетіне қарамастан, бір ғана ғылым саласының терминдік ұғымдарын қамтуға ұмтылуы - басты шарт, негізгі талап. Демек, "Атаулар сөздігі" бұл талапты орындай алмаған. Алайда, бұл кезеңде бұлай бірнеше ғылым салаларының терминдерінің бір сөздікке жинақтап берудің өзіндік себептері жоқ емес.

Өйткені жеке ғылым салаларының терминдері толық қазақ тіліне еніп немесе қазақ тілінде қолданылып үлгермеген еді. Сондықтан әр салаға қатысты сөздік шығару бұл кезеңдегі қазақ терминографиясына мүмкін емес еді.

Алайда, "Атаулар сөздігі" - қазақ терминографиясындағы алғашқылардың бірінен саналатын еңбек болғандықтан, кемшіліксіз болуы мүмкін емес. Мұны сөздіктің "бір-екі сөзінде" құрастырушылар да: "Бұл құрастырған пән сөздерінде талай кемшіліктер бар. Өйткені әр ғылымның тарауынан өзіне жүйрік кісілер шықпай, пән сөз түзелмек емес. Әр ғылымның өз шеберлері кітап жазса, пән сөзі сол уақытта сараланып, сонда ғана көпшілікке үйлесімді болмақ. Ол тарихи шындық", - деп мойындайды.<sup>1</sup>

Сөздіктің құрылымындағы осындай негізгі кемшіліктерге тоқтала кеткен жөн. Бұл сын үшін емес, ең алдымен қазақ терминографиясының дамып, тәжірибе жинақтау үшін қажет деп түсінсек, орынды болар еді.

Біріншіден, сөздікте термин сөздерге жатпайтын тұрмыстық қолданыстағы сөздер қамтылған. Мысалы, *младенец* - бөпе, *красота* - әдемілік, *отчим* - өгей әке, *мусор* - сыпырынды, т.б.

Екіншіден, мейлі термин сөз болсын, мейлі жалпы қолданыстағы сөз болсын, олардың кейбірінің аудармалары дұрыс берілмеген. Сөздіктен осындай дұрыс аударыл маған сөздер мен терминдер кездеседі. Мысалы: *переживание* - дәурен, *настроение* - еңсе, *способность* - зеректік, т.б.

Үшіншіден, бір сөздің өзі кей тұста қайталанып беріледі:

- *взрывчатое вещество* - қопарылатын зат, жарылғыш зат;
- *взрывчатое вещество* - қопарылатын зат, жарылма зат (шытыны зат).

Бір айта кетерлігі, сөздік құрастырушылар, термин саласымен айналысушылар сол кездің өзінде-ақ, қазіргі терминологияда айтылып жүргендей, терминдерді жасау, реттеу ісіне кәсіби маман тұрғысынан келудің қажеттілігін түсіне алған. Мұны жоғарыда сөздіктің алғы сөзінен келтірілген олардың өз сөздері де дәлелдейді. Сөздікте кездесетін көрсетілген кемшіліктер әр ғылым саласының терминдерін жасаумен, реттеумен, соған сәйкес сол ғылым саласы терминдерінің терминологиялық сөздіктерін құрастырумен тілдік қабілеті бар, сол саланы білетін, білікті терминолог-мамандар айналысуы қажет екендігін көрсете түседі.

Бұл сияқты кемшіліктеріне қарамастан, "Атаулар сөздігінің" құрылымы өз кезеңінде мақсатын орындай алған терминографиялық еңбектердің бірі екендігін дәлелдей алады. Термин мәселесін қолға ала бастаған алғашқы кезеңнің өзінде-ақ, талай терминдік атауларды сәтті аударып беріп, оның қалыптасуына ықпал еткендігі, сол терминдердің көпшілігінің қазіргі ғылым салаларында қолданыс тауып жүргендігінің өзі-ақ "Атаулар сөздігінің" қазақ терминологиясы мен терминографиясының тарихындағы маңызын көрсетсе керек. Бұл әрі сол кезеңде қазақ тілінде терминдер қалыптастыру, жаңа пайда болған ұғымдарды тілге аударып алып отыру ұстанымын көздеген, "Атаулар сөздігін" құрастырушы қазақ зиялыларының да қазақ терминологиясы мен терминографиясына қосқан үлесі екендігі даусыз. Өкінішке орай, бұл тұрғыдан, сөздіктің құрылымында сөздікті құрастырушылар жөнінде ешқандай мәліметтер берілмеген.

Бір айта кетерлігі, талданып отырған "Атаулар сөздігі" 1933 жылғы одақтас республикалардағы, соның ішінде Қазақстандағы "Терминкомның" құрылуына дейін жарық көріп үлгерген. Демек, "Атаулар сөздігін" құрастырушылар термин жасаушылар, аударушылар бұл кезеңде тілдік саясат ықпалына ілініп үлгермеген деген сөз. Бұл - біріншіден, айтылып жүргендей, қазақ зиялылары тарапынан қазақша термин жасауға деген ұмтылыстың болғандығын дәлелдейді. Екіншіден, "орталық" терминология мәселесін қолға алғаннан кейін термин жасау, Қалыптастыру ісінде тілдік саясаттың болғандығына, ғалымдардың еңбектерінде сөз етіліп жүрген "тілдік саясат" қолданысы, оның тілдердің дамуына ықпал еткендігі бекер

сөз емес екендігіне, отаншылдыққа негізделген жалған ұран емес екендігіне "Атаулар сөздігі" мен одан кейінгі кезеңде шыққан терминологиялық сөздіктердің арасындағы айырмашылық нақтырақ дәлел бола алады.

Терминография тарихындағы "Атаулар сөздігінің" өзіндік орнын орынды бағалай отырып, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерді терминография теориясында болсын, тәжірибелік терминографияның көрінісі - терминологиялық сөздіктер жасау ісінде болсын ескеру керек. Кез-келген терминографиялық еңбектегі кемшіліктердің айқындалуы терминдерді реттейтін терминографиялық жұмыстардың сапасының артуына үлес қосатындығы, ықпал ететіндігін түсіну керек. Мұндай жұмыстарды құрылымдық ерекшеліктерін талдау қазақ терминографиясының тарихын жүйелеп, терминологиялық сөздіктер жасау тәжірибесін байыта түспек.

### **5.3. 1930-1940 жылдардағы қазақ терминографиясы**

(1936 жылы жарық көрген "Қазақ тілінің терминдері" атты терминологиялық сөздік жөнінде)

Терминологиялық сөздіктер шығаруға 1930-1931жылдардан бастап үлкен көңіл бөліне бастады. Өйткені, сол кезеңдегі кенестік өкімет өзіне қарасты республикалардың оқу-ағарту салаларында реформа жасап, оның бағыт-бағдарын жасауға үлкен мән бере бастағай еді. Соның бір көрінісі- 1930 жылы Халық-ағарту істері бойынша Мәскеу

қаласында өткен II жиын (совещание) еді<sup>1</sup>. Жиында оқу- ағарту саласына қатысты барлық мәселелермен қатар одақтық республикалардағы терминологияны реттеу ісі де негізгі мәселелердің бірі ретінде қаралып, оған қатысты арнайы шешімдер шығарылды, республикалардағы терминдердің қолданысын реттеп, соған сәйкес терминологиялық сөздіктер шығару міндеттері қойылды. Терминдерді реттеуге қатысты ғылыми болмаса да, тілдік саясат тұрғысынан бірқатар принциптер белгілеп берген болды. Соның негізінде терминологиялық сөздіктердің кеңес өкіметі тұсындағы алғашқы ресми түрдегі нұсқалары шығарыла бастады. Қазақстандағы сол тұстағы алғашқы терминологиялық сөздік болып есептелген еңбек - "Атаулар сөздігі" 1931 жылы жарық көрген еді.

Бұдан кейінгі кезеңде осы бағыттағы шаралардың шеңберінде 1935-1936 жылдары терминологиялық сөздіктер шығарылды. 1935 жылы шығарылған терминологиялық сөздікті жеке автор құрастырса, 1936 жылы жарық көрген "Қазақ тілінің терминдері" атты сөздік арнайы өкіметтің қолға алуымен шығарылған еді<sup>2</sup>. Бұл терминологиялық сөздік 1933 жылы Қазақстанда құрылған терминологиялық комиссияның бекіткен терминдерінің негізінде құрастырылды. Сөздікте сондай-ақ, терминдерді қолдануда және жасауда басшылыққа алынуға тиісті принциптер де көрсетілген. Сөздіктің кіріспесінде бас-аяғы

*1 Второе всоюзное совещание по народному образованию. Стенографический отчет второго всесоюзного совещания по народному образованию. - М.: Учпедгиз, 1931. - С. 308-309.*

*2 Қазақ тілінің терминдері. 1-кітап. Қазақстанның оқу ісін басқаратын комиссариатының жанандағы мемлекет термин комиссиясы (Термин комиссиясы мен Қазақстан оқу ісін басқаратын комиссариатының және қарап қолдануға ұйғарған терминдер, Қазақстан Халық Комиссарлары Советі негізінде бекіткен). - Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1936. - 99 б.*

барлығы 11 принципті көрсеткен. Терминографиялық еңбекке қамтылған терминдер мен көрсетілген принциптерді қолдануға байланысты сол кездегі Қазақстан Халық Комиссарлары Советінің № 812 қаулысы шығарылған. Мұның өзі сөздіктің арнайы өкімет тарапынан берілген тапсырмалардың ауқымында шығарылғанын аңғартады Кеңес өкіметі тұсында 1931 жылы алғаш шығарылған "Атаулар сөздігімен" салыстырғанда бұл сөздіктің құрылымы мен сапасынан практикалық терминография ісіндегі, терминологиялық жұмыстарды үйлестірудегі ілгерілеушілікті байқауға болады. Мысалы,:"Атаулар сөздігінде" барлық ғылым салалары мен "пәндерге" қатысты терминдер аралас түрде, бір ғана терминографиялық, еңбектің ішінде берілген. Бұл қазіргі терминология саласының терминдерін жүйелеп беруге тиісті терминографиялық еңбектерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайды, әрі терминологиялық сөздіктердің ғылым саласының терминдерін берудегі негізгі мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келмейді. Құрамындағы терминдерінің тұтас жиынтығы ғылым саласының толық жүйесін беруге тиісті терминологиялық сөздіктер үшін бірнеше ғылым салаларының терминдерін араластырып беру терминографиялық еңбектерде жіберілмеуге тиісті үлкен кемшілік. Алайда, "Атаулар сөздігі" практикалық терминография тарихындағы алғашқы еңбектердің бірі болғандықтан, әрі ол кезеңде терминологиялық: сөздік жасау теориясы, яғни терминография теориясы қалыптаспағандықтан, аталған еңбектің құрылымында мұндай кемшіліктердің кездесуі заңды да. Бұл кезеңде қазақ терминологиясында барлық ғылым салаларына

қатысты қазіргі таңда қолданылып жүрген немесе сол кезеңдерде кейіннен қабылданып, қалыптасқан терминдердің тым аз болғандығын, терминдердің көпшілігі қазақ тілінің табиғатына сәйкес реттеліп, сұрыпталып, қолданыс тауып үлгермегендігін де ескеру керек. Сондықтан алғашқы терминологиялық сөздіктерді түзушілер ғылыми-көпшілік қауымды қолданысқа ене бастаған жаңа терминдермен жаппай таныстырып отыруды, оларды тілдік қолданысқа ендіруді мақсат еткендіктерін байқауға болады.

Аталған "Атаулар сөздігіне" қарағанда 1936 жылы шығарылған "Қазақ тілінің терминдері" атты терминологиялық сөздікте әр ғылым саласының терминдерін өз алдына, арнайы әліпби ретімен, жүйелеп беруге ұмтылған. Сөздікте саяси экономика (қоғам-экономика), физика және математика сияқты үш ғылым саласының терминдері жеке- жеке берілген. Мұның өзі аталған салалардың ғылыми жүйесін алғашқы сөздікке қарағанда жүйелірек беруге көмектескен.

Сөздіктің құрылымында кеңес дәуірінде шығарылған басқа да сөздіктер сияқты тілдің орналасу ретінің маңызына мән бермеген. Еңбектің кіріспесінде шығарылған қаулы мен принциптер қазақ, орыс тілдерінде, яғни екі тілде де аударылып берілгенімен, ғылым салаларының терминдері орысша-қазақша болып берілген. Ал қазіргі терминографияда анықталып отырғанындай, сөздіктердің қазақша-орысша болып жарық көруі де тілдің даму бағытына үлкен әсер етеді.

Екіншіден, сөздікте қамтылған терминдер мен көрсетілген принциптерден байқайтынымыз - көптеген



кірме терминдер сол күйінде немесе орыс тілі арқылы осы кезеңде қабылданған. Мысалы, сөздікте көрсетілген бірінші принципте: "Ел-елдің өз тілдеріне аударылмай, әдебиет тілінде бір-ақ түрде жазылып-айтылып келген терминдер, мысалы, "революция", "совет", "теория", "практика", "тенденция", "конкрет", т.т. - аударылмай со түрінде алынсын", - делінген<sup>1</sup>. Ал, екінші принципте аударылып алынатын терминдердің аударылып алынуы керектігі жөнінде айтылғанымен, "Кейбір аударылып алынатын терминнің қазақ тілінде эквиваленті табылмаса, немесе қазақшаға аударғанда түсініксіз, я тіпті теріс ұғым беретін болса, ондай реттерде орысша сөздер алышсын", - деп терминдердің аудармасына шек қояды<sup>2</sup>. Осы тұста тіпті, қазақ тіліне кірме терминдермен қатар, кейбір жұрнақтарды да сол күйінде алуға шешім қабылданған. Дәлел үшін сөздіктегі принциптерден үзінді келтірейік. Мысалы, сегізінші принципте: "Терминдермен қатар халық ара терминдерде ұшырайтын, бірақ қазақ қосымшалары оларға эквивалент бола алмайтын бірсыпыра аффикстер де алынсын: "ист", "изм" (суффикстер), "ре", "син", "суб", "анти", "контр" (префиксте)", - деп көрсетілген<sup>3</sup>. Қарастырылып отырған мәселе қазақ терминологиясының нысаны болғанымен, терминографиялық еңбек осы кірме терминдерінің, кірме

<sup>1</sup> Қазақ тілінің терминдері. 1-кітап. Қазақстанның оқу ісін басқаратын комиссариатының жанындағы мемлекет термин комиссиясы (Термин комиссиясы мен Қазақстан оқу ісін басқаратын комиссариатының және қарап қолдануға ұйғарған терминдер, Қазақстан Халық Комиссарлары Советі негізінде бекіткен). - Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1936. - 7-б,

<sup>2</sup> Қазақ тілінің терминдері. 1-кітап. Қазақстанның оқу ісін басқаратын комиссариатының жанындағы мемлекет термин комиссиясы (Термин комиссиясы мен Қазақстан оқу ісін басқаратын комиссариатының және қарап қолдануға ұйғарған терминдер, Қазақстан Халық Комиссарлары Советі негізінде бекіткен). - Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1936. - 7-б,

<sup>3</sup> Бұл да сонда. - 7-б.

элементтерінің көптігімен ерекшеленеді. Демек, бұл терминологияның даму бағытының терминографияда көрініс табатындығын, лексикология мен лексикографияның тығыз байланысы сияқты қазақ терминологиясы мен қазақ терминографиясының да тығыз байланысты екендігін дәлелдей түседі. Бұдан терминографиялық еңбек арқылы сол кезеңдегі терминологияның даму бағытын, жетістіктері мен кемшіліктерін айқындай алуға болады деген қорытынды жасауға болады.

Осы тұрғыдан қарастырылып отырған терминографиялық еңбектің құрылымындағы терминдерге талдау жасап, оларды топтап көрсету да тиімді деп есептейміз. Сондықтан "Қазақ тілінің терминдері" атты терминологиялық сөздікте қамтылған терминдерді **қазақ тіліне аударылып берілген терминдер, қазақ тіліне аударылмай алынған терминдер, сол кезеңде термин ретінде берілген ескірген сөздер және дұрыс аударылмаған терминдер деп** топтап талдауды жөн көрдік.

1. Сөздіктегі қазақ тіліне аударылмай алынған терминдерге *актуальный - актуал, аналогия - аналогия, апогея- апогей, брак - брак, ветеран - ветеран, гармония-гармония, историзм - историзм, культура- культура, мәдениет; каторга - каторга, кредит - кредит, метод - метод, объект - объект, оборот - оборот, прогноз - прогноз, революция - революция* сияқты т.б. саяси экономика терминдерін, *аппарат - аппарат, кабель – кабель, контакт - контакт, масса - масса, тормозитъ - тормоздау, характеристика - характеристика, центр – центр* сияқты т.б. физика саласының терминдерін және *анализ- анализ, анализировать - анализдеу, анализ жасау,*

*горизонт* - *горизонт*, *горизонтально* - *горизонтал*, *группа* - *группа*, *чертеж* - *чертеж* түріндегі көптеген математика терминдерін жатқызуға болады. Мұндай кірме терминдер сөздіктің басым бөлігін қамтыған. Соған қарағанда, қазақ терминологиясындағы кірме терминдер тасқынының осы кезеңдерден терминологиялық қорымызға, сол арқылы тілімізге енгендігін байқау қиын емес. Сол сияқты *культура* терминін қазақ тіліне де *культура* етіп енгізіп, оған қосымша қазақша аудармасын да берген. Аталған терминді *мәдениет* нұсқасында қабылдап, термин ретінде бекітсе де орынды болған болар еді. Оған қоса, бұл тұста терминологиялық тұрғыдан синонимдік қатардың болмауы керектігін ескерсек, терминографиялық тұрғыдан да терминологиялық сөздіктерде терминдердің синонимдері берілмеуі керек. Бұл - терминографиялық еңбектер түзуде ұстанатын ескеретін маңызды талптардың бірі болуы керек екендігін атап айтқан дұрыс.

Сөздікте келтірілген көптеген аударылмай алынған терминдерді қазақ тіліне аударуға болатындығын, қазақ терминологиясында аударуға мүмкін терминдерді аударуға үлкен көңіл бөлінбегендігін де байқау қиын емес. Оған дәлел « жоғарыда сөздіктен мысал ретінде келтірілген терминдердің көпшілігі соңғы кезеңдерде аударылып қазақ тіліндегі нұсқасында қалыптасып үлгерді.

Сөздіктегі қамтылған әр салаға қатысты *амперметр- амперметір*, *гиря- кір*, *труба* - *тұрба* сияқты қазақ тілінің ішкі фонеморфологиялық заңдылықтарына икемделіп алынған терминдерді де кездестіруге болады. Бұл терминологиялық сөздіктің жетістігі. Алайда, сөздіктегі мұндай терминдердің үлесі өте аз.

2. Қазақ тіліне аударылып берілген терминдерге амнистия-кешірім, надбавка - үстеме, политика - саясат сияқты т.б. саяси экономика терминдерін, давление – қысым, пробка - тығын, щель - саңылау, щит – қалқан сияқты т.б. физика терминдерін, величина - шама, верхнее основание - жоғарғы табан, вес - салмақ, ветвь - бұтақ, вероятность - ықтималдық, многоугольник - көпбұрыш, объем - көлем, однозначное число - бір таңбалы сан, обратное число – кері сан, множитель - көбейткіш, отрезок - кесінді, секущая - қиюшы сияқты т.б. математика терминдерін жатқызуға болады. Терминологиялық сөздіктегі көптеген математика терминдері қазақ тіліндегі берілгендігін, қазіргі қолданыстағы қазақ тіліндегі математика терминдерін қалыптастыруға осы кезеңнен-ақ мән берілгенін айта кету керек. Қарастырылып отырған терминологиялық сөздіктегі математика терминдерінің аудармасы осындай қорытынды жасауға жетелейді.

3. Сөздіктен дұрыс аударылмаған немесе аудармасы түсініксіздеу кампания-науқан, (индустрия - индустрия) промышленный центр – индустриялау центрі, промышленный класс - индустриялау класы сияқты т.б. саяси экономика терминдерін, буря магнитная – магнит ұйытқуы, пленка – қабық, қаймақшық, көбіршік, сетка – тор, сеть (проводов) – тор түріндегі физика терминдерін кездестіруге болады. Нақтырақ талдаса, мысалы, кампания терминінің науқан болып аударылуы терминнің дефинициясын толық аша алмайтындығын байқау қиын емес. Кампанияның науқанға қатысы бар екендігі рас, алайда, кампания сол науқанды өткізетін жұмыс тобы екендігін бір ғана науқан сөзі арқылы ашып беру және оны термин

ретінде қалыптастыру қазақ терминологиясындағы тағы бір кемшілік екендігіне терминологиялық сөздік арқылы көз жеткіземіз. Немесе индустриялау терминін қазақша нұсқасында да индустриялау деп ала отырып, сөздікті құрастырушылардың промышленный центр, промышленный класс терминдеріндегі промышленный элементін тағы индустриялау деп қазақшаға аударуы түсініксіздеу. Терминдерді аудару барысындағы мұндай кемшіліктер қазіргі терминологиялық сөздіктерде кездесетін кемшіліктерге ұқсас.

4. Сөздіктен сондай-ақ, сол кезеңде термин ретінде берілген қазіргі кезеңде ескірген сөздерді де кездестіре алдық. Мысалы, мұндай сөздерге сөздіктегі дворянин – дворян, боярин - бояр, антанта - антанта, жандармерия - жандармерия, кадет - кадет сияқты сол кездегі саяси экономика терминдерін атай аламыз. Бұдан байқайтынымыз - терминдердің өзін жаңа терминдер және ескі терминдер қабатына топтауға болатындығы, терминдердің де уақыт ағымына байланысты өзгеріп, ескіріп, жаңарып отыратындығы. Терминологиядағы бұл салаға тән синхрондық ерекшелік айқындала түседі. Ал терминологияға тән бұл ерекшелік терминографияға да тән. Яғни терминографиялық еңбектер де, оның практикасы мен теориясы, құрамындағы терминдері де толықтырылып, өзгертіліп, уақыт ағымына сай қарастырылып отыруға тиісті. Бірақ, бұл - терминдер өзгермелі тілдік құбылыс деген сөз емес. Терминдердің өзгерісі оның ғылым саласына да байланысты. Айталық, саяси экономика, саясаттану сияқты қоғаммен бірге өзгеріп отыратын ғылым салаларындағы ғана терминдердің өзгерісін түсінуге

болады. Ал негізінен ғылым салаларындағы терминологиялық қордың өзгерісі олардың жаңа терминдермен толығып отыруымен түсіндірілуі керек.

Қорыта келгенде, казак терминографиясындағы терминологиялық сөздіктердің ерекшеліктерін анықтау арқылы оның терминологиясының тарихын нақтылай түсуге болатындығын, терминология мен терминографияның арасындағы тығыз байланысты, практикалық терминография тарихына талдау жасау – практикалық терминография тәжірибесін байыта түсуге көмектесетіндігін аңғардық. «Қазақ тілінің терминдері» атты терминологиялық сөздікке талдау жасай отырып, еңбектің өзіндік кемшіліктері мен жетістіктері бар, казак терминографиясының тарихындағы үлесі бар сөздік екендігіне көз жеткіздік.

#### **6.4. 1959-1962 жылғы шығарылған терминологиялық сөздіктер сериясының казак терминографиясының тарихындағы орны**

Қазақ терминографиясының тарихындағы 50-60 жылдарды 1959-1962 жылдардың аралығында шыққан 12 томдық терминологиялық сөздіктер сериясынсыз елестету мүмкін емес<sup>1</sup>. Көп жылдар бойы әр ғылым мен техника салалары бойынша жинақталған, казак тілінде қалыптасып, орныққан терминдерді бұл кезеңде жүйелеу қажеттілігі туған еді. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңдерінен бері

<sup>1</sup> *Орысша-қазақша терминологиялық сөздік. 12 томдық. Жалпы редакциясын басқарған С.Аманжолов», - Алматы: Қазмембаспа, 1959.*

терминологиялық сөздіктер қатары шығарылмады емес. Мүмкіндігінше әр кезеңде тілімізге кірігіп, қалыптасқан терминдер сирек те болса әр жылдары шығып тұрған терминологиялық сөздіктерде беріліп, қала берді 1935 жылдан бері шығарылған терминкомның терминологиялық бюллетеньдерінде жарияланып тұрды. Бірақ кеңес дәуірінің алғашқы кезеңінен қолға алына бастаған ғылым мен техника салаларының терминдері 1959 жылға дейінгі жарты ғасырға жуық қоғам дамуының үрдісінде қордаланып, жинақталып қалған еді. Кеңестік мемлекеттің жаңа құрылымымен, жаңа бағыттағы ғылым мен техника салаларының дамуын қолға ала бастауымен байланысты қазақ тілі, қазақ қоғамы үшін пайда болған жаңа ұғымдар кірме терминдер ретінде лег-легімен тілдің қолданысына кірігіп, бірте-бірте сөздік қорда әбден орнықты. Әсіресе, 1933 жылы терминкомның Қазақстанда құрылуына байланысты қазақ терминологиясында орталықтан дайындалған терминдерді жасау және тілге қабылдау, оларды бекіту принциптері кірме терминдердің үлкен қарқынмен, еш кедергісіз енуіне ықпал етті. Одан өзге қазақ тілінің негізінде де жаңа қоғамдық құрылымға, ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңа терминдер жасалып, қалыптасты.

Міне, осы тілімізде жинақталып қалған терминдер қоры бірізге түсіруді, ғылыми-көпшілік қауымға оларды таныс ету мақсатында ақпарат беруді уақыт ағымынан, ғалымдар қауымынан талап етті. Қазақ терминологиясының жинақталған терминдерді реттеуді, үйлестіруді қажет етуі, терминдерді жинақтап беруге деген қазақ терминологиясындағы мұндай көзқарастың тууы заңды еді. Оның үстіне,

осы кезеңде терминологияны реттеу жұмыстарын одақ көлемінде орталық өз кезегінде тағы қолға алып, науқанды одақтас республикалардың барлығында сөздік жасау ісін қолға алған болатын. Оған 1961 жылы Мәскеу қаласында өткен "Терминология мәселелері" атты бүкілодақтық конференция да айғақ бола алады. Демек, осы сияқты шаралардың арасындағы байланыс, сол уақытта терминологияға ерекше мән берілгендігін, терминдерді реттеу ісінде осындай ауан қалыптасқанын аңғартады. Соған қарамастан, терминологиялық сөздіктер жасау ісі кеңес дәуірінде алғаш рет үлкен көлемде қолға алынып, терминологиялық сөздіктер сериясы сала-сала бойынша шығарылған кезең осы болатын. Орысша-қазақша шығатын бұл сөздіктердің шығарылуына басшылық жасау, бағдарларларын айқындап алу, құрылымдық мәселелерін қарастыру, терминдерді беру тәсілдерін белгілеп алу, терминдерді беру қағидаттары мен тәсілдері туралы бір шешімге келу ғалымдар қауымынан үлкен жауапкершілікті де қажет еткендігін айтып өтпеске болмайды.

Аталған сөздіктер сериясының 1959 жылы шыққан 1-томы металлургия саласының, 1959 жылы шыққан 2-томы математика, физика, астрономия салаларының, 1960 жылы шыққан 3-томы геология саласының, 1960 жылы шыққан 4- томы заң, педагогика, психология салаларының, 1961 жылы шыққан 5-томы медицина саласының, 1961 жылы шыққан 6-томы іс жүргізу саласының, 1962 жылы шыққан қалған алты томның 7-томы экономика, философия салаларының, 8-томы денешынықтыру және спорт салаларының, 9-томы құрылыс және құрылыс материалдарының, 10-томы теміржол саласының, 11-томы



ботаника және өсімдіктану саласының, 12-томы тау-кен қазба жұмыстарының терминдерін қамтыды.

Бұл сөздіктердің барлығын бір ғана сала мамандарының жасауы, Ғылым академиясының құрамындағы бір ғана бөлімнің, мекеменің жасауы мүмкін емес болатын. Сондықтан оның әр салаға арналған әр томына байланысты салалық мамандардың жұмылдырылуы қажет болды. Демек, олардың өзін келісімге келтіріп, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп, оларға сөздік жасау ісінде филологиялық тұрғыдан, тілдік тұрғыдан басшылық жасау, лексикографияның өзіндік ерекшеліктері, сөздік жасау ісіндегі бар жинақталған тәжірибе жөнінде бағдар беру үлкен іс еді. Сондықтан осындай жұмыстарын көлемін атқара отырып шығарылған терминологиялық сөздіктер сериясын қазіргі күн талабынан талдасақ, бұл еңбектің жарыққа шығуы - тәжірибелік қазақ терминографиясында ілгері жасалған қадам екендігін қазақ терминографиясының тарихы мойындауға тиіс.

Оның нәтижесі - 1959-1962 жылдар аралығында жарық көрген орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер сериясы. Көрсетілген 12 томның құрамында арнайы том ретінде көрсетілмей, осы сөздіктердің аясында тағы қосымша 3 сөздік кітап жарияланған. Біздіңше, бұл сол кезеңдегі сөздік жасаудың алғашқы жоспарына еңбегенімен, олардың қажеттілігіне, ғалымдардың ізденісіне орай қосымша шығарылған сияқты. Өйткені, тіл білімінің, әдебиеттану саласының және ботаниканың (салалардың атаулары сөздіктерде солай көрсетілген - Е.Ә) терминдері жеке сөздіктер ретінде осы сөздіктер сериясының аясында шығарылған. Сонымен, 12 томдық

сөздік 15 кітаптан тұратындығын қосымша мәлімет ретінде айта кеткен жөн. Бұған ізденіс барысында, аталған сөздіктер сериясымен таныса отырып көз жеткізуге болады. Аталған мәліметті көз көрген ғалымдардың бірі ретінде, әрі осы саланы зерттеп жүрген белді маман ретінде Ө. Айтбайұлы да өз мақаласында атап өтеді<sup>1</sup>.

Бірақ өкінішке орай, тізіліп көрсетілген 12 томдық 15 кітаптық сөздіктің барлық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп, сөздіктің шығуына ықпал еткен ғалым С. Аманжолов оның 1 және 2-томдарына ғана редакциялық басшылық жасап үлгерген. Тіпті, металлургия саласының терминологиясына арналған сөздіктің 1-томының баспадан жарық көруінде ғалым өз көзімен көрмей кеткен сыңайлы. 2-томның да С. Аманжолов қайтыс болғаннан кейін жарық көргені түсінікті. Сөздіктер ретімен танысу барысында мұны да байқап өту қиын емес. Сөздіктер сериясының басқа томдарын түрлі саланың белді мамандары және ғалымның шәкірті А. Абдрахманов редакциялық басшылық жасап, құрастырып шығарған. Демек, мұның өзі біріншіден, аталған сөздіктер сериясын қоғамның өзі талап еткендігін, екіншіден, тілші-ғалым арнайы тапсырма негізінде сөздікті жасауды ұйымдастыру жұмыстары мен оның механизмін толықтай ойластырып кеткендігін және салалық ғалымдардың еңбегі сіңгенін аңғаруға болады. Салалық мамандардың есімдері әр томда арнайы көрсетілген. Сондықтан ғалым бастаған жұмыс тобы терминологиялық сөздіктердің толық шығарылуына ұйтқы бола алғандығын айтып өту керек. Нәтижесінде қазақ қоғамында кеңес дәуіріндегі ең

<sup>1</sup> Айтбайұлы Ө. Термин тірегі - тіл байлығы // Егеменді Қазақстан. 4 мамыр, 2002.

үлкен 12 томдық 15 кітаптан терминологиялық сериясы жарық көрді. Аталған сөздіктердің қазақ терминографиясындағы орнын, терминологиялық сөздіктер құрылымына тән қағидалар мен тәсілдерді орнықтырудағы қызметін көрсету мақсаттарында аталған терминологиялық сөздіктердің құрылымын талдап, ерекшеліктерін анықтаудың қазақ терминографиясының трихы үшін өзіндік маңызы бар. Біріншіден, сөздіктің алғашқы томында сөздікте қамтылған терминдердің алты түрлі принцип бойынша қабылданып алынғандығын айтып өтеді. Олар: 1) дайын күйінде алынған кірме терминдер. Мысалы: Мысалы: фотоэффект, грамм, молекула, т.б.; 2) қазақ тілінде лайықты баламасы бар терминдер. Мысалы: линия двойная – қос сызық, мощность полезная – пайдалы қуат, т.б.; 3) алғашқы бөлігі кірме префикс те, екінші сыңары қазақша баламасы бар біріккен терминдер: инфрақызыл – инфракрасный, автотербеліс – автоколебание, т.б.; 4) сөз тіркесі күйіндегі кірме терминдердің бір сыңары сол күйінде қалдырылып, екінші сыңары қазақ тіліне аударылып алынған терминдер: обратимый процесс – қайтымды процесс, синусоидальная волна – синусоидалдық толқын, т.б.; 5) кейбір терминдерге қазақша екі не үш терминдер берілген. Мысалы: фон-фон, реңк-смещение-ығысу, жылжу, ауу, т.б.; 6) сөз тіркесі түріндегі терминдердің екі сыңары да сол күйінде алынған терминдер: квантовая теория – кванттық теория, т.б. Аталған принциптердің өзі терминологиялық сөздіктердегі терминдердің берілу жолдарынан жалпы түсінік береді. Өйткені сөздік құрылымында осы принциптердің барлығы дерлік сақталған.

Екіншіден, сөздіктің құрамында сол кездің өзінде-ақ, қазір қазақ тіліне аудардық деп есептеп жүрген терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасы берілген екен. Мысалы: рапорт - баяндау хат, посольство – елшілік, казна - қазына, денежный кризис – ақша дағдарысы, вера - наным, дін, память - ес, денежный перевод - ақша аудару, наждак - зімпара (қайрақ) сияқты бірқатар терминологиялық сөздіктердің әр томынан алынған мысалдарды келтіруге болады. Бұл - қазақ тілінде терминдер қалыптастыруды сол кездің өзінде де ескеріп, қолға алған терминологиялық сөздіктердің үлкен жетістіктерінің бірі деу керек. Бұл - сондай-ақ, осы сөздікке дейінгі ұлт тіліндегі терминдерді қамтуға ұмтылған осы сөздікке дейінгі сөздіктердің дәстүрін, ұстанымын жалғастыруға, солар арқылы қалыптасып қойған терминдерді беруге деген ұмтылыстың белгісі.

Сонымен бірге, үшіншіден, сөздік құрылымында кейбір терминдердің қазақ тіліндегі қосымша түсініктемесін жақша ішіне беріп отырған. Бұл сөздік құрылымына тән, қолданылған ұтымды тәсілдердің бірі деуге болады. Мысалы: аналогия - аналогия (ұқсастық), дотация - дотация (мемлекеттік жәрдем қаржы), гематоген - гематоген (қаннан жасалған дәрі), т.б. Мұндай термин сөздерге, әсіресе, кірме терминдерге қосымша түсініктеме беру қазіргі терминологиялық сөздіктер үшін де қажетті, әрі пайдаланушылар үшін тиімді терминдерді беру тәсілі болып табылады.

Сонымен қатар терминологияны қолға алған алғашқы жылдарда экономика заңдылығы, халықаралық терминдер сияқты соңындағы жұрнақтар орынсыз түсіріліп

қолданылған терминдер де осы сөздіктер арқылы бірізге түсірілген. Мұны сөздіктер сериясының экономика саласына арналған 7-томына жазылған алғы сөзде де құрастырушылар айтып өтеді. Бұдан шығатын ерекшелік - кеңес мемлекетінің ғылым мен техниканың дамуын қолға ала бастаған алғашқы жылдарынан орныққан терминдерді, оларды қолданудағы, қалыптастырудағы, терминологиялық сөздіктерде беру тәсілдеріндегі кемшіліктерді аталған сөздіктер сериясы түзетіп беруге ұмтылған.

Демек, терминологиялық сөздіктер жиынтығы қазіргі тілімізде қолданыс тауып жүрген терминдердің қалыптасуына негіз болып, ықпал ете алған сөздіктердің бірі болып табылады. Оған сөздіктің құрылымындағы терминдермен танысу барысында және олардың терминографиялық принциптер тұрғысынан сөздік құрылымындағы берілу тәсілдерін талдау барысында көз жеткізу қиын емес.

Әрине, өзге де ғылыми немесе практикалық еңбектер сияқты бұл терминологиялық сөздіктердің құрылымында кемшіліктер мүлдем жоқ деп айта алмаймыз. Айталық, аударма баламалары қазақ тілінде бар бола тұрса да провод - провод, дефект-дефект сияқты терминдердің сол күйінде алынып, қазақ тіліндегі бағанда берілуі немесе бір терминге бірнеше қазақша баламалардың берілуі сияқты терминография саласының принциптері көтермейтін кемшіліктер аталған терминографиялық еңбектер сериясында жоқ емес. Бірақ мұндай қателіктердің тәжірибе жинақтау үшін қажет екендігін ескеру керек. Сондай-ақ, қазақ терминографиясындағы көп томдық алғашқы терминографиялық еңбек екендігін ескерсек, мұндай

кемшіліктердің болуы заңды да еді. Бұл терминографиялық еңбек - сөздіктердің сапалануына жасалған алғашқы қадам ретінде бағалануы тиіс.

Жинақтай келсек, 1959-1962 жылдары жарық көріп, қазіргі кезеңге дейін пайдаланылып жүрген терминологиялық сөздіктер сериясының қазақ терминографиясындағы маңызы үлкен. Тіпті бүгінгі терминография синхронды түрде қарастырылатын терминдерді қамтитын еңбек болып есептелетіндіктен және соған сәйкес бүгінгі қазақ терминографиясының талаптарына жауап бере алмайтындығына қарамастан, қазақ тәжірибелік терминографиясының тарихында өзіндік орны бар еңбек ретінде бағалануға тиісті. Өйткені, кез-келген терминографиялық еңбек тарихи тұрғыдан кемшіліктері бола тұра, сол жіберілген кемшіліктерін кейінгі еңбектерде ескеруге жол сілтей отырып, терминологиялық сөздіктер жасау тәжірибесін байыта отырып, қазақ терминографиясының тарихынан өз орнын тапқаны жөн.

#### **5.5. 1990 - жылдарға дейінгі және қазіргі қазақ терминографиясы**

Кеңес дәуірінде шығарылған сөздіктер сериясының ауқымдысы әрі соңғыларының бірі - 1959-1962 жылдары шыққан терминологиялық сөздіктер сериясы. Осыдан кейінгі кезеңдегі сөздіктер тек аударма терминологиялық түрінде шығарылды және әр тараптан жоспарсыз, сұраныс талаптары ескерілмей, зерттелмей шығарылып келді. Бұл терминологиялық сөздіктердің көпшілігі реестр аударма сөздіктер

немесе тар салалық ғылыми терминологиялық түсіндірмелі сөздіктер болып келді<sup>1</sup>. Демек, бұл кезеңде терминологиялық сөздіктерде терминдерді, терминдер туралы мәліметтерді тиімді етіп берудің өзге тәсілдері, терминологиялық басқа да сөздік түрлері, жаңарған сөздік түрлерін шығару, терминологиялық сөздіктердің макро және микроқұрылымдық жүйесіне өзгерістер енгізу сияқты бағыттар бойынша ізденістер мен зерттеу жұмыстары жүргізілмеді. Терминологиялық еңбектер тек лексикографиялық талаптардың деңгейінде шығарыла берді. 1990 жылға дейінгі терминографияның осындай бағытта дамуының өзіндік себептері де бар. Ең алдымен, ол ұлттық терминологияның да сол кезеңдегі даму дәрежесімен, терминологиялық бағыттағы ізденістер мен терминдерді реттеу, бірізге келтіру бағытындағы жұмыстардың жүргізілмегендігімен байланысты.

Екінші жағынан, терминдерді қазақ тілінде қалыптастыру, соған сәйкес жарыспалы терминдердің пайда болуы, оларды ретке келтіру, терминологиялық сөздіктер шығару ісін жолға қою сияқты жұмыстардың жүргізілмеуі терминологиялық, терминографиялық бағыттағы зерттеулерді қажет етпеді. Терминология кірме терминдерді қабылдау деңгейінде, терминография орыс ғылыми-техникалық лексикографиясының деңгейінде қала берді. Сондықтан болар тек аударма терминологиялық сөздіктер мен түсіндірме терминологиялық сөздіктерден

<sup>1</sup> Аккошкарров Е. Русско-казахский толковый словарь терминов физики. – Алматы, 1974., Алибеков Е., Малгозин С. Русско-казахский словарь терминов ГО. – Алматы, 1979, Әбдіров Ғ. Әдебиеттану терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1962, Асайынов М., Жанпейісов Е., Тәнекеев М. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Физкультура және спорт. – Алматы, 1962 және т.б.

Басқа терминографиялық еңбек түрлері бұл кезеңде жарық көрмеген.

Үшінші жағынан, жаңа терминдердің жасалмауы, жаңа терминдер туралы мәліметтердің болмауы көпшілік тарапынан, терминологиялық сөздіктерді пайдаланушылар тарапынан жаңа терминдерді білуге, жаңа терминдер туралы ғылыми түсінікті ақпарат алуға, соған сәйкес терминологиялық сөздіктердің сапасы мен құрылымындағы жүйелілікті талап етуге деген сұранысты қажет етпеді.

Кеңес дәуірінде шығарылған, соның ішінде 1962 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықты қамтитын терминологиялық сөздіктердің әрқайсысын талдап көрсетіп жатпасақ та, олардың құрылымындағы, осы кезеңдегі терминологиялық сөздіктердің дамуындағы жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер мен бағыттардың басым болғандығына көз жеткізу қиын емес.

Қазақ тәжірибелік терминографиясының тарихы көрсеткендей, қазақ терминографиясының тарихындағы еңбектер – сөздіктер жақсылы-жаманды өз қызметтерін жүзеге асырып, терминдерді жүйелеу, реттеу, көпшілік пен ғылыми қауымға жеткізу жұмыстарын түрлі дәрежеде орындап келді. Қазіргі шығарылып жатқан терминологиялық сөздіктер де осы бағыт, осы деңгейде жүзеге асып, түрлі дәрежедегі терминологиялық сөздіктер, түрлі деңгейдегі терминографтардың қолынан шығуда. Олардың бақылануы, сапасының бағалануы да әр түрлі пікірлердің аясында қалып отыр.

Қазіргі терминологиялық сөздіктердің ерекшелігі – көпшілігінің басым дерлік сапасыздығы. Сапасыздық оған әсер етуші бірнеше дәлелдермен түсіндіріледі. Сондай дәлелдердің бірі – терминологиялық сөздіктердің басым



Дерлігінің қажеттілігіне жарамсыз болып қолданылмай жүруі. Сөздік сұранс қажеттілігін өтей алған жағдайда, олардың кез-келген мекемеде, сұраныс уақытын талғамастан пайдаланыла алған болар еді. Өкінішке орай, сөздіктердің пайдаланылмай жүргендігін оған деген қажеттіліктің жоқтығымен емес, қажеттілік жағдайында пайдаланушының сөздікке деген сенімсіздігімен түсіндірілгені орынды. Сапасыздық сөздіктердің соңғы кезендерде басым болуының тағы бір дәлелі бір ғылым саласының ғылыми ұғымдарын қамтыған түрлі терминологиялық сөздіктерде бірнеше термин нұсқаларының берілуі. Сондай-ақ, аударма терминологиялық сөздіктерден терминнің аудармасын немесе кірме терминнің білдіретін мағынасы, ұғымдық дефинициясы туралы ақпараттың ана тіліндегі түсініктемесінің табыла қоймауы. Әсіресе, кірме терминдердің реестр сөздіктерде сол қалпында қазақ тіліндегі бағанда беріле салуы сөздік сапасыздығын жасап отырған себеп болып табылады. Әлемдік терминография теориясына, тәжірибесіне қатысты еңбектерге жүгінсек, мұндай проблеманың басқа тілдерде де орын алып жүргендігіне көз жеткізуге болады. Десек те, қазақ тілінің терминдік қорының бүгінгі жағдайында, терминдер қорының басым бөлігін кірме терминдер құрап отырған тұста бұл мәселенің өзекті болып отырғандығы, оның терминографиялық еңбектердің сапасына да ықпал етіп отырғандығы сөзсіз. Қоғамдық пікір түрінде көрініс тауып жүрген терминологиялық сөздіктер сапасына қатысты бұл кемшілікті арнайы дәлелдеп, сұрақ-жауап жүргізіп, оған қатысты статистикалық мәліметтерді нақты көрсетпесек те, мұндай өзекті мәселенің бар екендігін сырт көзбен бақылап,

әділ көзқарас тұрғысынан бақылап, пайдаланушы ретіндегі қызмет шеңберінен байқау қиын емес.

Сөздік сапасына әсер етуші келесі бір маңызды қозғаушы күш - сөздік құрылымындағы бірізділіктің, жүйенің сақталмауы. Теориялық терминографияда көрсетіліп жүрген сөздік құрылымында қамтылатын микроқұрылымдық, микроқұрылымдық элементтердің сақталмай жатуы да, пайдаланыстағы қолайсыздығы мен тартымсыздығының өзі қолданушының терминологиялық сөздікті қолдану-қолданбауына анағұрлым ықпал етеді. Сөздіктің құрылымдық жүйесінің дұрыс-бұрыстығы, ондағы кемшіліктердің аздығы мен көптігі терминдердің, термин туралы ақпараттардың дұрыс берілуіне ықпал етпей қоймайды. Мысалы, қазіргі терминологиялық сөздіктердегі терең ғылыми түсінікті беру мақсатында түсіндірмелі терминологиялық сөздіктерде термин туралы ақпараттың, оған берілетін анықтамалардың күрделі сөйлемдемен беріліп, көпшілік пен сала мамандары емес қолданушыларға түсінікті болмай жатуы қазіргі түсіндірмелі терминологиялық сөздіктер үшін тым қажет емес, әрі жалпы қауымның сұраныстарын қанағаттандыра қоймайды. Бұл жерде терминологиялық сөздік арнап шығарылған адресаттың-пайдаланушының сұранысы мен соған қойылатын өлшем деңгейі сияқты макроқұрылымдық элементтер қазіргі қазақ терминографиясындағы тәжірибелік еңбектерде мүлдем дерлік ескерілмей жатады. Осындай жағдайларға байланысты терминографиядағы тар салалық сөздіктер, кең салалық сөздіктер сияқты терминологиялық сөздік түрлерінің көрсетілуі негізсіз емес. Қазіргі қазақ қоғамында кең ауқымдағы, жалпы

көпшілікке арналған, термин туралы түсінікті әрі нақты ақпарат беретін түсіндірмелі немесе аударма сөздіктердің қажет екендігі айқын. Ал шығарылып жатқан терминологиялық түсіндірме, терминологиялық аударма сөздіктердің басым дерлігі мұндай ақпарат бере алмай, қолданушының сұранысына жауап бере алмай жатады. Аталып өткен күрделі ғылыми түсінік беретін, тар салалық мамандарға ғана арналған түсіндірме терминологиялық сөздік түрлері кез-келген қоғамда біріншіден, аз көлемде шығарылып, үлкен қажеттілікке ие болмайды. Мұндай сөздік түрлерін терминография теориясы тұрғысынан тар салалық терминологиялық сөздіктер деп көрсетіп жүр. Аталған сөздіктер тек сала мамандары шеңберінде пайдаланылатын, онда да ғылыми ізденісте жүрген сала мамандарының арасында қолданысымен ерекшеленіп, қолданыста шектеледі. Қазіргі үлкен көлемді, көп таралымды сөздіктердің құрылымындағы терминдерге осы бағыттағы бірнеше тар салалық терминдер сөздігіне тән материалдардың қамтылып берілуі, олардың күрделі түсіндірмелермен жазылуы сөздіктегі ақпараттарды қолдануды қиындатып отырған жағдай. Мысалы, соңғы кезеңдерде шығарылып жатқан "Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіктері" сериясы осындай ерекшеліктерге ие екендігін де жасыруға болмайды. Осы сөздіктердің ішіндегі биология саласына арналған сөздіктен мысал келтірсек, онда: **"Желкен** - бұршақгүлділер тұқымдасына жататын, өсімдіктердің гүліндегі 5 күлтенің ең үлкені. Ж. ірі, жалпақ, көлемдірек болғандықтан, басқа күлтелерінен ерекше көрінеді. Сондықтан тозаңға қонатын жәндіктерге алыстан тез байқалып,

бұршақ гүлінің тозандануын жеңілдетеді", - деген түсіндірме берілген<sup>1</sup>.

Анықтамадағы түсіндірме көпшілікке желкен өсімдігі туралы жалпыға ұғынықты түсіндірме бере қоймайды, әрі түсіндірме тым күрделі ғылыми анықтама беруге ұмтылған түсіндірме түрін негіз етіп алған.

Бұл арада өсімдік түрі туралы толығырақ ақпарат бере т ұсу үшін оның суретінің немесе жалпы пішіні салынған сызба сияқты қосымша иллюстрациялық материалдардың да жеткіліксіздігін айтып өтпеске болмайды. Бұл да қазіргі терминологиялық сөздіктер құрылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, осы сияқты нақты заттардың, бөлшектердің атауын түсіндіретін жаратылыстану ғылымдарының, техника ғылымдарының терминологиялық сөздіктерінің қай-қайсысында болса да осындай иллюстрациялық материалдар, сызбалар арқылы анықтама, түсіндірме берудің энциклопедиялық сөздіктерде қолданылатын тәсілдерінің қолданылуы қазіргі қазақ терминографиясындағы сөздіктердің жақсартуға сеп болар еді. Демек, алдағы уақытта бұл мәселеге де жіті мән беріп, ескеруіміз қажет деген тоқтамға келу керек.

Түсіндірме мәселесіне қайта оралсақ, терминология мен терминографияға қатысты еңбектерде терминологиялық сөздіктерде берілетін түсіндірмелер мен анықтамалардың ғылыми күрделі дефиницияны түсіндіруі немесе тілі жеңіл тиетін ұғынықты түсіктемені ғана беруі жөнінде екі жақты даулы пікірлердің барлығы анық. Алайда, біздіңше, шығарылып отырған адресатына байланысты, тар салалық, кең

ауқымды болып шығарылуына орай екі бағыттағы да анықтама, түсіндірме түрлері терминологиялық түсіндірме сөздіктерде беріле алуы тиісті. Ал қазіргі қазақ қоғамына қажеті – ұғынықты тілмен жазылған түсіндірменің де емес, қысқа әрі түсінікті мәлімет беретін түсініктеменің қажеті. Мұндай анықтама түрі қазіргі қазақ терминографиясындағы аударма терминологиялық сөздіктерге қажет. Аз ғана уақыт бұрын жарық көрген 31 томдық терминологиялық сөздіктен ғылыми-көпшілік қауымның көп ілгерілеушілік күткені, сонда болса басым көпшіліктің сұранысы мен талабына сәйкес келе бермегендігі белгілі. Аударма терминологиялық сөздік түрінде шыққан бұл терминологиялық сөздіктер сериясының басты кемшілігі – екі бағанында кірме терминдерді де аудармасы бар терминдерді де қатар тізіп бере салғандығы. Ал аудармасы терминдердің ішінде кейін аударылған терминдердің түсініктілігі немесе нақтырақ айтқанда, түсініксіздігі жағынан тұлғасы түсініксіз болып қала берген кірме терминдердің жағдайымен бірдей дәрежеде қалғандығында. Яғни, бұрынғы аударма сөздіктерден ешбір айырмашылығының болмай, аударма терминологиялық сөздік жасау ісіндегі ізденістің болмағандығында болды. Бұл айтып өтілгендей, 1990 жылдарға дейінгі және одан кейінгі қазіргі кезге дейін шығарылып жатқан аударма терминологиялық сөздіктердің барлық дерлігінің осы сипатта шығарылып келгендігін байқауға болады. Демек, аударма сөздіктерде айтып өткендей, ең болмағанда, кірме терминдерге немесе жаңа аударылған терминдерге қатысты қысқаша түсініктеменің ұғынықты тілмен түсіндірілгені абзал және қоғам қазіргі қазақша-басқа тілдегі аударма терминологиялық сөздіктерден күтіп отырған талап деп білу керек.

Тіпті қазіргі уақытта қазақ терминологиясы терминдерді қалыптастырудың жаңа кезеңінде бастан кешіп жатқан жағдайда термин туралы қысқаша түсініктеменің берілгені, терминнің қалыптасуын жеңілдетіп қана қоймай, ол туралы мәліметтің түсініктілігіне жетелейді. Сондай-ақ, аударма терминологиялық микроқұрылымдық жүйесінде кірме терминдердің қай тілден аударғанда қазақ тілінде қандай ұғымды білдіретіндігі туралы ақпарат та сөздік сапасын арттырып, көпшіліктің сұранысына жауап бере түсетіндігіне көмектеспек.

Қазіргі қазақ лексикографиясында болсын, терминографиясында болсын, сөздік статусына, яғни, мәртебесіне деген көзқарастың жоқтығы бүгінгі сөздік шығарушылар мен сөздік шығару ісінде кең тараған кемшілік. Қандай сөздік түрі болмасын, сөздік, айтылып, көрсетіліп өткендей, кез-келген маман, кез-келген жеке тұлға мен тұлғалар шығара салатын еңбек емес. Екіншіден, әр саланың терминологиялық сөздіктерінің түрлері бір координациялық орталықтың бақылау жасауымен, жоспарлауымен, зерттеуімен жасалып, мемлекеттік дәрежеде оның бір ғана нұсқасы эталон дана ретінде шығарылып, тарауы тиісті. Демек, қазіргі қазақ терминографиясындағыдай, әрі екі немесе бірнеше авторлардың әр тараптан сөздік шығара салуы немесе шығаруы терминологиялық сөздіктердің шығарылуындағы ретсіздікті және соған сәйкес терминологиялық сөздік шығару ісіне деген жауапкершіліктің төмен дәрежесін көрсетеді. Терминологиялық сөздіктердің шынайы болмысына мән берсек, терминологиялық сөздіктер, жалпы\* "сөздік" ұғымы

терминдер туралы, оның тұлғасы мен ғылым салаларын дағы білдіретін мағынасы туралы мәлімет алуда негізгі тірек еңбек ретінде пайдаланылатын терминографиялық жұмыс болуы тиісті. Сондықтан ол мемлекет ауқымында шығып, барлық жерде бір ғылым саласының терминологиялық сөздігінің бір ғана түрінің қолданыс табуы қажет. Олай болмаған жағдайда, әр тараптан шығарылатын, әр жерден, әр авторлардың белсенділігімен шығатын терминологиялық сөздіктер арқылы терминдердің қолданысын, жасалуын бірізге түсіріп, үйлестіру қиынға соқпақ. Әр автор немесе бірнеше авторлар тарапынан шығарылатын сөздіктердің әрқайсысында бір терминдік ұғым дефинициясының әр түрлі нұсқасының берілуі жалғаса берері хақ. Бұл орайда "сөздік" ұғымының мәртебесіне терминологиялық сөздік құрастырумен айналысушылардың жіті мән беріп, оған деген жауапкершілікті арттыра қарағандары жөн деген ойдамыз. Сондықтан "сөздік" ұғымы табиғатының тереңіне үңіле отырып, сөздік жасау ісіне жоғары дәрежедегі жауапкершілікпен қарай отырып, терминологиялық сөздік құрамында қамтылатын терминнің қалыптасқан, қолданыс тауып, қолданушылар тарапынан күдік тудырмайтын термин болуын қадағалап терминографиялық еңбек шығару терминологиялық сөздіктер сапасының жақсаруына ықпал етпек. Расында да, сөздік заңдық күші бар құжаттың күшіне пара-пар келетін эталон еңбектің түрі болуы және соған сәйкес мемлекет шеңберінде ғылым салаларына қатысты әр терминологиялық сөздік түрінің бір ғана қабылданған нұсқасы жарық көріп, тармақ керек. Өкінішке орай, қазіргі қазақ терминографиясында осы айтылған талаптардың қатары орындалмай жатқандығы,

терминологиялық сөздіктер шығару ісінде көрсетілген кемшіліктердің орын алып отырғандығы ақиқат.

Сөздік сапасына едәуір ықпал етіп отырған факторлардың бірі - сөздік шығару ісі туралы қате түсініктің болуы. Мұндай қорытындыға келуіміздің себебі - қазіргі қазақ қоғамында дамыған елдерде қалыптасқан терминологиялық сөздіктер шығару ісіне қатысты дұрыс түсініктің болмай отыруы. Дамыған елдердің терминографиясындағы теориялық қағидалар мен жинақталған тәжірибелерге, қалыптасқан түсінікке сүйенсек, екінің бірі сөздік шығара салу ісін қолға алмайды екен. Олар үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, сөздік шығаруды жеке адамның немесе жеке адамдар тобының жүзеге асыратын тобы деп есептемейді. Керісінше, жауапкершілікті мойындарына ала, сезіне отырып, сөздік сияқты жауапты ғылыми еңбекті жазудан көбіне бас тартады. Тіпті, көршілес орыс терминографиясында терминологиялық немесе басқа да сөздік түрлерін ұжымдық іс-әрекеттің бірлігі арқылы жүзеге асыру үрдісі қалыптасқан. Бұл - терминографиялық сөздіктерді шығаруға ешкімнің құқығы жоқ немесе мемлекет ішінде терминологиялық сөздік, басқа да сөздік түрлері шығарылмасын деген сөз емес. Тек ол сапалы түрде және белгілі бір уақыт жиілігі аралығында қоғамның, көпшіліктің сұранысы мен қажеттілігіне сәйкес сапалы түрде шығарылуы және мемлекетте онымен айналысатын арнайы мекеменің болуы қажеттілігін, сол салаға маманданған терминологтар мен терминографтардың ісі екендігінен мәлімет береді. Демек, қазіргі қазақ терминографиясы әр тараптан шығарылып жатқан терминологиялық сөздіктер санының көптігі, олардың



қолданыс аясының белсенсіздігі арқылы кәсіби деңгейде сөздік шығару механизмі мен дәстүрінің қалыптаспағандығын, терминологиялық сөздіктер шығару ісіндегі қазақ терминографиясының әзірге тәжірибесі аздығын көрсетіп отыр.

Қазіргі қазақ терминографиясындағы сөздіктерге тән ерекшеліктердің тағы бірі - компьютерлік техника ісінің дамуымен де байланысты. Компьютерлік техниканың, соған сәйкес баспа ісінің ілгерілеп дамуы сөздіктер санының көбеюіне, терминологиялық сөздіктердің көптеп шығарылуына әсер етпей қойған жоқ. Бұл теру ісін, дайын мәліметтерді жинақтап, қайта бастырып шығару істерін жеңілдетті. Алайда, бұл жеңілдікті терминографтар дұрыс түсініп, үнемделген уақыт пен күшті сөздік құрылымы мен сапасын жақсартуға, әлемдік лексикография мен терминографияда шығарылып жүрген сияқты тиімді де, икемді басқа да сөздік түрлерін құрастыруға толығымен жұмсай алмай жүргендігін де айтпай өтуге болмайды. Керісінше, техникалық ілгерілеудегі бұл жеңілдікті көпшілігіміз сөздік жасаудың оңайлануы деп түсініп, шығармашылық ізденістен, терминдер туралы жалпыға ұғынықты, жүйелі ақпарат беруден тыс қалып келгендігіміз анық.

Аталған кемшіліктер мен терминологиялық сөздіктер шығару ісіндегі көрсетілген факторларды кейінгі кезеңдерде, әсіресе 1990 жылдардан кейін шығып жатқан сөздіктердің барлығынан дерлік табуға болады. Бұл орайда, осыған дейін шығып келген және шығып жатқан терминологиялық сөздіктердің терминдерді ретке келтірудегі тиімді жақтарын, терминографтардың атқарған

еңбектерін мүлдем жоққа шығарып, ескермеуге тиісті емеспіз. Бұл да ғылыми мәдениет пен әдеп тұрғысынан орынсыз екені түсінікті. Оның үстіне, кемшіліктері бола тұрса да бірқатар терминдер туралы өз еңбектері арқылы түрлі деңгейде мәліметтерді көпшілікпен таныстырып, бірқатар терминдердің қолданыс табуына сеп бола білді. Тек, "сөздік" мәртебесі туралы айтылғандарды, әлемдік терминографиядағы бұл жөніндегі қалыптасқан түсініктерді ескерсек, мұндай кемшіліктері бар сөздіктер "сөздік" атауын иемденіп емес, "сөздік жобасы", "экспериментті сөздік" сияқты басқаша аталған нұсқада баспадан жарық көруі тиісті еді.

Ендігі кезекте барлық шығарылған сөздіктерді, ондағы мәліметтерді пайдаланып, айқындалған кемшіліктерді негізге ала отырып, олардың қатарын әлі де зерттей, анықтай отырып, тиімді сөздіктің әлемдік лексикография мен терминографияда бар түрлерін айқындап, олардың қазақ қоғамына қажеттісін белгілеп, сапалы терминологиялық сөздіктер шығаруға бет бұрудың орынды екендігін аңғаруға болады.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Күрделі кезеңді бастан кешіп отырған қазақ терминологиясының өзекті мәселелері қазақ терминографиясымен де байланысты екендігін аңғару қиын емес. Терминографияның басты зерттеу нысаны болып табылатын терминологиялық сөздіктер және терминдердің қолданысын бірізге түсіріп, олардың жүйесін реттеу ісі – терминнің ғылыми ұғым ретінде қалыптасып, ғылыми өрісте қолданыс табуына ықпал ететін бірден-бір тетік.

Терминография – терминологиялық сөздіктер табиғатын, оның құрылымдық, жүйелік мәселелерін қарастыратын, жаңа терминологиялық сөздіктердің құрылымы, сөздік түрлері, терминдерді реттеудің, бірізге түсірудің, терминдер туралы ақпараттарды әр түрлі әлеуметтік ортаға жеткізудің әдіс-тәсілдерін зерттейтін терминология мен лексикографияның арасынан пайда болған, бірте-бірте лексикографиядан өзекті мәселелері мен зерттеу нысандарының молаюы арқылы іргесін ажыратып қалыптасып келе жатқан терминологиялық сөздіктер туралы сала.

Терминографияның метатілдік жүйесіндегі маңызды терминологиялық ұғымдардың бірі – терминограф. Терминограф – терминологиялық сөздікті шығару ісін басынан аяғына дейін жүзеге асыратын тұлға-маман. Теориялық терминографиясы тұрғысынан терминографқа немесе терминографтар тобына қойылатын талаптар арнайы мәселе ретінде қарастырылады. Қазіргі терминографтың

Терминологиялық бағытта мақсатты түрде дайындығы болып, терминологиялық жүйе, филологиялық қабілеттен басқа, салалық терминдердің терминологиялық сөздігін шығару үшін қазақ терминографиясын теориялық қазақ терминографиясы және тәжірибелік қазақ терминографиясы деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Жұмыстың нәтижесі көрсеткендей, қазақ терминографиясы қазіргі кезеңге дейін тәжірибелік терминография ретінде дамып, түрлі кезеңдерде әр түрлі дәрежеде өз қызметтерін атқарып келеді. Тәжірибелік қазақ терминографиясының тарихын мынадай кезеңдерге кезеңдестіріп қарастырылғаны жөн: 1) Қазақ терминографиясының бастау көздері; 2) 1925-1930 жылдардағы қазақ терминографиясы; 3) Кеңес дәуіріндегі қазақ терминографиясы; 4) 1990 жылдардан кейінгі қазақ терминографиясы.

Тарихи кезеңдерде шығарылған терминологиялық сөздіктердің құрылымы мен ондағы кемшіліктерге, жетістіктерге талдау жасау оларды алдағы шығарылатын терминографиялық еңбектерде ескеру, терминографиялық еңбектердің түрлері мен қызмет аясының түрлерін айқындау үшін қажет екендігіне көз жеткіземіз.

Қазіргі теориялық терминография тұрғысынан қарастырсақ, терминологиялық сөздіктердің құрылымы макроқұрылым және микроқұрылым элементтерінен тұрады екен. Макроқұрылым, ғалымдардың сөзімен айтсақ, "сөздіктің кіріспесінен қорытындысына дейінгі аралықтағы сөздікке енетін элементтердің барлығын", ал

микроқұрылым - әрбір сөздік мақаланың, әрбір реестрлік қатардың толтырылуы, әр термин туралы ақпарат, мәліметтердің жиынтығы болып табылады. Сөздіктің мақсатына мен міндетіне қарай олардың әр түрлі терминологиялық сөздік түрлеріне бөлінетіндігі, түрлі атауға ие болатындығы белгілі. Сөздік түрінің оның көздеген мақсаты мен міндетіне сәйкес макро және микроқұрылымдық элементтерді де қамту дәрежесі әр түрлі болады. Кейде қоғамның сұранысына сәйкес сөздік түрінде қолданылмайтын макро-микроэлементтердің қолданыла беруі немесе олардың өзгертіліп қолданылуы әбден мүмкін. Сондықтан белгілі бір терминологиялық сөздік шығарылмас бұрын алдын ала зерттеліп, қоғам сұранысы мен қажеттілігі айқындалып, соған сәйкес сөздіктің қолданушы адресаты мен оның талаптары ескеріліп, терминологиялық сөздіктің қамтуға тиісті терминологиялық қорының саны мөлшерленіп, сөздіктің мақсаты мен міндетіне сәйкес макро және микроқұрылымдық жүйесі жоспарлануы тиісті. Тіпті макроқұрылымдық тұрғыдан сөздіктің басылатын қаріп түрі, оның көлемі, жолдардың арасындағы арақашықтығы, қағазының түрі сияқты кішігірім элементтердің өзі шығатын терминологиялық сөздіктің пайдаланушыға қолайлы, тартымды болуы үшін өте маңызды рөл атқарады. Маркоқұрылымдық элементтің бірі - сөздіктің түрі. Сөздік түрі - шығарылатын сөздіктің көлемі мен адресатына, сөздік мақалалардың орналастырылу қағидаттарына, тіліне, берілетін анықтамаларының түріне және т.б. ықпал етеді.

Терминологиялық сөздіктерді тіліне, мақсаты мен міндеттеріне, көлеміне, қамтитын терминдерінің қорына, пайдаланушыларының жоспарлануына, яғни адресатына, компьютерлік техника тіліне икемделген-ікемделмегендігіне, байланысты бір тілді, екі тілді, көп тілді, аударма, түсіндірме, қысқаша, сериялық, толық, жүйелік, тақырыптық, тақырыптық-ұялық, оқулық, тезаурус, ТЖМ, кең салалық, тар салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер деп т.б. көптеген түрлерге бөліп, жіктеп көрсетуге болады. Терминографияда терминологиялық сөздік түрлерінің барлығының айқындалуы және олардың әр түріне қатысты мемлекет деңгейінде терминологиялық сөздіктердің бірдей таразыда шығарылып отырғаны қоғамдық сұранысты барынша терминологиялық ақпараттармен қамтамасыз етіп отыру тұрғысынан маңызды болып табылады.

Зерттеу көрсетіп отырғанындай қазіргі қазақ терминографиясында алдағы тәжірибелік терминография жұмыстарын жоспарлауда негізге алатын мәселелердің қатары жеткілікті. Солардың ең бастыларының қатарына - терминдер туралы қазақ тіліндегі ұғынықты, түсінікті мәліметтердің берілуі, иллюстрациялар мен суреттердің, сызба материалдарының пайдаланылуы, қалыптаспаған терминдердің берілмеуі сияқты қазіргі қазақ қоғамының сұранысына қажетті элементтерді жатқызуға болады. Терминологиялық сөздік жасау ісіне қатысты осы сияқты маңызды талаптар қазақ терминографиясының аясында әлі де зерттеле түсуі қажет екендігі де түсінікті жағдай.

Жинақтай келгенде, талданған кемшіліктер мен теориялық мәселелердің ескеріліп, терминологиялық сөздіктер сапасының жақсаруы қазіргі қазақ терминографиясының дамуы үшін маңызды міндет деп білу керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- Авербух К.Я. Общая теория термина. - Иваново, 2004. - 252 с.
- Айтбайұлы Ө. Қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы. Алматы, 1988. - 206 б.
- Айтбайұлы Ө. Термин тірегі - тіл байлығы // Егеменді Қазақстан. 4 мамыр, 2002.
- Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы, 1993.
- Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. - Москва: Советская энциклопедия, 1966. - 606 с.
- Әбдірәсілов Е. Лингвистикалық терминдердің семантикалық қатынастары. Кандидаттық диссертацияның авторефераты, - Алматы, 1999.- 29 б.
- Әбдірәсілов Е. Терминдік сөздіктерде тілдердің орналасу реті және олардың терминдерді қалыптастырудағы ролі // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. - Астана, 2002. - Б. 87-92.
- Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику. - М.: Едиториал УРСС, 2003. - 360 с.
- Богачева Д.П. Проблемы лексикографического описания научной терминологии. Диссертация ... кандидата филол наук. - М, 1999. - 201 с.
- Бурнашев Владимир (Член Императорского Вольного экономического общества). Опыт терминологического словаря. - Санкт-Петербург: Типография Жернакова, 1843. - 415 с.



Вопросы терминографии. // Терминоведение. Под ред. Татарина В.А. - М.: Московский лицей, 1995. - Вып. 2-3; - С. 150-169.

Второе всесоюзное совещание по народному образованию. Стенографический отчет второго всесоюзного совещания по народному образованию. - М.: Учпедгиз, 1931. - С. 308-309.

Гавинский А.Н. Теоретические основы выбора оптимальной структуры двуязычных отраслевых словарей как одного из средств упорядочения научно-технической терминологии (на материале англо-русских, русско-английских и англоязычных терминологических словарей): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. - Киев, 1978. - 23 с.

Герд А. Основы научно-технической лексикографии. - М.: МГУ, 1986.

Герд А.С. Терминологический словарь среди других типов словарей // Современная русская лексикография. 1980. - Л., 1981. - С. 106-122.

Гринев С.В. Вопросы разработки отраслевого терминологического банка данных // ПТТ, 1985. № 11.

Гринев С.В. Введение в терминологическую лексикографию. - М.: МГУ, 1986. - 102 с:

Гринев С.В. Принципы теории терминографии // Теория и практика научно-технической лексикографии. Сб. статей. - М.: Русский язык, 1988.- С. 5-10.

Гринев С.В. Введение в терминоведение. - М.: Московский лицей, 1993. - 309 с.

Гринев С.В. Введение в терминографию. 2-е изд. перераб. и доп. - М.: МПУ, 1995.-161 с.

Готт В.С., Семенюк Э.П., Урсул А.Д. Категории современной науки. - М.: Мысль, 1984. - 268 с.

Даниленко В.П. Терминология современного языка науки // Терминоведение и терминография в индоевропейских языках. - Владивосток: ДВО АН СССР, 1987. - С. 61-66.

Денисов П.Н. Системность и связность в лексике и системе словарей // Тезисы докладов на совещании, посвященном проблеме определений терминов в словарях. 26-29 марта 1974 г. - Ленинград, 1974. - С. 19-21.

Дубичинский В.В. Основные принципы и понятия терминографии // Лексикология. Терминоведение. Стилистика. Сб. науч. трудов, посвященный юбилею Н.М. Лейчика. - Москва-Рязань, 2003. - 79-85 с.

Дубичинский В.В. Теоретическая и практическая лексикография. - Харьков, 1998. - 158 с.

Дубичинский В.В. Искусство создания словарей. Конспекты по лексикографии. - Харьков, 1994.

Дуйшөналиева Т. Кыргыз терминологиясынын кээ бир маселелерине каратпа // Кыргыз терминологиясынын маселелери - Вопросы кыргызской терминологии. - Фрунзё: Илим, 1986. - С. 6-12.

Жұбанов Қ. Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией // исследования по казахскому языку. - Алматы: Ғылым, 1966.

Егорова Е.А. Отбор учебного терминологического минимума по военной специальности // Терминоведение. Под ред. Татаринова В.А. - М.: Московский лицей, 1996. - Вып. 1-3. - С. 82-85.

Ивина Л.В. Лингво-когнитивные основы анализа отраслевых терминосистем. -Москва: Академический проект, 2003. - 304 с.

Им Хынг Су. Становление терминологической лексики русского языка. - М.: Наука, 1995. - 190 с.

Исхакова Х.Ф. Структура терминологических систем. - М.: Наука, 1987. - 287 с.

Кайдаров А., Абдрахманов А. Казахская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. - М.: Наука, 1987. - С. 29-49.

Кайдаров А.Т. Инструкция по составлению казахско- русского словаря. - Алматы: Наука, 1986. - 58 с.

Караулов Ю.Н. Языковая картина мира и русский лингвокультурный тезаурус // Русский язык в диалоге национальных культур государств-участников СНГ в XXI веке. Материалы международной конференции. - М.: МГЛУ, 2003.

Карпова О.М., Крестова С.А. "Модель терминологического банка данных "Лексикография" // НТТ. Выпуск 1. Москва, 2004. - С. 31-33.

Касарес Х. Введение в современную лексикографию. - М.: Изд.иностр.лиг., 1958. - 354 с.

Корнилов О.А. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. - М.: ЧеРо, 2003. - 349 с.

Комарова З.И. Семантизация в терминографии. // Очерки научно-технической лексикографии. Под ред. А.С. Герда. - СПб.: СПбУ, 2002. - С. 33-47.

Крестова С.А. Лексикографическое описание терминологической системы "лексикография". Диссертация кандидата филол наук. - Иваново, 2003. - 248 с.

Куликова И.С., Салмина Д.В. Введение в металингвистику (системный, лексикографический, коммуникативно-прагматический аспекты лингвистической терминологии). - СПб: САГА, 2002. - 352 с.

Қайдаров Ә., Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының даму тарихы, қазіргі жағдайы және міндеттер // Қазақ терминологиясының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1986. - Б. 9-30.

Қалиұлы Б. Сөздік // Қазақ тілі (энциклопедия). - Алматы, 1998. - Б. 354-355.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. - Алматы: Ғылым, 1998. - 208 б.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасы терминденуінің кезеңдік сипаты. - Астана: Елорда, 2002. - 184 б.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминографиясының мәселелері. // Ізденіс-Поиск, 2002.

Лейчик В.М., Дородных А.И. Некоторые принципы разработки терминологических словарей в свете тенденций к мировой интеграции. // Терминоведение. Под ред. Татаринова В.А. - М.: Московский лицей, 1996. - Вып. 1-3.

- С. 85-92.

Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктердің құрылымдық негіздері. - Алматы: Ғылым, 2002. - 368 б.

Малина З.М. Термины-фразеологизмы и русские словари. - М.: МГУ, 2000. - 76 с.

Марчук Ю.Н. Основы терминографии. - М.: ЦИИ МГУ, 1992. - 76 с.

Марчук Ю.Н. Основы компьютерной лингвистики. - М.: Изд-во МГОУ, 2002. - 236 с.

Михина И.И. Каким быть словарю? // Терминоведение. Под ред. Татарина В.А. - М.: Московский лицей, 1996. - Вып. 1-3. - С. 92-93.

Мусаев К.М. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. - М.: Наука, 1986. - С. 6-178.

Никитина С.Е. Тезаурус по теоретической и прикладной лингвистике. - М.: Наука, 1978.

Никитина С.Е. Тезаурус как способ описания и представления языка науки (на материале лингвистической терминологии). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. - М., 1983. - 18 с.

Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. - М.: Наука, 1987.

Новодранова В.Ф. Лексикографическое представление интернациональных терминологических элементов. // Терминоведение и профессиональная лингводидактика. Под ред. Татарина В.А. - М.: Московский лицей, 1993. - Вып. 2. - С. 3-12.

Палютина З.Р. Принципы построения терминологического тематического словаря. // Терминоведение. Под ред. Татарина В.А. - М.: Московский лицей, 1994. - Вып. 1-3. - С. 93-94.

Проблемы общей и учебной терминографии. // Терминоведение. Под ред. Татарина В.А. - М.: Московский лицей, 1996. - Вып. 1. - С. 56-85.

Прохорова В.Н. Русская терминология (Лексико-семантическое образование). - М.: МГУ, 1996. - 125 с.

Реформатский А.А. Мысли о терминологии // Современные проблемы русской терминологии - М.: На- ука, 1987. £ 197 с.

Рождественский Ю.В. Проблема тезауруса терминов общего среднего образования // Терминоведение. Под ред. Татарина В.А. - М.: Московский лицей, 1993. - Вып. 3. - С. 35-44.

Сарыбаев Ш.Ш. Казахская региональная лексикография. - Алматы: Наука, 1976. - 216 с.

Семенов А.Л. Проблемы формирования и лексикографического описания терминологии новейших предметных областей (На материалах терминосистем робототехники и маркетинга). Автореф. дис. канд. филол наук. - М., 1994. - 16 с.

Скороходько Э.Ф., Стогний А.А. Некоторые вопросы создания банка терминов: Лингвистический аспект // НТИ. Сер. 2. 1986. № 8.

Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. - М., 2003. - 245 с.

Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Терминологическая деятельность. - М., 1993. - 288 с.

Табанакова В.Д. Параметрические описания английских словарей. // Терминоведение. Под ред. Татарина В.А. - М.: Московский лицей, 1996. - Вып. 1-3. - С. 94-99.

Татарин В.А. История отечественного терминоведения. Классики терминоведения: Очерк и хрестоматия. - М: Московский лицей, 1994. - 408 с.

## СӨЗДІКТЕР

Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі. - Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 86 с.

Аманжолов К. Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. М., - Алматы, 1982.

Атаулар сөздігі. - Қызылорда, 1931.

Ахметов М. Тағам гигиенасы терминдерінің орысша- қазақша сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. - 240 б.

Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. - Алматы: Білім, 2002. - 504 б.

Гринев С.В. Исторический систематизированный словарь терминов терминоведения. - М.: МПУ, 2000. - 96 с.

Жолдасбеков Ө.А., Ахметов А.Қ. Қатты денелер механикасы терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. - Алматы: Өнер, 1997. - 88 б.

Ибраева А. Заң терминдерінің қазақ-орысша, орысша- қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі. - Алматы, 1996.

Қазақ тілінің терминдері. 1-кітап. Қазақстанның оқу ісін басқаратын комиссариатының жанындағы мемлекет термин комиссиясы (Термин комиссиясы мен Қазақстан оқу ісін басқаратын комиссариатының және қарап қолдануға ұйғарған терминдер, Қазақстан Халық Комиссарлары Советі негізінде бекіткен). - Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1936. - 99 б.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс.  
- Алматы: "Мектеп" ААҚ, 2001. - 480 б.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет. - Алматы: "Мектеп" ЖАҚ, 2002. - 252 б.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Биология.  
- Алматы: "Мектеп" ЖАҚ, 2002. - 336 б.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Геология.  
- Алматы: "Мектеп" ЖАҚ, 2003. - 248 б.

Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. - Алматы: Рауан, 2000. 31 томдық.

Қалиев Б., Күркебаев Ш. Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі. - Алматы: Рауан, 1996. - 33 б.

Пән сөздері. Құрастырған Қаратышқанов. - Қызылорда, 1927.

Машанов А., Әбдірахманов А., Садықов Ж. Геология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. - Алматы, 1960.

Мұртазин Б., Атымтаев Б., Телтаев Б. Жол шаруашылығы терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 104 б.

Нұрахметов Н.Н., Шаяхметов Ш.Ш. Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1992. - 192 б.

Орысша-қазақша терминологиялық сөздік. 12 томдық. Жалпы редакциясын басқарған С. Аманжолов. - Алматы: Қазмембаспа, 1959.

Словарь внешнеэкономических терминов (Сост. Жевлакова Т.В., Жумагулова В.И., Панова Л.А.) - Алматы: Дәуір, 1993. - 64 с.

Терминология сөздігі. 1-бөлім. Алматы, 1948.

Терминология сөздігі. 2-бөлім. Алматы, 1950.

Терминдер мен атаулар. Сөздік. - Алматы, 1990.

Тіл білімі сөздігі - Словарь по языкознанию. - Алматы: Ғылым, 1998. - 544б.



## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ .....	3
1. ҚАЗАҚ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ.....	6
1.1. Қазіргі қазақ терминографиясын зерттеу қажеттілігі.....	6
1.2. Қазақ терминографиясының жүйесі және оның зерттеу нысандары.....	15
1.3. Терминография және лексикография .....	27
2. ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	37
2.1. Терминологиялық сөздіктерде терминдерді беру тәсілдері.....	28
2.2. Терминологиялық сөздіктердің микроқұрылымы.....	46
3. ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ.....	56
3.1. Терминологиялық сөздіктердің топтастырылуы және түрлері.....	56
3.2. Қазақ терминографиясында ақпараттық сөздіктер жасау қажеттілігі.....	66
3.2.1. Қазіргі қазақ терминографиясындағы ақпараттық сөздіктердің маңыздылығы және олардың құрылымы.....	66
3.2.2. Семантикалық қатынас түрлерін анықтау - ақпараттық сөздіктердің негізгі құрылымы.....	74
3.2.3. Қазақ терминдерінің жиынтық мәліметі туралы.....	81

4. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	91
4.1. Терминологиялық сөздіктерді түзуде негізге алатын әдістемелік бағдарлар.....	91
4.2. Терминологиялық сөздіктер шығаруға қойылатын кейбір талаптар.....	99
4.3. Терминологиялық сөздіктердегі тілдердің орналасу ретінің маңызы.....	107
4.4. Терминологиялық сөздіктердегі терминдер қабаты.....	117
4.5. Терминологиялық сөздіктерді түзуге терминдерді сұрыптап Алудың қайнар көздері.....	123
4.6. Терминологиялық сөздіктер, оларды оқыту барысында пайдалану.....	131
5. ҚАЗАҚ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ .....	137
5.1. Қазақ терминографиясының бастау көздері .....	137
5.2. «Атаулар сөздігінің» құрылымдық ерекшеліктері.....	147
5.3. 1930-1940 жылдардағы қазақ терминографиясы.....	158
5.4. 1959-1962 жылғы шығарылған терминологиялық сөздіктер сериясының қазақ терминографиясының тарихындағы орны.....	167
5.5. 1990 жылдарға дейінгі және қазіргі қазақ терминографиясы.....	175
ҚОРЫТЫНДЫ.....	188
ӘДЕБИЕТТЕР.....	193
СӨЗДІКТЕР.....	202

Теруге берілген күні 23.11.2005 ж. Басуға қол қойылған күні 26.12.2005 ж.  
Қаріп түрі «KZ Times New RomanCyr ». Пішімі 60x84. Офсеттік қағазы.  
Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 13,0. Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс №2712.

Дизай, беттеу және басылым - «ІС-Сервис» ЖШС басылды. 010000,  
Астана қаласы.

Түптеу жұмыстары Қазақстан Республикасы «Атамұра  
корпорациясы»ЖШС-нің Полиграфкомбинатында жасалды, 050002,  
Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41-үй.